

АҚАДЫ СЕРІ



САЛ-СЕРИЛЕР



РУХАНИ
ЖАНГЫРУ



АҚАҢ СЕРДІ

I



Кекшетау сал-серілер кітапханасы



УДК 902/904

ББК 63.4

Ж 86

АҚАН СЕРІ

1-ші кітап

ISBN 978-601-7059-94-1

УДК 902/904

562048


ББК 63.4

Құрастыруышы жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек сінірген қайраткери
Жабал Ерғалиев.

«Рухани жанғыру» бағдарламасы бойынша Ақмола облыстық әкімдігінің қолдауымен «Сал-серілер» сериясымен шығарылып отырған «Ақан сері» атты алғашқы кітапқа қазақ халқы үшін аса қымбат және аса әспетті Ақан сері Қорамсаұлының өлеңдері айтыстары мен бір айтқан қымбат сездері топтастырылып беріліп отыр. Ақан серінің бай мұрасын кеңінен насихаттап, бүгінгі және келер ұрпаққа таныта тұсу мақсатын көздең отырған бұл жинақ көптің көңілінен шығар деген сенімдеміз.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-7059-94-1



© Жабал Ерғалиев, 2018



Ақан сері Қорамсаұлы
(1843-1913)



Aқан сері ауылдындағы ескерткіш




Көкшетау қаласындағы Ақан сері атындағы Мәдениет колледжі



Көкшетаудағы Құлагердің ескерткілігі



«Астана-Бурабай» жол бойындағы
Ақан сері Құлагеріне қойылған ескерткіш



Зерендідегі Балқадиша ескерткіші




Көкшетау қаласындағы Ақан сері атындағы
Мәдениет колледжінің алаңындағы ескерткіш





Кокшетау қаласындағы Ақан сері ескерткілі



Ақан серінің бейіті

Ақан сері Қорамсаұлы – қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Қекшетау облысының Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөл маңында 1843 жылды туып, сол ата мекеніндегі Бұлақ басы, Құлагер құдығы деген жерде дүние салған. Ақан сері алғашқыда ауыл молласынан саут ашып, сонсоң Қызылжардағы Уәли медресесінде (1856–1859) оқыған. Ақан сері алғашқы әйелі Бәтимадан Ыбан (Ыбырайым) есімді бір перзент көрген. Бәтима өлген соң Ұрқия атты қызға үйленіп, онымен ұзак отаспаған. Ақанның «Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия» деп басталатын өлеңі осы Ұрқияға арналған. Ақан өмірінде өшпес із қалдырған адам – Ақтоқты ұлу. Ақтоқтыға үйленуді тағдыр Ақанға жазбаған. Ақанның «Ақ көйлек», «Аужар», «Алтыбасар», «Ғашық жарға», «Тағрипың» деп аталатын терең сырлы, ғажайып сезімге толы әндері осы Ақтоқтыға арналған. Сал-серілік дәстүрді барша сән-салтанатымен ұстанған Ақан сері жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазыны жан серігі еткен. Мұндай өмір-салт оның әншілік-ақындық шабытына тұғыр болып, «Құлагер», «Манмангер», «Көкжендет», «Екі торы ат», «Алайкөк», «Тер қатқан» сияқты тамаша әндердің дүниеге келуіне себепші болған. Сондай-ақ, оның «Кекшетау», «Сырымбет», «Кербез сұлу» деп аталатын әндері туған жерге, өскен елге деген перзенттік махаббаттың жарқын айғағы. Ақан сері өз кезінде Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолак, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты ақын-әншілермен бастас болып, халықтың мәдени-рухани өміріне айрықша ықпал еткен.

Рухани жан дүниеміздің қымбат қазынасы

(Алғы сөз)

Казақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің терең ойлы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деп айта отырып, бүгінгі жаһандану заманында ұлттық мәдениетіміздің озық ұлгілерін іріктең алудың маңыздылығына айрықша мән берді.

Елбасының осы бағдарламалық мақаласының қоғамдық сананың жаңаша қалыптасуына зор ықпалы мен әсерін тигізіп отырғандығы да анық. Өз тәуелсіздігін орнықтырып әрі нығайып келе жатқан Қазақстанның әлемнің дамыған 30 мемлекеттінің қатарына ену мақсаты айқын болса, Елбасы ендігі арада «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деп ұлттық мәдениетіміздің біздің әлемдік аренада танымал болуымыздың қаншалықты маңыздылығын айқындай түсті.

Біз ұлттық мәдениетке осы тұрғыдан қарай отырып, Елбасының рухани жаңғыру бағытында алға тартып отырған өзекті мәселелерінің маңыздылығын жергілікті жерлерде терең сезіне отырып, «Рухани қазына» атты

бағдарлама жасап, соны жүзеге асыруға бар күшмүмкіндігімізді жұмылдырып жатырмыз.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Ақмола мен Көкшетау өнірлерінің этнографиясы, тарихы мен мәдениеті туралы жан-жақты мағлұмат беретін қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының бірінші томына облысымыздың киелі жерлері, тарихи оқиғалар өткен қасиетті орындары, табиғаттың өз жаратылышының ерекше ескерткіштері, ұлттық құнды мәдени мұралары енгізілді.

Қазір облысымызда «Ауыл кітапханасы – мәдени демалыс орталығы» атты жоба белсенді түрде жүзеге асырылып, бұл жобаға сәйкес «Ақмола облысындағы кітап-ханаларды жетілдіру» арнайы бағдарламасы жасалды. Сөйтіп, ендігі арада ауылдық кітапханаларды кезең-кезеңімен мәдениет пен білім берудің және бос уақытты тиімді өткізу орталықтарына айналдыруды көздел отырмыз. Қазіргі күні «Жаһандық медиа қеңістігіндегі кітапхана» жобасы да ойдағыдан жүзеге асырылып, ол қалың оқырмандардың үлкен сұранысына ие болып келеді.

Халқымыздың бай әдеби мұраларын бүтінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында ірі әдебиет зерттеушісі, академик, Кенес Одағының Батыры Мәлік Фабдуллиннің шығармаларының он бір томдығын баспадан шыгаруға қолдау жасадық. Сонымен бірге, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті жазушы, жерлесіміз Сәкен Жұнісовтің «Заманай мен Аманай» романын Лондонда ағылшын тіліне


аудартып, бұл талантты шығарманы да шет елдік оқырмандардың танысуларына мүмкіндік жасадық. Тағы бір айтарымыз сол, баспа жүзін көрген «Мәлік Габдуллин» және «Жер жаннаты Көкшетау» альбом кітаптары да руханияттымызға қосылған игілікті де күнды бір дүние болды.

Енді міне, осы «Рухани қазына» бағдарламасы аясында «Көкшетау сал-серілер кітапханасы» сериясымен Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Үбырай Сандыбайұлы (Үкілі Үбырай), Нұрмағанбет Баймырзаұлы (Балуан Шолак) және Иманжүсіп Құтпанұлы сынды қазақ халқы мәдениетінің ірі өкілдерінің бай мұраларын қалың оқырманға кезең-кезеңімен тарту еткелі отырмыз. Өйткені, біздің халқымыз сұлу да сымбатты Кербез Көкшешенің ежелден ән мен жырдың бесігі, сал-серілердің алтын мекені болғандығын әрдайым мақтаныш етіп келеді.

Қасиет дарып, құт қонған жер шоқтығы Көкшетау елінен сері Ақан мен сал Біржан, аспандағы аққуға үнін қосқан Үкілі Үбырай, жауырыны жерге тимеген балуан әрі ән өнерінің тамаша өкілі халқы Балуан Шолак деп атап кеткен Нұрмағанбет Баймырзаұлы, елінің азаттығы үшін күресіп өткен тамаша әнші ақын Иманжүсіп Құтпанұлы сияқты тағы да талай бір белгілі түлғалардың шыққандығы аян. Қандай заманалар өтседағы туған халқы өзінің хандары мен батырларын, билері мен шешендерін, ел басқарған көсемдерін, әншілері мен жырауларын ешқашан ұмытпады. Әсіресе, кең сахаралы дала төсін тамаша сұлу да майда әрі асқақ әуендеріне бөлеген сал-серілердің әндері

мен жырларын халық өлтірмей ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келді. Біз сол үрдіске сай алдағы уақытта да «Көкшетау сал-серілер кітапханасы» сериясын одан әрі жалғастырып, рухани жан дүниеміздің қымбат қазынасын Мәңгілік елдің мәңгілік ұрпақтары үшін мирас етіп қалдыра беруді ниет етіп отырмыз.

**Мәлік Мырзалин,
Ақмола облысының әкімі.**



Северо-Казахстанская
область приглашает

«АСТАНА КОНЦЕРТ»

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Ұшы, қыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Кекшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Кекшетау алаштың ақындығының да ордасында жер еді. Соңғы 50-60 жыл ішінде алты алашқа атағы шыққан ақындарымыздың бірталайы сол Кекшетаудың маңайында туып-өскен. «Кен сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай», екі аяқты адамның ділмәрі, улы тілді соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, үні зарлы Атығай соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері – осылардың бәрі сол күніренген Кекшениң маңайында туып-өскен ақындар. Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатын – Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен.

Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жүртқа жат, жұмбақ өмір. Сондықтан біз Ақанның алдымен өмірін жазып, онан соң сөздерін тексереміз.

Ақанның өмірі

Ақанның сүйегі – Орта жүз арғын ішінде қарауыл. Ұлы әкесі Қарауылда – нар шөккен Жарқынбай. Жарқынбайдың бір ұл, тоғыз қызы болған. Ұлы

Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып тәніріден немере тілейді. Сол тілектің артынан жалғыз ұлы Қорамсаның қосағы Жаңыл жүкті болып, одан ұл туады. Ұлдың атын Ақжігіт қояды. Біздің Ақанымыз осы. Ақан 1843 жылы Көкшетау қаласынан күнбатыс пен солтустік өрелігіне қарай 70 шакырым жердегі Қоскөл деген жерде туған. Ақанның әкесі Қорамса бай, саудагер адам болған. Ол маңайда ол кезде ақша ұстаған қазақ сол Қорамса болды. Әрі малға бай болса, әрі ақша болса, әрине, Қорамса елге қадірлі болмақшы.

Ақан 13 жасқа келгенше Бұқардан оқып қайтқан Құнту деген бір молдадан сабақ оқып жүреді. Бірақ біраз ес кіре бастаған соң, молданың балдыр-батпағына зерек Ақаның көңілі толмайды. Сейтіп, 13 жасында Ақан молдасымен бір шариғатқа таласып, «маған қарсы келдің» деп молдасы оны ұрған соң, «шыбыққа сүйенген шариғатынды ұрайын» дейді де, оқуыменен қоштасып кете барады. Осыдан былай Ақаның жалпақ жүртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бүлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшашау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында – бұлғақтаған үкі, қолында – домбыра, аузында – ән... Жігіттердің

бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Далаңы құңғерентіп Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп күрсінеді. Сүймese сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Шомат қожаның қызы Бәтиманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады. Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді. Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген итті алады. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көніл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты алашқа аты шыққан Құлагер тұседі.

Құлагер көбей – қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан. Жабағы тай күнінде Құлагер кез келген жерде, хатта, күртік үстінде өлген малдай серейіп үйықтай береді екен. Шөкетайдың ағасы Әбілторы сыншы Құлагерді тай күнінде тұлпар болады деп сынаған екен. Құлагер дөненінде қарауыл ішінде алдына қара салмай, сол Құлагерді Ақан сол күнде жұз сомға сатып алады. Бестісінде Құлагер Шабан асында дара келеді.

Бұдан bylай шет елдерге Ақан мен Құлагердің аты бірге шығады. Ақан қолында Құлагер Арқаның талай

зор астарында аузымен құс тістеген сан жүйріктерден озып жүреді. Арғын-Алтай Аққошқар-Сайдалының (Сайдалысының) асында Құлагер 300 аттан жеке-дара келеді. Бірақ сол аста бір көңілсіз әңгіме болып қалады. Құлагердің артынан Барақбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Белгі алуға шыққан Барақбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстанқырап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Барақбайға тілі тиеді. Осы уақиғадан Барақбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады.

Осылай Ақанның атағы талай жерге жайылып тұрған кезде мұның өмірінде бір өзгеріс болады. Желдей ұйытқыған серінің жүрегіне мін деуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айнып, қарауыл Тіналы қажының қызы Ұрқия сұлуға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алыш қашады. Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзақ отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүниеден қайтады. Жаның сүйген жар нажағайдай жарқ етіп дүние салса, жанға жеңіл жара бола ма? Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасіретке орала бастайды. Ұрқия өлген жетінің ішінде Ақанның жақсы көрген бір інісі өліп, қасірет үстіне қасірет жамалады. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы махаббат іздейді. Ақан айналып Ақтоқтыға келеді. Енді айналып иілгенде Ақтоқтының ұзатқалы жатқан шағы болады. Ақтоқты өкпесін айтып, разы еместігін білдіреді. Ақан қалайда Ақтоқтыны алмақ болады. Ақтоқтының беріліп отырған күйеуі ақсақ екен, қыздың көңілін күйеуден қайтару үшін Ақан сықақ қылыш үлы өлеңдер шығарады:

Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекеңе таққаныңа.
Бұдан артық құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа... –

деп, мысқыл қылады Ақан. Бірақ өкпесі күшті Ақтоқты бұрылмайды. Ақан танысып келе жатқан қызды жалғыз өзі Құлагерімен алып қашады. Қыз қалайда разы болмайтындығын айтқан соң, алдында келе жатқан қыздың сүбесіне сапыны сұғып алып, бір томардың қабағына тастап кетеді. Бірақ Ақтоқты тірі қалып, берілген күйеуіне барады. Ақанның жүрегінде махаббатта, ашу да күшейеді:

Ақтоқты, кеткенің бе шыныңменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басыңды Сарыміда кесіп алып,
Өмірімше даулассамшы құныңменен...
Дарияның қайраңындей қалқа бала,
Зарланып ән шырқаймын уайымменен, –

деп ашулы зар шығарады Ақан.

Ақан енді көңілін мал да болса жолбарыстай қолындағы Құлагерімен көтермекші болады. Құлагерді (тағы) астан асқа алып жүріп отырады. Ұрқия, Ақтоқты уақиғасына бір жыл шамасы болғанда, керей Сағынайдың асы болады. Ақан сол асқа Құлагерді қосады. 323 аттың алдында Құлагер жүлдyzдай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтіреді. Асқа жиылған құмырсқадай қалың ел шуылдасып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей

мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отырады. Күн былай тұрсын, тұн бойы күніреніп Құлагерінің, сандалкерінің еркесі, үркеккөрінің басын құшақтап отырады. Жан жолдасын қолымен өлтірген адамдай күйінеді. «Әлдеқайдағы Ерейменге неге алып келдім? Мал да болса, адамнан есті жануар-ай, шабуға жіберерде салбырап, басын тәмен салып, кәдімгідей көзінен жасы бүршактап тұрды-ау! Осы сұмдықтың боларын білген еken ғой еркеккөрім», – деп өкінеді. Керейдің игі жақсыларының өздері келіп, көңіл айтып, қол қусырып ауылға шақырғандарына жұбанбай, бармай, күніреніп, бір күн, бір тұн далада өлген еркесінің басында отырады. Сол отырғанда өзі мен сандалкеріне өлең шығарады:

Жануар Құлагерім қолдан кетті,
Дүшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, қанжығалы, керей, алтай,
Куандық, Сүйіндік боп намыс өтті.
Тамам жұрт көтермекке аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай маған нетті?
Жиыннан жеке келген тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дүшпан қағып өтті.
Қырмызы, қара құлпы қүйрығын-ай,
Суырылып топтан озған жүйрігім-ай.
Жеріне Ерейменнің, айдап келген,
Тәңірінің айналайын бүйрығын-ай... –

деп күніренеді Ақан.

Жараға жара қосылып, ауыр қасіретпен Ақан еліне қайтады. Тағдыр шіркін тас бауыр ғой, тап сол жылы Ақанның алғыр қыраны – Қараторғай, һәм Базарала

тазысы өледі. Қазақ: «Ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұнқардың қияғымен, сылдыр қаққан судың бойымен, алма мойын сұлудың қойынымен жұбанады», – дейді екен. Енді Ақанға өмірде жұбанарлық не қалды?.. Жаны сүйген жары Ұрқиядан өлі айырылған, «талай жерде тіліменен бал берген» Ақтоқтысынан тірі айырылған, тұлпарын көмген, сұнқары мен құмайы өлген, енді не қалды? Енді Ақанға тенізден терең ой қалды. Қорғасыннан ауыр, түннен қаранды қайғы қалды. Удан ашы қасірет қалды. Жасы да отыздың ішіне кіріп қалған. Өмірдің жайнаған гүлін көріп келген Ақан өз өмірінің бықсып, күйіп, күлге айналғанын көре бастайды...

Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен өзгеріс болады. Бұқарадан оқып, қайтып, Көкшетауда дәріс айтып тұрған, белгілі Науан қазіретке анда-санда барып, сабак алады. Дінге, сопылыққа беріледі. Хақ асығы дуанадай малдан, елден безіп, дінменен жан тазартуға кіріседі. Бұрын судай сұлу маҳаббатты жырлайтын Ақан сопылыққен жан тазарту жайын жырлай бастайды. ...Ақанда мынадай кенет ірі өзгеріс көрген соң, ел күнкіл қыла бастайды. Күнкілдің түбі Ақанға пері иеленіпті деген сөзге айналады. Шынында Ақанның құлқынын, істерінің жай адамның құлыш-істеріне үйлеспеуі мұндай сөздерді еріксіз шығаратындей.

Жаз шығып, жан-жануар қыбырлап, қалың ел қайта жайлауға көшкенде, Ақан сақау баласымен Қоскөлдің сыртындағы – Сарыкөлдің жағасындағы ағаш үйде жалғыз қалады. Қалың қамысты көл. Қою қалың, иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. Тұн болады. Жел шығады.

Кою қамыс зуылдайды, ішінде Ақан күніренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап, Ақанға қарайды да отырады... Күндіз де сол...

Ішуге де, дәретке де суды Сарықөлден ғана алады. Сарықөлдің суына тірі тышқан түсірмейді. Мінген атын да суармайды. Мал келе жатса, алдынан шығып, айдал жібереді. Ақан анда-санда жайлаудағы елді аралайды. Астындағы – жүзіктің көзінен өткендей жаратып тастаған бедеу. Екі жағында – екі сұлу ат. Қайда барса, бір елі қалмайды. Шақырса екеуі екі жақтан келіп, тізесіне иектерін сүйеп тұрады. Ақанның өзінен басқа тірі жанды маңдарына жолатпайды. Өздері – туғалы жүген-құрық кимеген шу асаяу. Ақан бір ауылға түссе, далаға барып оттап, Ақан аттанарда келеді. Ақан кез келген ауылға түс де бермейді. Қалың қарауылдың ішінде өзінің таңдал алған белгілі ордалары бар. Сол ордаларға ғана түсіп, солардың ғана асын ішіп, солардың ғана төсегіне жатады. Болмаса қазы-қартага бөлеп қойса да, кез келген үйге түспейді Ақан. Түсіп отырған үйінің ыдыс-аяғында кір, қыл көрсе, яки сол үйдің әйелінің бір былықтығын байқап қалса, пісіп тұрған дәмді тастап, рұқсат алышп, аттанып кете барады. Киімі кір адаммен отырғанда, тізелесіп те отырмайды. Төсегі кірлеу үй болса, үйге жатпай, далаға жатады. Жаз болса, көлдің жағасына барып, қыс болса, үюлі шөптің ішіне барып, кейде Алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. Жанды дінмен тазарту керек дейді. Ал енді, кейде, алланы ұмытқандай болып, дінін, намаз, оразасын – бәрін қойып кетеді.

Күні-тұні күңіреніп өлең жазады, ән шығарады.
Далада болсын, ауылдың жанында болсын, өзінің
зарлы сарынымен ән шырқайды.

Ақанның осы мінездерінің, осы істерінің бәрі жат,
бәрі жұмбак, бәрі ұғымсыз, ел не деуге де білмей
қалады. Жынды деп-ақ қояр еді, қалың қарауылда
Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім
бар? Ермін деген ерлер шеше алмаған түйінді Ақан
шешеді. Екі жақсы бас қосса, сөзді Ақан бастайды.
Қандай ұшынған дау болса да Ақан бітіреді. Ендеше,
Ақан – жынды емес. Оны мұсылман перісі иеленген
болар дейді жұрт. Күн-күн сайын осы сөз еседі.

Басында еміс-еміс боп, өлімсіреп туған өсек, барған
сайын бойы өсіп, бұғанасы қатып дәуірлей береді...
Ақан. Ерейменде Құлагердің басында түнеп отырғанда,
таң алдында салқыншалау жел шығады. Ақан
тоқазығандай болады, шерлі Ақан күңіреніп отыра
береді. Сол арада болар-болмас қобыздың қылын,
домбыраның ішегін шерткендей нәзік мұнды дауыс
жан-жаққа жайылғандай болады. Әлгідей болмайды,
жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай
бұрандаған, жүзіне кәдімгі айдың нұрындағы нұр
төгілген бір әйел шыға келеді. Ол келген мұсылман
перісінің ханының қызы екен. Адамзаттың еркесі Ақан
сері қалың шерге душар болған соң, ханының қызы ерке
сұлу Ақанды жұбату үшін желге мініп, ұшып келген
екен. Келіп жұбатады... Сол күннен былай Ақан мен
пері қундіз айырылып, түнде қосылатын болады...
Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен.
Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың

қонысы – Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен. Қорамсаның өзі де бірнеше күнде, айлап ешкімге тіл қатпай, үйден шықпай, бұқбанау жасап аулақ отырып алатыны бар екен. Сол уақытта оның пері жары келеді екен. Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінің өзі екен. Осылардың бәрі құр «екен» ғана емес, ап-анық нәрсе, көзбен көрген де кісі бар...

Шұнғырша қарауыл Әбіш деген жігіт күздікүні шөп шапқалы қыстауғабарып, інірдешошаладабалтақайрап отырады. Ортада от бықсып жатады. Шошаланың іші қара көлеңке. Бір мезгілде жел шыққандай, қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның жапырақтары сыбырлағандай, қораның төбесіне жапқан қамыстар судырлағандай, сырғауылдар сықырлағандай болады. Желмен ашылғандай ақырын ғана есік ашылып кетеді. Үйге үш әйел кіреді. Алдыңғысы денелі, ұлғайған бір бәйбіше; екіншісі – орта жастағы әйел; үшіншісі – талдай нәзік, талдырмаш бір қыз. Үшеуінің де жүзінен сорғалаған сәуле төгіліп тұрғандай. Киімдеріне көз тоқтамайды. Үшеуі де қолдарымен жүздерін тасалай бергендей. Келіп босағаға отырысады. Әбіш қалтырап, тоңғандай, тісі сақылдалап «құлқуалланы» оқи бастайды. Мұсылман пері құраннан қаша ма, үш әйел отыра береді. Біраздан соң бәйбіше сары інгендей ыңыранып, сөз бастайды. «Шырағым, Әбіш, танымаған соң, сен бізді жатсынып отырған шығарсың. Мен – Қорамса атаң үйіндегі шешеңмін. Мынау – Ақан ағаң үйіндегі жеңген, анау – менің кіші балам еді. Таза жүретін, мұсылман адамға беруге ойым бар еді. Үй-ішіміз

болып сені ұнатысып, саған қосқалы келіп отырмын», – дейді. Бәйбіше соңғы сөздерін айтқанда, сұлу қыз қағынған ақкудай күлімдеп, керіліп қояды. Әбіште құт жоқ, зәре жоқ. «Әлхямді құлқуалладан» қайран болмаған соң, Әбіш жандәрмен тізесінің астында жатқан балтаны ала ұмтылады. Сол уақытта үш әйел күбір-күбір сөйлескендегі болып, судырап үйден шыға жөнеледі. Әбіш оттың басында талып қалады. Есін жиған соң, аулына қайтып, ауруға айналып, өмір бойы шала естілеу болып қалады...

Жоқ жалғыз Әбіш емес, басқа да көрушілер болған. Ақанның қыстауының сыртындағы тоғайдан өткенде перілердің шулап, сақ-сақ күліп, ойнап жатқанын талайлар-ақ естіген. Шөбектің немересі Жаналы мырзаға да сол перілердің біреуі қара мысық болып келіпті-міс деседі. Бұл «еміс-емісті» қоя тұрып, Ақан ұйықтап жатқанда алысырақ тұрып қараса, әркім-ақ оның перімен жатқанын көруге болады. Ақан жатқанда көрпенің астында ылғи екеу болып жатады еken...

Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асыры Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айырылғанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақаннның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақаннның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге байлайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі – Ақаннның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу; таппаса да, шешпесе де сұлу.

Дұрыс, Ақанға пері иеленіпті деген сөзді әдейі таратушы, өлімсіреп туған өсекке әдейі жан беруші, жел берушілер де болған. Әсіресе, «қалың қарауылдың қыдыры орнаған ордасы – Шөбек балалары». Перғауынсыз Мұса бола ма? Бірақ Мұсаның өзі перғауынға соктықпаса, тиер ме еді? Тағы бірақ маңайындағы перғауындарға соқтықпаса, Мұса болар ма еді? Қарауылдың сөз білем деген ерлерін, әсіресе, көршісі – Шөбек балаларын Ақанға қас қылған – улы тілі. Шынында, Ақанның тіліндегі улы тіл сирек болар. Тиген жерін удай ойып жібереді-ay! Ақан бір жерде отырып, Шөбек немерелері туралы мынау өлеңді айтады:

Тас мұрынды – Бегалы,
Сар тоқалы Сердалы,
Іскен басы – Сералы,
Қотыр ауыз Мұқанәлі,
Көнтек ауыз Нұралы,
Бос сопағы – Баялы,
Ералы, Жаналы, Сайдалы –
Сауытбектің сарала иті сықылды,
Ененді ұрайынның балалары...
Боқтыбай айтқандай, пәлі-пәлі...

Мынадай сөзді есітіп отырып, Шөбектің көп баласы қалай намыстанбас, қалай Ақанды қорлап, өсек таратпас?..

Қысқасы, Ақан туралы өсектің тарап кетуіне алдымен оның мінезінің жаттығы себеп болса, екіншіден, оның аңы тілі де қосымша болған. Қалайда, қазақ баласының шешені, сөз тапқыры Ақанға ешкім – досы да, қасы да – бетіне келіп, ісің жат-ay, саған пері иеленіпті деген сөз

бар деп айтуға бата алмаған. Достары түгіл, қастары да алдында «Ақан аға» деп жорғалайды екен.

Осылай жұмбақ өмірмен Ақан елуге таялып келе жатады. Сұлу өмір жарқ етіп, нажағайдай өте шыққан. Өткен күн қиял туғызған ертегі сықылды. Көп ішінде көпке ұқсамайтын бір өзі, көп ішінде жалғыз. Қалың қарауылдың ішінде жанын ұққан жан жоқ. Жұбатарлық досы жоқ, жаралы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқайда бетпақ шөл, бетпақ шөлде жалғыз жол. Сол жолменен жалғыз жан табанын тасқа тілдіріп, мандағын күнге күйдіріп кетіп бара жатқандай. Қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, не үшін бара жатқанын өзі білмейді. Тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ. Түннен қаранды, қорғасыннан ауыр ой ғана бар.

Осындай күйде келе жатқан Ақан кәріліктің босағасынан бұрылып кетіп, қайтадан өмірдің сұлу жолына түспек болады. Оймен ойланып сөмген қайғының қары қарып сөнген жүрек тағы тіріле бастайды. Елу жыл жасап, талай күйіп, күл болған, талай талып, есін жиған жүрек тағы отқа, махаббатқа, жарға ұмтыла бастайды.

Махаббат ізден тағы аласұрып, шарқ ұрады. Қанды көз қыран қияға қонып, қиянға қарай бастайды. Қалың қарауылдың ішінде аты ауыздан түспейтін үш ару бар. Шебектің немересі Ұрқия, аға сұлтан Шыңғыстың немере қарындасы, Абылай тұқымынан Жүсіп төренің қызы – Жамал. Сұлулыққа қырағы Ақан үш сұлуды қиядан көреді де, қанатын қағынады. Жүйрік жүрек үш аруға да шенгел салғысы келеді. Үзілген үміт жалғанғандай болып, Ақан тағы махаббатты жырлай

бастайды. Үш аруға «Үш тоты» деп ат қойып, өлең шығарады. Бірақ бір нәрсеге байланбай жүрек тұра алмақ емес. Біраздан соң Ақан үш арудың біреуіне ауа бастайды. Ол ауғаны – Жамал. Жамал он алты жаста-ақ. Жібек желден жаратылғандай ару, Жиреншеден тәлім алғандай шешен, Едігеден бата алғандай данышпан. Қалайда Ақан Жамалды осылай сипаттайтыды. Осы жас Жамалға Ақанның жүргегі байлана береді. Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, құлден кебін кимей тоқтай ма, Ақан бара-бара жас Жамалды біржола берік сүйеді. «Үш тотының» ішінен «қалқа бала» деп Жамалды бөліп алады. Бұл сүйгенін:

Кыздарды мен не қылам-сылам?

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?

Жаңартқан өмірімді қалқа бала,

Басы – жым, ортасы – мим, аяғы – ләм, –

деп жүртқа өзі жария қылады. Кірсіз маhabbat көптің көңілін не қылсын?!

Өмірде екі сую болмайды дейді жүрт. Жүрт не демейді? Өзіндей болмағаны үшін Ақанды «пері соққан» дейді. Жүрт аспанға өрлеген жүйрік жүректі мойнына құрық түссе, құлағы салпиып тұра қалатын мұжықтың мәстегі болсын дейді. Жүрт желден жүйрік жүрекке мойныңа түскен бұғалықтан бұлқынып шығам деуші болма деп, шіріп қалған шындықтан сабақ береді. Жүйрік жел үшпай тұра ала ма? Жүйрік жүрек қүшпай тұра ала ма? Жүрек суюі болмаса, салқын, бос қуысқа айналмай ма?! Жаһанда жалғыз мәңгі нәрсе маhabbat емес пе, өлген маhabbat екінші түрде, екінші түсте қайта тірілмек емес пе?!

Ендеше, Ұрқияны сүйген Ақанның Ұрқия өліп, көп жыл өткен соң Жамалды суюінде де ешбір таң нәрсе жоқ. Кім біледі, Ақан жас Жамалда тіріліп келген Ұрқияны көрген шығар... Қалайда, Ақаннның Жамалды суюі барған сайын арта береді. Жасы елуден асып, кәрілікке барып қалған Ақан іштен сүйіп, іштен күйеді. Бастап, сырттан өлең шығарып жүргені болмаса, Жамалдың өзіне білдірмейді. Екі жастың арасы қыс пен жаздай болған соң, бұл сүюдің пайдасыз екенін ойлап күйінеді. Жамал жүректі құр өртейтін әйел болып туғанша, ұл болып неге тумады екен деп назаланады.

Тал бойың Құлагердің сағағындай,
Тамағың піскен алма сабағындай.
Қаз мойын, мөлдіреген қарақат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.
Ішінде өз жұртыңың еркелейсің,
Айдынның ақ қайраны, шабағындай.
Осынша жүргегімді жандырғанша,
Ұл боп тусаң не етеді, қарағым-ай?.. –

дейді Ақан. Бірақ қалың оттай жүректе заулаған махаббат сыртқа шықпай тұра алмайды. Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ қой: өлім һәм махаббат. Адам өзгені айналып өтсе де, өлім мен махаббатты айналып өте алмақ емес. Ақан өзін қанша тыймақшы болса да, сол күшті махаббаттың күйдіруімен өзіне-өзі ие бола алмай, сүйгенін ақыры Жамалға білдіреді:

Бұраң бел, жазық мандай, сүмбілден шаш,
Тартылған бойың сымдай, қылған қас.
Ақ жүзің түстік жерден көрінеді,
Секілді жарқырайсың бриллиант тас.

Сипатың жұмақтағы Хорылғайын,
 Көрген жан жамалыңа болады мас.
 Сайраған қапастағы тоты құссын,
 Білмейді қадірінді бұл күнгі жас.
 Айтуға тура түйреп жасың кіші,
 Сыртыңдан иемдеймін, ей, қарындас.
 Тау-тасты шабыт қылған ақыықтын,
 Болмайды сені ойласам ішкенім ас.
 Жорытқан тұс секілді жіберейін,
 Бұл сөздің пайымын біл де, тұндігін аш...
 Алдына далбай тастап шырғаладым,
 Шабытқа келе алмасаң, қылғаның қас, –

деп жазады Ақан. Бір ғана емес, көп жазады. Желдей екпінді албырт жастай, өрт болып жанған жүректен шыққан жалынды өлеңдер жазады. Бірақ қанша есті болғанымен, жас Жамал Ақанның жанын қайдан ұға алсын?! Оның сүттен таза махаббатына қайдан баға бере алсын? Кім біледі, баға берген де шығар-ау, бірақ жүрттың сөзін аттап өтіп, елуден асқан адаммен қалай өмірін қоса алсын. «Қара қазақтың, жабайы адамның қызы болса, бір сәрі. Жүсіп төренің қызы мұны істесе, біткен төренің сүйегіне таңба емес пе?» Қалайда, Жамал Ақанға жылы жауап бермейді. Жамалдың бұл мінезі Ақанның өзегін тіпті өртейді. Махаббаты бұрынғыдан мың есе күшінеді. Ақан – Жамал маған жылы жауап бермеген екен деп өкпелеп, ғашықтығын тоқтатпайды. Шынында, ғашықтық деген алып-салмалы қолдағы нәрсе емес қой. Жамалдың суюін білдірмеуіне көзі жеткен соң, Ақан іштен сүйіп, іштен күюге айналады. Күн-түн күніреніп өлең шығарады. Эн

шығарады. Ақанның Жамалға қатты ғашық екендігі, оған арнап ылғи өлең, эн шығаратындығы, Жамалдың ол ғашықтыққа ілтифат қылмауы жүртқа жайылып кетеді. Замандастары ұшырасқан жерде мысқыл қылынқырайды. «Ақан-ау, қыз саған мойнын бүрмайды, осы ғашықтықтан не пайда?» – деседі екен.

Осындай сөздерге Ақан: «Мениң ғашық болуым үшін оның ғашық болуы шарт па екен, ғашықтық бір нәрсеге байланып жүре ме екен?» – дейді екен. Ғашықтықты дұрыс ұғы деген осы болады ғой. Не керек, жоғалтқан тәнірісін кәрілік босағасында қайта тапқан Ақан, сол тәніріге таза ниетті құл болып табынуға арланбайды, қажымайды. Сүюден-куюден, кундіз-түні құнғреніп махаббатты толғаудан талмайды. Барған сайын махаббат терендей берді. Сөйтіп жүргенде жас Жамалдың ұзатылатын шағы болып қалады. Жамал ұзатылады. Алыстан көрінсе де, көңілге медеу болып жүрген Жамал енді жоғалады. Мал берген жабайы күйеу сұлу Жамалдыменшікепалуға келген. Ойын-той, айдынның қара толқындары арасында қанаты сынып, құс төресі – аққу отыр. Ақку әлдекайда алыста алтын сәуле көреді. Ескі күші есіне түсіп ұмтылады, қағынады. Көтеріліп кетуге дәрмен жоқ. Жырлайды да, жылайды; жылайды да, жырлайды. Алыстағы алтын сәуле оған ілтифат қылмай, созылып, күлімдеп өз жолына бара жатыр. Соңғы минут, сәуле жоғалып барады. Тұңғық айдын. Құтырған толқын. Жаралы ақку. Қалған барлық күшін жиып ұмтылады, пайда жоқ, толқын күшегендей. Хал біткендей. Сәуле сөніп бара жатыр. Енді Аққудың аузынан жыр төгіледі. Мұнды үн құйылады: өлім

менен өмірдің үні. Үзіліп бара жатқан жүректің жыры... Жамал ұзатылардағы Ақанның шығарған «Сырымбет» әні – сол өліп бара жатқан құс төресі ақкудың әні. Біздің зарлы әндеріміз көп. Бірақ «Сырымбеттей» терең зарлы ән сирек болар. Жердің жүзіндегі мұн, адам баласының барлық зары сол «Сырымбетке» жиналғандай. Жамал ұзатылатын күндерде Ақан күндіз-түні күніреніп, «Сырымбетін» шырқайды да жүреді. Ақан түндерде «Сырымбетті» шырқағанда, кім ғана жыламаған, қалың қарауыл жылаған. Жас пен көрі жылаған, әсіресе, нәзік жанды жас Жамал жылаған.

Аулың қонған Сырымбет саласына,
 Гашық болдым ақсұңқар баласына
 А-а-а-ау, сәулем!
 Қарындас-ау, енді есен бол...
 Бидайыққа лайық қалқа бала,
 Бектергіге қор болып баrasың да...
 Аулың қонған Сырымбет саласына,
 Гашық болдым ақсұңқар баласына.
 Дариға, қайрылмадың, қалқа бала,
 Жүректің енді ем жоқ қой жарасына...
 Алтын қайық жарасар күймесімен,
 Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.
 Қоскөл жаққа таныса киіп барған,
 Бешпетінді бер, қалқа, түймесімен.
 А-а-а... сәулем.
 Қарындас-ау, енді есен бол...


Сырымбет тауы – Жамалдың әкесі Жүсіп төренің қонысы. Ақанның Жамалға ғашықтығын жүйрік

жүректің соңғы соғылуы, «Сырымбетті» Ақан жырларының ең соңғы сұлу жыры деуге болады. Жамал ұзатылған соң, Ақан тұнғиық қайғысын құшактап, қалың елдің ішінде жалғыз қалады. Ақанның мұнды соңғы өмірі гүлсіз, үнсіз, жырсыз, түрсіз өмірге айналады. Бұрынғы жат мінездері тіпті жат, ұғымсыз түрге кіреді. Бірақ, дариға, жүйрік жүректің қайғымен жылынып, сөнгенін, терең жанның оймен уланып өлгенін кім үққан?!

Ақан алпыстан асқан кезде қазақ даласында қарашекпендердің қаптап келіп жатқанын айқын көріп, жақсы жерінен айрылған соң, елдің кедей болғандығын, елдің алды қараңғы екендігін жырлай бастайды. Әсіресе, қарашекпендер Ақанның ата мекені Қоскөлдің желкесіндегі Сарықөлге қол салғанда, Ақан ылғи жүректен шығатын жырларымен қазақтың жерін жоқтай бастайды. Ақанның соңғы өмірі жырмен жер жоқтауға, Сарықөлді іздеуге жұмсалған деуге болады. Бірақ қанша ізденсе де, Көкшетау мен Қоскөлдің арасын жүре-жүре жол қылса да, Сарықөлді өзіне қалдыра алмаған, Сарықөлге мұжық қаласы түскен. Туған жері мұжыққа кеткен соң, Ақан 50 шақырым жердегі Сасыққөлдегі бір күйеуіне көшіп барады. Сол күйеуінің қолында алты алашқа аты шыққан Ақан сері сұлу жырларымен, зарлы әндерімен, әсіресе басқа адамға үйлеспейтін жат мінездерімен аты шыққан Ақан ауырып, жетпіс жасында, 1913 жылы дүниеден қайтады. Сөйтіп, аласұрған үшқыр жан, шарқ ұрған жүрек, жабайы жүртқа ұғымсыз, жат мінезді ірі жүрек, сұлулық іздел, өмір бойы от болып заулап жанған жүрек мәңгі мұзға айналады...

Ақанның жат мінездерін, өмір бойы тәңірі көріп сұлулыққа табынуын көз алдыма алып келсем, менің есіме Англияның ақыны Оскар Уайлд келіп түседі. Оскар өмір бойы сұлулықты жырлаған, жалпы жұрттан сері деген лақап алған. Жұрт оны да сері деген. Сол серілігі үшін абақтыға жапқан... Ақан да сұлулыққа табынған. Алты алаштан сері деген ат алған... Бірақ Ақаның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақаның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сол сұлулыққа табынудан туған мұң мен зар. Егер Ақан Оскар Уайлдтай өнерлі елдің ішінде туса... бұл тілекке жауап табу қыын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң, еліңнің заулаған оттай баяғысы, қап-қара тұндей кешегісі, жалпылдаған жынданай бүгінгісі, қара тұман келешегі көз алдына келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күніреніп отырған Ақан серінің қасіретіндей жанынды терең қасірет билеп алып кетеді...

**(Мағжан Жұмабаев шығармалары:
Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер.
Алматы «Жазушы», 1989 жыл).**



ӨЛЕҢДЕР

Сырымбет

Ауылың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұнқар баласына.
Бидайықта лайық қалқа бала,
Бөктергіге жем болып баrasың да...

Ауылың қонған Сырымбет жел жағына,
Артық туған бала едің ел бағына.
Лашын құсқа лайық қалқа бала,
Бөктергінің іліндің тырнағына.

Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бүлбүл құс сүймесімен.
Қоскөл жаққа таныса киіп барған
Бешпетінді бер, қалқа, түймесімен.

Көкшетау

Көкшетаудың биігі,
Бауырында ойнар киігі.
Ғашық болған Қаракөз,
Қашан тарқар күйігі?

Қайырмасы:
Ау-ей, Қаракөз,

Сен жұбайым,
Қалдың-ау кейін,
Мен не дейін?..

Көкшетаудың басында,
Қалқам тұрса қасымда.
Артық туған бала едің
Ғашық болған жасымда.

Қайырмасы:
Ау-ей, Қаракөз,
Сен жұбайым,
Қалдың-ау кейін,
Мен не дейін?..

Балқадиша

Қызы едің Үбекенің, Балқадиша,
Бұралған белің нәзік тал, Қадиша.
Жиналған осы тойға қалың қыздың,
Ішінде қара басың – хан Қадиша.

Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Боларсың біздің сөзге зар, Қадиша.
Бұландалап асай тайдай жүрген басың,
Боларсың қандай жанға жар, Қадиша.

Баласы Үбекенің, бал Қадиша,
Есілді өрлей біткен тал, Қадиша.
Женгеніз қайтайық деп асығып тұр,
Рұқсат бізден сізге, бар, Қадиша!

Перизат

Ғизатлу жаздым сәлем перизатқа,
Қимаймын сені, қалқам, басқа жатқа.
Аршын төс, алма мойын, ей, перизат,
Оқыңыз зейін салып осы хатқа.

Перизат, хат жазамын саған қастап,
Қолыма қара сия, қалам ұстап.
Мойнында жібек арқан сөзім болсын,
Жүрменіз сол арқанды шешіп тастап.

Нәзікгүл

Нәзікгүл, дөртке дауа айтқанда атын,
Жаралған перизатым, асыл затым.
Әр түрлі қылықтарың ойға түссе,
Жиылған бар денеме қасіретің.

Қарағым, етің аппақ аялаған,
Қаршыға өзен суды жағалаған.
Тауындей Баянауыл мұнарланған,
Жұз жылқы көлеңкенде саялаған.

Келмейді қара шашың тарақтауға,
Көнбейді бала бүркіт балақтауға.
Дарияның ортасында сіз – бәйтерек,
Біз келдік бұтағына қонақтауға.

Қалқа бала

Шығушы ең кеш болғанда көлдененде,
Жеріне уәде айтқан қолың сермеп.
Кешігіп көп айналып қалды ма деп,
Келемін өзен сумен томарды өрлеп.
Жеріңе уағда еткен жетіп, қалқа,
Мойныңа қолымды арттым тілің бер деп.
Көлбенде көрінгенге тұра берсөң,
Кетпей ме айдалаға есіл еңбек?!
Келгенде қызы он беске қызыл түлкі,
Шақырар бозбаланы келсең кел деп.

Ақтоқты

Бұл жерде Сырымбеттей тау бар ма еken,
Малға жай Жекекөлдей қау бар ма еken?!
Селт етіп оң қабағым көтерілді,
Көңлімді қалқам келіп аулар ма еken?

Ақтоқты, бәрекелді, тапқаныңа,
Шекене үкіден шоқ таққаныңа.
Құдайдан бұдан артық не тілейсің?
Түсіпті шолақ қасқыр қапқаныңа.

Ақтоқты кеткенің бе шыныңменен,
Тар жерде бал беруші ең тіліңменен.
Дарияның қайранындағы қалқа бала,
Зарланып ән шырқасам мұңым терен.

Ақтоқтының сипаты

Ой, қалқа, тілің тәтті, лебің балдай,
 Қалам қас, ителгі көз, жазық мандай.
 Түсінде Бағлан патша ғашық болып,
 Секілді сүйген сұлу Күләндамдай.
 Ойладым ғашықтыққа жарай ма деп,
 Ішінде жанған оттың күйген жандай.
 Жүсіптей Жақыпұлы зындандағы
 Тұрамыз қасіретіңе біз де жылай.
 Қыпша бел бәйге кердің жарауындей,
 Кекілің тоты құстың тарауындей.
 Қайырылып өзінді аңсап келген шакта,
 Жаутаң көз аксұңқардың қарауындей.
 Қор болып бір жаманға барғаныңша,
 Еркек боп тусаң етті, қарағым-ай!

Ақтоқтыға (Әні бар)

Ақтоқты шашың жібек, жүзің айдай,
 Адамзат сипатыңа таң қалғандай!
 Әлемнен таңдал алған жан сәүлемсің,
 Тілекті жеткізейін, қапы қалмай.
 Қара арба мінгенің күймелеген,
 Ақ көйлек үстіндегі түймелеген.
 Жарасар үстіндегі барқыт камзол,
 Тігісін машинамен бүрмелеген.
 Ілем деп лашың құстай жүргенімде,
 Қөлденең жамандар кеп кимелеген.

Ақыл, көркі парапар жан болмаса,
 Жаманды сүйемісің тен келмеген?!
 Жастықта надандарға мойындаپ қап,
 Түбінде қасірет тартып күйме деген.
 Жамандар өз басын ап жүре алмайды,
 Жамандық үсті-үстіне үймелеген.
 Оралдың ақиығы аңға тартқан,
 Шолпанның жұлдызындаі таңға тартқан.
 Жамбы мен алтын балдақ жарқыраған
 Секілді Үргеніште ханға тартқан...

Ақтоқтының зары

Шошимын шымылдықтың құруынан,
 Жеңгемнің маған қарап тұруынан.
 Жұртыма мен риза болар едім,
 Құтқарса бектергінің құрығынан.

Коскөлге құсым салып қиялаймын,
 Қолымда көк орамал, биалайым.
 Ішімді қайғы оты қүйдіреді,
 Несіне айттар сөзден ұялайын.

Кеткениң бе, Ақтоқты?
 Айрылдым сенен, сәулем, жылай-жылай,
 Не болар енді күнім бұдан былай?
 Айырылып, амандастып қалғанымша,
 Одан да кәріп жанға өлім оңай.

Кім айтар мақтауынды мендей қылып,
Тартылған телеграмы сымдай қылып.
Жаманға қор қылғанша қарағымды,
Күшала берсең етті удай қылып.

Қыз қайда енді, сәулем, нағыз-ау жар
Көңілім осы күнде болды нашар.
Қай топқа, қайда барып сияр басым,
Ой қалқа, бір сен едің көніл ашар.

Ақтоқты, кеткенің бе шыныңменен,
Тар жерде бал беруші ең тіліңменен.
Сарымида басынды кесіп алып,
Даулассам-шы өмірде құныңменен.
Дарияның қайраңындей, қалқа бала,
Зарланып ән шырқадым үнімменен.

Бұл жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,
Малға жай Жеке көлдей су бар ма екен.
Селт етіп оң қабағым көтерілді,
Көңілімді қалқам келіп аулар ма екен?

Ақтоқтыға айтқан аужары

Кеткенің бе, Ақтоқты, шыныңменен, жар-жар,
Талай мейіз беруші ең тіліңменен, жар-жар!
Алышқан қол бар еді, айтысқан серт, жар-жар,
Ант етіп ең айрылмас денеңменен, жар-жар.

Кеткенің бе, Ақтоқты, шыныңменен, жар-жар,
Алтын сапы асындым қыныңменен, жар-жар.

Ғашық болған көнілім, асылзада, жар-жар,
Жатсам ұйқым келмейді түніменен, жар-жар.

Кеткениң бе, Ақтоқты, шыныңменен, жар-жар,
Талай жауап айтушы ең сырыңменен, жар-жар.
Асып туған құрбынан, тоты құсым, жар-жар,
Ән шырқайын азырақ үнімменен, жар-жар.

Дін мұсылман естіген Қорылғайын, жар-жар,
Қытай, шұршіт, қалипа, үрімменен, жар-жар.
Таңмен қайтқан жұлдыздай дәуірің аз, жар-жар,
Өте шықты дәрежен дүрілдеген, жар-жар.

Тәңірі бұйрық қылмады, шара нешік, жар-жар,
Бұ дүниеде пенде жоқ сүрінбеген, жар-жар.
Ақ қайраны мұхиттың сықылданып, жар-жар,
Біздің қармақ бұйрықсыз ілінбеген, жар-жар.

Таң мезгілде шығушы ең шұбаландап, жар-жар,
Жарық қылып дүниені нұрыңменен, жар-жар.
Бағы иран гүліндей түрленуші ең, жар-жар,
Қара көзге көрініп түріңменен, жар-жар.

Заманында үш тоты атанып ең, жар-жар,
Тым болмаса жүрмедім біріңменен, жар-жар.
Көптен жалғыз барасың аздай болып, жар-жар,
Жылағаның батады наздай болып, жар-жар.

Құрбың үшін жылаған замандасым, жар-жар,
Сан тобынан адасқан қаздай болып, жар-жар.

Қасың қара қаламның сиясынан, жар-жар,
Қолың нәзік таулардың миясынан, жар-жар-ай!

Көгілдірі аққудың сықылданып, жар-жар,
Қайтқан құстай боздайсың ұясынан, жар-жар-ай!
Жібек шәлі басыңа ораушы едің, жар-жар,
Жұпар құйып, шашынды тараушы едің, жар-жар.

Барқыт бешпет, көйлегің материя, жар-жар,
Оқаменен әр сайын қынаушы едің, жар-жар!
Әз үйіңе патсадай қарындасым, жар-жар,
Шәһизада басынды балаушы едім, жар-жар!

Күміс тұрман, алтынды ер, боз жорғамен, жар-жар,
Қырық ауылды көшінді жанаушы едім, жар-жар.
Лағыл сырға құлаққа ілуші едің, жар-жар,
Барлық қыздың туындағы асыл еркем, жар-жар.

Тамашаға сайрандал жүруші едің, жар-жар,
Жүруші едің құлаққа інжу тағып, жар-жар.
Тамашаңа барушы ем күнде бағып, жар-жар,
Торғын мәнер, шимайлыш орамалың, жар-жар.

Қарақаттай көзіңнен жастар ағып, жар-жар,
Көнілдіге тұс болмай асыл зада, жар-жар.
Көндігесің жаманға енді нағып, жар-жар,
Күміс тұрман салушы ең мініп жорға, жар-жар!

Гауһар кәмәр белінді буған шақта, жар-жар,
Ұқсаймын деп ойлаушы ең Ғайн қорға, жар-жар.

Өз үйіңе патсадай замандастым, жар-жар,
Ақ сұнқар құс сықылды түскен торға, жар-жар!

Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа, жар-жар,
Бұрама шоқ шекене таққаныңа, жар-жар!
Бұдан артық күдайдан не сұрайсың, жар-жар,
Корқау қасқыр түсіпті қақпаныңа, жар-жар!

Ұрқияжан

Ұрқия, шашың жібек, қанжар қасын,
Көрінер тамағыңдан ішкен асын.
Жаманға сені қор ғып кия алмаспын,
Тірлікте аман болса ғазиз басым.

Күмістей он саусағың тартқан сымға,
Құрайын тұзагымды тартып жымға.
Құрысын Ақан атым, жете алмасам,
Кор кылсам қапияда сені сүмға.

Айырар асылзада жігіт парқын,
Жүрекке жара салдың, қалқам, алтын.
Махаббат екеумізде қайнаған су,
Ішімді жандырады, сыртым салқын.



Ұрқиядан айырылғанда

Мен саған Ұрқияжан, болдым ғашық,
Ойласам жүре алмаймын қадам басып.
Бір күн бе, екі күн бе мен айырылдым,
Қалам ғой жалғызырап енді жасып.

Серігім, мәңгілікке жан жолдасым,
Қылған айдай сұлу қара қасың.
Лепіріп жүрек шіркін тасып еді,
Білмеймін кез боларын қандай нәсіп.

Ұрқияға айтқан аужары

Ақку кетіп, көлдердің қазы қалды, жар-жар-ай,
Қысы кетіп, мешіннің жазы қалды, жар-жар-ай.
Біраз назым тотыға айтпай болмас,
Көбі кетіп, дәуреннің азы қалды, жар-жар-ай.

Түйін болып көніліме кетеді ғой, жар-жар-ай,
Бір айтатын асылдың назы қалды, жар-жар-ай.
Кеше туған жас қызды шалдар алды, жар-жар-ай,
Қолғанатын он төрттен кеші қалды, жар-жар-ай.

Толғанатын оларда несі қалды, жар-жар-ай.
Ғашықтықтың қыйсабы асып еді,
Ескеретін қалқаның несі қалды, жар-жар-ай.
Қалам алған бұлбұлың біз бір қия, жар-жар-ай.

Жібересің сұлуды кімге қия, жар-жар-ай.
 Ақ қағаздың бетіне тарттым сия, жар-жар-ай,
 Мәликедей ақ жарқын жан едіңіз, жар-жар-ай,
 Кетемісің осымен Ұрқия, жар-жар-ай,

Бұл жалғанда елімнен кетпес деуші ем, жар-жар-ай,
 Енді құрбым, есен бол, уа, дарига, жар-жар-ай.
 Жібектей оратылған қолаң шашың, жар-жар-ай,
 Қылған қандай сұлу екі қасың, жар-жар-ай.

Ләззат пен сұлу көркем бәрі бірдей,
 Қай затқа бағаланаң сенің басың, жар-жар-ай,
 Ақ көйлектің жағасын ырға тартқан, жар-жар-ай,
 Машинамен қандай қып шырға тартқан, жар-жар-ай.

Көп қыздардың ішінде тоты дана, жар-жар-ай,
 Қия жүзі асылдың қорға тартқан, жар-жар-ай.
 Ақманадай, қарақат көз, сүйген сәулем,
 Секілді нәзік белің сымға тартқан, жар-жар-ай.

Көлбендең дәл алдынан өткенің бе,
 Бағалы жүйрік аттай сыйға тартқан, жар-жар-ай.
 Бар назымды жеткіздім бір өзіңе, жар-жар-ай,
 Білесің жазылғанын қандай қаттан, жар-жар-ай.

Аужар-ай

Мен сері домбырамды қолға алайын,
 Тап басып қырғауылдай жорғалайын, жар-жар-ай.
 Тойыңа бұлбұлдайын кез келген соң,
 Азырақ ағызайын тілдің майын...

Жылтырап екі көзің шоқтай болып,
 Жылағаның батып түр оттай болып.
 Елің үшің еңреген қарындастым,
 Сан тобынан айырылған лақтай болып.

Құс ұшады өзінің ұясынан,
 Жартастың жарып салған қиясынан, жар-жар-ай.
 Аққудың көгілдірі секілденіп,
 Қайтқан қаздай боздайсың ұясынан.

Қыздар мұңлық айырылған құрдасынан,
 Әзіл айтып, тең өскен құрбысынан.
 Бос қалғанға ұқсайды алтын бегі
 Күміс құйрық, қара көз жорғасынан.

Кім көтерер назанды баяғыдай,
 Қор боларсың көңілің соған тынбай.
 Құлын-тайдай еркелеп жүрген басың,
 Іздесен де дәурен жоқ бұрынғыдай.

Тізген меруерт секілді отыз тісің,
 Оңға бассын, шырағым, әрбір ісің, жар-жар-ай.
 Құзгі күнгі ақкудай қанат қомдап,
 Мекеніңе ұшуға отырмысың?

Жарасар келбетіңе сүмбіл шашың,
 Қылған сымдай болып екі қасың.
 Сарының малы түгіл басы жетпес,
 Сексен қол, қырық кәнизак сенің бесің,
 жар-жар-ай!

Үн дегенде бойымды дуалады,
 Бұқарды— су, Қиуаны— құм алады.
 Құры кетіп, Қоскөлдің қазы қалды,
 Қысы кетіп, мешіннің жазы қалды,
 Көбі кетіп дәуреннің азы қалды.

Біраз назым қалқаға айтпай болмас,
 Айтатұғын асылдың назы қалды.
 Ауылына сен кеткен соң кім барады,
 Ертай мен Ысмағұлдай тазы қалды, жар-жар-ай.

Шырмауық

Шырмауық шығарында бас тартады,
 Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады.
 Ел қайтқан жайлауынан құла дүздей,
 Қөнілімді ұқпай қойды қалқам-дағы.
 Ахау, дүние жалған,
 Өтті-ау арман.
 Сұм тағдыр шырмауықтай,
 Шырмап алған.

Үйректің атқызбайды қасқалдағы,
 Шебердің былқылдайды бас бармағы.
 Бұл күнде ағаң болдым төр алдында,
 Бір кезде Ақан едім аспандағы.

Ахау, дүние жалған,
 Өтті-ау арман.

Сүм тағдыр шырмауықтай,
Шырмап алған.

Дүние қызыл-жасыл кімді алдадың,
Сен берген ризықтан құр қалмадым.
Дәуренді мендей сүрген кім бар екен,
Сонда да қызығына бір қанбадым.

Ахай, дүние жалған,
Өтті-ау арман.

Сүм тағдыр шырмауықтай,
Шырмап алған.

Әудем жер

Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан,
Ұстаймын екі қолдан таяғымнан.
Сайраған орта жүздің бұлбұлы едім,
Кәрілік келіп қалды қай жағымнан?..

Қайырмасы:
Сәулем-а-а-ай, уah-a-hay,
Қай жағымнан,
Шіркін-ау, қай жағымнан?
Қал-ла-ли-ла-ау,
Қалала, лалалу-еý, eheйә ей-еý-ау.

Әудем жер жүре алмаймын белім үйып,
Кім тілер кәрілікті жанын қиып?
Тиынды біреу берген олжа көріп,
Жүремін жас кісідей дүние жиып.

Қайырмасы.
 Сәулем-а-а-ай, yah-a-hay,
 Қай жағымнан,
 Шіркін-ау, қай жағымнан?
 Қал-ла-ли-ла-ау,
 Қалала, лалалу-ең, еңейә ей-ең-ау.

Еркем

Мен қайтермін, ой, еркем, сен кеткен соң,
 Құлазиды кең жайлау ел кеткен соң.
 Он жетіңе мен келдім осынау елге,
 Айтып-айтпай немене іс өткен соң.

Жастық күні, ой еркем, түседі еске,
 Жез бүйдалы кер тайлақ ерер көшке.
 Ата-ананың жолынан кім аттаған,
 Не десең де көнерсің Хақтық іске.

Сүйген қалқа

Қалқатай, кари глаз екі көзің,
 Никогда не забуду айтқан сөзің.
 Третий, второйлар толып жатыр,
 Ойласам как родился сениң өзің?!

Қалқаның бес мың теңге бір басында,
 Восемсот три тысячи сырғасында.
 Ақ меруерт, асылзада бекзат қалқам,
 Мен сениң жараймын ғой жолдасыңа.

Серінің қолқасы бар бір басында,
 Күн сәулең елес беріп тұр қасымда.
 Өмірің өткіншідей өте шығар,
 Қызықты көре алмасаң дер жасында.

Кім кепіл өмір гүлі сынбасына,
 Саяда тұrsa-дағы, шың басында.
 Армансыз жас шағында өткізіп қал,
 Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Сүйген жардан айырылдым

Айырылдым тағдыр айдал бұлбұл құстан,
 Тарттым мен қасірет-қайғы бала жастан.
 Қондырган бақыт құмай көлеңкесін,
 «Сары алтын сабыр түбі» асып-саспай,

Амал жоқ, ғашық жарым, кеттің өтіп,
 Тұрмайды жамандықты ешкім күтіп,
 Басты ғой қайғы - қасірет мен пақырды,
 Дүниеден арманда боп сәулем кетіп.

«Ақ сәуле...»

Ақ сәуле, қоймадың бас бұрмасыма,
 Ұйқымды онға бөліп тұрмасыма.
 Келешек бақ тәуекел не болады,
 Кездестім махаббаттың құрдасына.

Серінің қолқасы бар бір басында,
 Күн сәулең елес беріп тұр қасымда.
 Өмірің өткіншідей өте шығар,
 Қызықты көре алмасаң дер жасында.

Кім кепіл өмір гүлі сынбасына,
 Саяда тұрса-дағы, шың басында.
 Армансыз жас шағынды қызықтап қал,
 Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Көкжendet

Көкжendet, тұғырың алтын, маржан баулы,
 Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.
 Алпыс қаз, тоқсан үйрек бір күнде алған
 Құс қайда Көкжendetтей қыран шәулі?!

Көкжendet, шалғың ұзын, мойның қысқа,
 Қайырып салушы едім ұшқан құсқа.
 Айырылып Көкжendetтен қалғаннан соң,
 Осы әнге шырқап салдым мына тұста.

Көкжendet, ұшушы едің тоғайды өрлеп,
 Шабытқа таңертенгі қоя бер деп,
 Ертеден қара кешке салғанымда,
 Көкбестім жүре алмайтын көзі терлеп.

Шуылдай сұқсыр үйрек ұшар кешке,
 Көкжendetім түседі сонда еске.

Қарасам оң қолымда Көкжendet жоқ,
Жұғірдім сасқанымнан қозы көшке.

Көкжendet, сені салдым дабыл қағып,
Мойныңа әшекейлеп тұмар тағып.
Қарасам жан-жағыма Көкжendet жоқ,
Айырылдым қапияда сенен нағып?!

Майдакоңыр

Жігіттің падишасы Әмір-Темір,
Бозбала, әнге салсаң қайғың кемір.
Кешегі бес болыстың кеңесінде
Шығарған Ақан сері Майдакоңыр.

Сұлу ат, жақсы әйел – ер қайрағы,
Жігіттің болып өстім боз тайлағы.
Қағаз шай, ашы насыбай – ер арқасы,
Күйіне түсіреді қай-қайдағы.

Маңмангер

Маңмангер, кекілің келте, жалың майда,
Жүйрік жоқ сенен озған құнан, тайда.
Жүрісің желмаядай, жануарым,
Көрейін қызығынды осындайда.

Қайырмасы:
Ақау, жігіт ері,
Дерсің мені,
Деп салған

Маңмангерге
Ақан сері.

Маңмангер, ән қосайын жүрісіне,
Дер екен қалқа қалай келісіме?
Сыдыртып Маңмангермен келе жатып,
Осындай ән құйылып түсті есіме.

Қайырмасы.
Ақау, жігіт ері,
Дерсің мені,
Деп салған
Маңмангерге
Ақан сері.

Әйкөк

Сырымбет биік адыр, қатар кезен,
Жарысып таудан құлап акқан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көкорай қайың мен тал, бәрі де әсем.

Мөп-мөлдір сынапқа ұқсап бұлақ аққан,
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан.
Топырағы бейне мақпал, егінге жай,
Шырайлы әдемі көл күлім қаққан.

Алайкөк

Дария ағып жатқан суда сын жоқ,
Жануар өлдім деген малда тіл жоқ.

Құрбылар, тіршілікте ойна да құл,
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ.

Қайырмасы:

Ақ-қау, ала-лай көк,
Үкілі қоңыр үйрек,
Кеткенде ауылың шалғай,
Уа шіркін, қалдым жүдеп.

Салғанда қара өлеңге тілім майда,
Тілімнің майдасынан көрем пайда.
Әрдайым мәдет берсе тіл-жағыма,
Салайын түрлендіріп осындайда.

Қайырмасы:

Ақ-қау, ала-лай көк,
Үкілі қоңыр үйрек,
Кеткенде ауылың шалғай,
Уа шіркін, қалдым жүдеп.

Ұшып жүрген әуеде қара шыбын,
Қолдан шыққан нәрсенің бәрі шығын.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің, қарашығым.

Қайырмасы.

Ақ-қау, ала-лай көк,
Үкілі қоңыр үйрек,
Кеткенде ауылың шалғай,
Уа шіркін, қалдым жүдеп.

Ләйлім

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырак,
 Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап.
 Жел тимесе, жан тимес деп жүргенде,
 Қол ұстасып жаспенен кеттің жырак.

Акку едің таранған айдындағы,
 Ұштың ұзап қанатың жайдың-дағы.
 Қөлеңкенді көрсетпей кете бардың,
 Қол алысқан сертіңен тайдың-дағы.

Осылай ма еді, ей, қалқа, айтқан сертің,
 Жүрегімді жандырды ғашық дертің!
 Мұнша неге сен мені әуреледің,
 Болмаған соң әуелде баста еркің?!

Гауһар-Жакұт

Енжілдің жаспенен жел қалпындасың,
 Халықтың ертегілі тарпындасың.
 Бұл сөздің уақиғасын адам білмес,
 Мағынаң Биданпаның шарқындасың.
 Бір жерден сізді қоштап қалам шықса,
 Гашығың ақ иықтай санқылдасың.
 Шабытын ақсұңқардың сырттан естіп,
 Коңыр каз айдындағы қаңқылдасың.
 Ақ тулкі шыңдан қашқан сен болғанда,
 Төскейде ақ иықтай аңқылдасың.

Пенде боп қорғалаған қунің қараң,
 Зайыр боп қарға-құзғын қарқылдасын.
 Қосылса екі асыл зат жарасады,
 Қосылып гауһар-жақұт жарқылдасын...

Райхан гүл

Ақ көйлек, қызыл қамзол, лағыл мандай,
 Аузың бал, тілің шекер, нәзік таңдай.
 Халіңнен, қасіретіннен берші хабар,
 Жолыңа сарп етемін жиған малды-ай.

Қайырмасы:
 Ахай, құрбым-ай,
 Қыздар гүл-гүл-ай.
 Лағыл шаш жазғы таңда-ай,
 Райхан гүл-ай.

Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек,
 Шынардай он саусағың құлжа сүйек.
 Осындай ғашық жардан айырылған соң,
 Жалын боп жарым үшін жүрмін күйіп.

Қайырмасы.
 Ахай, құрдас-ай,
 Біз бір мұндастай.
 Жерлерге көк майсасыз
 Бір күн қонбас-ай.



Қара нар

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
 Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң.
 Бірге өскен кішкентайдан сәулем едін,
 Не болар енді күнім сен кеткен соң?

Кілтін бір алтын сандық ашқым келді,
 Көнілді қапаланған басқым келді.
 Басында биік шыңың тұрсаң-дағы,
 Үстінен сол қияның асқым келді.

Ар жағы Қап тауының иран бағы,
 Жігіттің дәл жиырма бес деген шағы.
 Бағаңа жан жетпейтін, асыл еркем,
 Дәрежен жұлдызбен тең аспандағы.

Тұлкінің қалың тоғай іні болар,
 Жаманың тал бойында міні болар.
 Басынды шардан шарға соқсан-дағы,
 Бір кесел осындаидың күні болар.

Екі торы ат

Пар жектім екі торы сүмендетіп,
 Жеріне уағда еткен келдім жетіп.
 Уағда еткен айдың басында еді,
 Кетіпті содан бері күндер өтіп.

Алайын әсем әнге басып-басып,
 Есілдей ұзын аққан жүрмін тасып.
 Көңілім қалқатаймен көптен тату,
 Іс қылар қандай жігіт менен асып?!

Ұшады бозша торғай аспанменен,
 Бұйрықсыз жан шыға ма сасқанменен?!
 Кісіге кісі жары жар бола ма,
 Бауырына тартып қанша басқанменен?

Су аспас биік жардан тасқандағы,
 Жігіттің жары Құдай сасқандағы.
 Бағана жан жетпейтін асыл еркем,
 Дәрежен жұлдызben тең аспандағы.

Қара торғай

Ұшады қара торғай қанат қағып,
 Астына қанатының маржан тағып.
 Бірге өскен кішкентайдан, қара торғай,
 Айырылдым қапылыста сенен нағып.

Қайырмасы:
 Қара торғай,
 Ұштың зарлай.
 Бишара-ай, шырылдайсың
 Жерге қонбай.

Ертістің ар жағында бір терең сай,
 Сүйреткен жібек арқан тел қоныр тай.

Ағаштың бұтағына қонып алып,
Сайрайды таң атқанда қара торғай.

Қайырмасы.
Қара торғай,
Ұштың зарлай.
Бишара-ай, шырылдайсың
Жерге қонбай.

Мақпал

Үйірі қысырақтың мақпал қара,
Шашынды құндіз жу да, түнде тара.
Алыстан ат аямай келгенімде,
Ей, Мақпал, қырындармай бермен қара.

Уш жүзге атым мәлім Ақан сері,
Келгенім – Мақпал қыздың туған жері.
Алыстан ат сабылтып келдім ізден,
Бір көріп қайтайын деп, Мақпал, сені.

Біз қайтып елге таман бастық қадам,
Сымбатың хатқа сыймас айтса тамам.
Ей, қалқа, мұнша неге зарланасың,
Елге алып қайтпас па едім келсе шамам?



Ақсаусақ

Толықсыған жарқын жүз толған айдай,
Сұлу қызды көргем жоқ, сірә, мұндай.

Қайырмасы:
Ғашықпын, қалқам,
Сырымды айтам.
Ақсаусақ-ай,
Арманым жоқ,
Бір болсақ-ай.

Қарақат көз, қыр мұрын, жазық мандай,
Сүйген жарым болсайшы Ақсаусақтай.

Қайырмасы:
Ғашықпын, қалқам,
Сырымды айтам.
Ақсаусақ-ай,
Арманым жоқ,
Бір болсақ-ай.

Қабылдашы құрбыңың жазған хатын,
Әдейі арнап жолдаған аманатын.

Қайырмасы:
Жалындаған жүректің жастық отын,
Сөндірмеші сүюші махаббатын.
Қайырмасы.

АЙҒЫН ҚЫЗғА

Айғынжан, бетің де аппақ, етің де аппақ,
Ауылыңнан шыға алмаймыз айналақтап.
Қойды алдырып, қораны бекітерміз,
Керекті жалғыз түйір жүрген сақтап.

Көз көрмей, құлақ естіп байқаушыдан,
Өтті деп бүгін түнде біреу аттап.
Кім екен түнде жүрген, ол антүрған,
Сескеніп әлдекімнен тайғанақтап.
Торыны таң асырып мінген қандай
Торыны талға байлап мінген қандай,
Үкілеп әсемдетіп жүрген қандай.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,
Сыбанып ақ білекті түрген қандай.
Күнінде уағда еткен қалқа жанның
Жетуге ынтызар боп жүрген қандай.
Ауылы қызы қалқаның қайда екен деп,
Жүгіріп сайлау жермен келген қандай.
Атынды бір тасаға байлап тастап,
Тұсынан ақ боз үйдің төңген қандай.
Сөз салып қалқажанға женғесінен,
Құрбыңмен сыпайы ойнап, күлген қандай.
Ишарат әзілменен сөз қатысып,
Қызы сырын женғесінен білген қандай.
Аландай, алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шықса ақша мандай.
Құрбыжан, ебін тауып келдің бе деп,
Ақсиып күрек тісің күлген қандай.

Қалқажан күле қарап, жүр дегенде,
 Ақ үйге есік ашып енген қандай.
 Жамылып екеуара бір шапанды
 Айқасып тар төсекте жатқан қандай.
 Мойның ақ білекті арта тастап,
 Тіл дәмін бір-біріңің татқан қандай.
 Сол жерде айтылмаған сыр қалмайды,
 Кілт ашып ақсандықты ақтарғандай.
 Ойынның қызығымен білмей қалып,
 Машырықтан таң сарғайып атқан қандай.
 Тұрыңыз, үйге сәуле кіріпті деп,
 Біріне бірі айтқан қандай.
 Сол кезде көніліңе түссе қорқу,
 Мысықтан тышқан қорқып сақтанғандай.
 Ақырын үйден шығып таң алдында,
 Манағы сайдағы атты тапқан қандай.
 Шылбырын сал торының қызға беріп,
 Шақшаны қағып-қағып атқан қандай.
 Насыбай өз әлінше о да тәтті,
 Аллдында қарап тұрса ақша маңдай.
 Көтеріп қолтығынан аттандырып,
 Артынан тұрса қарап көзін алмай.
 Ойласан бұл дүниеде не қызық бар,
 Қасынан қалқажанның аттанғандай.
 Торыны жүгіртесін көңіл тасып,
 Біреуден ебін тауып ақша алғандай.
 Ауылыша өлеңдетіп сен қайтасың,
 Бәйгеден атың келіп шаттанғандай.

Жамал қызыға

Қыздарды мен қайтейін қылаң-сылан,

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?!
 Бірге өскен кішкентайдан қимас сәулем,

Басы жұм, ортасы мем, аяғы ләм.

Жамалжан, етің аппак, мақтадайсың,

Әр уақыт мені есіңе сақтағайсың.

Тұсынан ауылыңың ән саламын,

Сол кезде шырт үйқыда жатпағайсың!

Ж-ға

Бағында махаббаттың көп күн жүрдім,

Ләzzатын бар миуаның өзім көрдім.

Жә, алла, мұрадымды кәміл беріп,

Мақбуба мұрадымға қылма мақрұм.

Мен үшін шіркін көнлің тербеді ме?

Болсайшы жаным пида гүл бетіңе.

Иә кәрім нәсіп ойла қалқа жанды

Мақбуып жар ғашық деген құрметіне.

Болмайды көңіл раушан сөз болмаса,

Несие қарамаймын тез болмаса

Ой қалқа, көп сағындым, бір келіп кет,

Бір нәрсе төтенінен кез болмаса,

Дегенде мақбуб жаннан қозғаламын,

Хат жазып қағаз, қалам қолға аламын.

Пәруана отқа тұскен мысалындей,

Дидарың атрапында толғанамын.

Мақбұым ақылың дана, көнлің биік,
 Жаманға бере алмаспын көзім қып.
 Сырт күйік болмайды еken бір сағаттай,
 Қалмаса іштегі отқа жүрек күйіп.
 Жеткізгей бұл мұратқа зұлжалалым,
 Қөргенсіз кеше түнде менің халым.
 Сырт күйік бір сағаттай білінген жоқ,
 Болған соң махаббаттан іште жалын.
 Ұстаяға ақ сұнқарды тор құрайын,
 Тұспесе, күннен күнге зор құрайын.
 Егерде құрған торға түсіп шықса,
 Тағы да қайта тұс деп не қылайын.
 Сіз үшін құрған торым түйген жібек,
 Махаббат жағасы бар, ғашық тиек,
 Опасыз бұл жалғанның сүйгенімен
 Ғазиз жан ол болмаса неге керек?
 Білмейсің махаббаттың сен ауырын
 Рақымсыз қатты еken тәсіп баурын.
 Жұлдыздай өмір зая батып кетсе,
 Тұрмассыз ит байласа болар аулын.
 Әр уақыт рахымы жоқ қатты құдай,
 Іздендім қалқа жанды нәпіс тыймай.
 Мақбубаға уәсіл айла иә кәрім деп,
 Зарландым жалғыз жүріп, уа дариға-ай.
 Қай уақыт қабыл болар ғарыз хатым,
 Көп күнгі қабыл болып ыждаһатым,
 Дария сия болса да, дарақ қалам,
 Жаза алман мыңдан бірін мен сипатын.
 Орнына келгеннен соң уәде болды,
 Фиыш-әшрат махаббатта көніл толды.

Көрген соң зипа бойың, ғазиз жүзін,
 Зұлғыйңа азат көңлім бенде болды.
 Несіне мен жүрейін тірі болып,
 Наданның дүние толған бірі болып.
 Тимесе мақсат қолға көңілге алған,
 Тән жатсын топыракта сірі болып.
 Шыдамай мен кетейін бұл параққа,
 Шәріп жан құрбан қылып топыракқа,
 Сокқанды перхат желі тірісінен,
 Сөндірер тисе жалын шамшыраққа.
 Ол шырақ жақса тәнірім неге өшсін,
 Кәрім ғой, мақсатты алла неге кессін.
 Паанкеху сапа ләzzат кәміл көріп,
 Онан соң мына жалған бізден көшсін.
 Мақбуба бір сіз үшін қиналайын,
 Алды-артын махаббаттың жиналайын.
 Сызғаныш махаббатта мен пәруана,
 Дидарың атрапында толғанайын.
 Тізілген меруерт секілді тістерің бар,
 Хорындей жәннат нағым тұстериң бар,
 Кей мінезі бақыр қылзым толқынындей
 Жан білмес ғажап қайран істерің бар,
 Нон қойында нұктедей мен жатайын,
 Махаббат бағында мен тұн қатайын,
 Ғашықтық кәмалатқа жеткеннен соң
 Қалқажан, қойында мен жатайын.
 Көзімді алмай қараймын сағынғаным,
 Уәдеге мұнша ұзатып не қылғаның,
 Суретің елестейді көз алдымда,
 Сарғайып, естен кетпес, сағынғаным.

Десеніз уәде қылмай мен еңгірейін,
 Барабар қысап қылып теңгерейін,
 Ғашықтан тоят беріп, қолыма алып,
 Жесеніз махаббаттан жем берейін.
 Махабbat біз де келдік жағасына,
 Дұшпандар назар салмай шамасына
 Көңілім, жаным, тәнім бірдей берсем,
 Тола ма махаббаттың бағасына.
 Махабbat түсіп кеттік кәруана,
 Жылама, қосыла алмай өз парыңа.
 Бағында махаббаттың алмай тұрып,
 Мен қондым бұлбұл болып дидарыңа.
 Мақшұға көңілімнің таптым дерік,
 Дүниеден алған таңдал жалғыз ерік,
 Қағарман нәсіре құрғыны алғандайын,
 Ол болмаса ғазиз жан неге керек.
 Ғашықтық күннен күнге ер жетеді,
 Қасіретің жаным шайқап еңіретеді.
 Кей уақыт рақымсыз қатты құдай,
 Мені де сол себепті тебірентеді.
 Ж-дан сұрағаным жанның жаны,
 Уәде қылып өтті ғой дүние пәни.
 Жаным тұр уәденіз жанабында,
 Болмаса шығар тәннен берген жаны,
 Мақшұққа қылған қалам қасы,
 Сөз емес жүз мың дақтыр ғазиз басы,
 Болмайды баға қойып сипатыңа
 Таудың бір калифорний лағыл тасы.
 Жан тұған жоқ жаһанда көргенімдей,
 Екі бетің бақшаның гүл-гүліндей,

Көп күлдім сансыз ойнап өмірімде,
 Макшұқам болар емес бір тұніндей.
 Қалқажан ақ дидарың фарфордан ед,
 Достым сен осалакқа уәде ет,
 Мұбада қасіретінен сапар шексем,
 Қисабы мен болармын үкімі шаһит.
 Мақбуба уәдесін жұммен тыйған,
 Он бесте махаббатты бірге жиған,
 Қөнілдегі мұратқа мен жетпесем,
 Емес пе ғарып достың жаным қиған.
 Құдая мұндаш шаттық кімге болған,
 Үстіне қызыл гүлдің бұлбұл қонған,
 Дүниеден мен армансыз өтер едім,
 Қосылсам Нәзи нонға ғашық болған.
 Құс ұшты көлден аққу саятыма,
 Жалғанда жаңғыз ылайық тоятыма.
 Тағдырда лауық қалам жазған болса,
 Мойынсұн пәнкеқудің аятына.
 Құс ұшып алар аң жок, бәрі жаман,
 Макшұхат майданында тұрсын аман.
 Жымы тіл, сусыны сөз тоят жеген
 Сала алмас бабын тауып бөтен адам.
 Манғайда қылып тұр сенің қасың,
 Дариға он алтыға келген жасың,
 Жан-тәнім, ақыл қошым берер едім,
 Менікі болса сенің жалғыз басың.
 Кей мінезің бар десем қисық тұрған,
 Жарақат оңалмайды ғашық ұрган.
 Жүруші ем көп тағдырға мойын бұрмай,
 Мен болдым енді сізге басын бұрған.

Жарасқан сол қал көзге шамшат бойын,
 Махаббат сонша қымбат білсе бойым,
 Иманды ақиредте берер құдай,
 Дүниеде жалғыз-ақ сіз ақыл-ойым.
 Жақсының жаман қайдан білсін затын,
 Қазаққа болған мағлұм менің атым.
 Тақырыбына ғашық боп жаздым назым,
 Зарланған, сені жат қып, жазған хатым.

Үш тоты

Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада,
 Нәркес көз, қалам қасты лағыл бала,
 Иранның Құсни зия тотысындай,
 Гәугерден әзкен нәсіл туып зада.

Топ көрсे қырындайтын сіз бір тұлпар,
 Бұлбұл құс қызыл гүлге болады іңкәр,
 Қадиша, Фалия мен Нұргуләндам,
 Сіздерді неге ұмытсын көрген сұңқар.

Үш тоты

Мен бүтін ұйықтап жатып көрдім бір тұс,
 Көргенім бақ иранда үш тоты құс.
 Сары алтын, сапы меруерт қарағым-ай,
 Көргенге жамалынды көңілім қош.

Тағы да ұйқтап жатып көрдім бір тұс,
 Шығыпсыз бір ауылдан, үш тоты құс!

Бұларды танымасаң танытайын,
Көгершін, бірі бұлбұл, бірі күміс.

Гашық боп бұл қыздарға көз салғанда,
Боласың біреуіне көнілің қош.
Тағы да үйқтап жатып көргем бір тұс,
Өзгеше екеуінен бір тоты құс.

Сап алтын ерке сұлту, қарағым-ай,
Болады не себептен уағдан бос?..
Бір жақсы бір жақсыны өкпелетпес,
Жем жеген ақсұнқарым колдан кетпес.
Бүйірса тағдыр бізді татулыққа
Еске алмай мені дағы қапыда өтпес

Бәтима қызыға

Басында кәмшат беркің жарқыраған,
Иығында алтын шолпың ән құраған.
Сипатың жұмақтағы хор қызындай
Жамандар сізді көріп қалтыраған.
Кетуші ем жаман қызыға көзім салмай.
Жазамын атағынды арып-талмай.
Қанша айтсам мадағыңыз болмас тәмам,
Сіз гүлсіз үкілі берік, жазық мандай.
Иншалла амандықпен табысармыз
Көнілде өкініш пен қайғы қалмай.



Шамшиқамар

Шамшиқамар секілді Дәттербану,
 Кісі қандай көңілді сізден тану.
 Ғашықтықтың бұл да бір нышанасы,
 Атқан сөзін құрбыға жетпей қалу.

Қайырмасы:
 Сен-дағы Бағдаттағы Шамсиядай,
 Балқиды шіркін көңіл дауаламай.

Осы тойға бұл хатым өтпейді деп,
 Айтқан сөзім құрбыға жетпейді деп,
 Сабыр сақтап аз ғана біз отырмыз,
 Бұйырган адам ешқайда кетпейді деп.

Қайырмасы:
 Сен-дағы Бағдаттағы Шамсиядай,
 Балқиды шіркін көңіл дауаламай.

Әннің сәні келмейді қалшылдамай,
 Көңіл толмас құс ілмес қаршығадай.
 Асаяу жүрек басылар жанған өрттей
 Жүр екенсіз ей, қалқа, менсіз қалай?

Қайырмасы:
 Сен-дағы Бағдаттағы Шамсиядай,
 Балқиды шіркін көңіл дауаламай.



Іңкәр-ай

Ер-тоқымнан кетпейді аттың қағы,
Талаптанбай ашылмас ердің бағы,
Іңкәр-ай, Жәнипа-ай,
Жарамайсың, Әнипа-ай.

Иран бақтың, ай, қалқа, гүліндейсің,
Піскен алма алқызыл түріндейсің.
Іңкәр-ай, Жәнипа-ай,
Жарамайсың, Әнипа-ай.

Жұзіп жүрген судағы сен-аққайран,
Салсам қармақ өзіңе ілінбейсің.
Іңкәр-ай, Жәнипа-ай,
Ақылды аbzал Әнипа-ай.

Ғашық жарға

Аузың бал, тілің шекер, нәзік тандай,
Сөйлеймін, аbzал құрбым, сізді талмай.
Алтын қол, күміс саусақ, қалам бармақ,
Қиғаш қас, нұрлы жүзің, жазық мандай.

Құлпыра зия бойың сұлу бір жас,
Ғашықтық әуресінен боламын мас.
Данышпан ақылдың артық жаратылған,
Керекті адамзатқа сіз асыл тас.

Мен көрдім нұрлы жүзін, қыпша белің,
 Ақ түсті, кәукәр көзді, тәтті тілің.
 Ажарың бақшадағы хор қызындай,
 Сипатынды сырлауға келмес тілім.

Жауабын менің айтқан қаламайсың,
 Мінезің ерке өскен баладайсың.
 Түйғындай тұғырдағы жемге тойған,
 Жан сәулем, жан-жағыңа аландайсың.

Қызыға хат

Құрметті сөз жазамын Раушаныңа,
 Кез болдың бір талапкер дер шағымы.
 Тимеген жүген, құрық асау керім,
 Жүрмісің иран бағы шарбағында?!

Шолпандай әуедегі түстің көзге,
 Ойлаушы едім туды деп өз бағымы.
 Жайрандап суда жүзген аққайрандай
 Ілінші желбезектен қармағымы.
 Мойның асыл білек артар едім,
 Асылзат, шыдамайсың салмағымы?

Кетпесін ғашық сыры айдалаға,
 Айтамын сенен басқа қай балаға?
 Есітсем бір сөзінді макұлдаған,
 Болады ем қонғандай жан жараға.



Қыздарға

Қыз бала сұлу болса болар қандай,
Ләzzаты тіл тартады шекер-балдай.
Күлім көз, оймақ ауыз түссе қолға,
Сүмбіл шаш, қиғаш қасты, жазық маңдай.

Жұлдыздай екі көзі жалт-жұлт етіп,
Жанынан арғы-бергі кетсең өтіп.
Басына кәмшат бөрік қырын салып,
Қасыңа іркілместен келсе жетіп.

Күмістей он саусағы тартқан сымдай,
Серке сан, бөтегелі, белі қылдай.
Бұралып, он майысып бүктетіліп,
Қыссаң да қай жерінен тұрар сынбай.

Ойқастап саяқ малдай жүрсे шеттеп,
Кеуденде жаның болса тартар еттеп.
Аспайтын бар салмағы уысындан,
Емшегі келе жатса жаңа беттеп.

Ғаламға шыққан Күндей нұрын шашып,
Сөйлесе, шаттандырса көңіл ашып.
Жиын той, қыз-келіншек бас қосқанда,
Көрінсе қатарынан мойны асып.

Шырайлы серім таспа болса, нұры,
Сұрғылт боп ақ қояндай келсе түрі.
Сары боп, қас пен көзі қара болса,
Оны сүйген жігіттің болмас муны.

Ақмарал

Шоқ болған жаңа түсіп, беу, қарағым,
 Көз салып мекеніңе көп қарадым.
 Тапсырып бір аманат өзіңізге,
 Айла жоқ, амалсыздан мен барамын.
 Есіркеп жауабымды еске аларсың,
 Айналар кезің келсе бай орамын.
 Бір тәуір ләzzэтпенен лебіз шығып,
 Жұмысым тез бітер деп кеп тұрамын.
 Иран бақ Қап тауындај жол берілсе
 Жерде тұр қол жетпейтін шат тұрағың.

Қол жетпес жерде тұрсың көз көргенмен,
 Не пайда дидарласып жүз көргенмен.
 Тоқтату көңіліме бере алмадым,
 Болар деп хабар сенен сөз бергенмен.
 Ғашықтың қандай қалде тұрғандығын
 Сұраймын айламенен кез келгеннен.
 Қарағым, тым болмаса дидарласпай,
 Сөнер ме ғашық оты су бергенмен?!

Иран бақ Қап тауындај жолы берік,
 Қарасы мекеніңің көрінгенмен.

Қаламдай қиғашталған қара қасың,
 Болар ма сендей зирек асыл тасым?!

Лайық не де болса арамызға
 Тұсында сіз болғансын замандасың.
 Сыр алып, сыр бергендей емес едік,
 Берер деп біз үміткер уағдасын.

Күмістей сымға тартқан он саусағың.
 Жел қонған мұнарланып сен бір сағым.
 Көзге анық көрінбейсің, ей шырағым!
 Бәдіғұл-жамал есім пері қызы
 Иран бақ мекен еткен наушар бағын.
 Болғанмен көзге жақын, көнілге алыс,
 Қоспаса екі жастың ынтымағын.
 Бір жауап кешіктірмей жіберініз
 Қайтпасын сізден сынып менің сағым.
 Немене қыын-оңай болмасына,
 Құдайым екі достың ашса бағын.

Сен бұлбұл иран бақта тұрған сайрап,
 Қош тұрсын мекенінді құрмет айлап.
 Арманда жолыға алмай болдым сізге,
 Қайтейін отырасың көзің жайнап.
 Ғашықтық қандай асыл екендігін
 Перизат, білсең керек өзің де ойлап.
 Қызықсыз мың күніңен де бір күн пайда,
 Ол артық отырғаның күліп-ойнап.

Көргенсін ақжүзінді болдым қайран,
 Таусылды сізге деген ақыл-айлам.
 Жұзге анық, сөзге таныс болғанменен
 Қанекей, артылдырып көрген пайдам.
 Карасам ой жіберіп осылай деп,
 Аспайды қанша айтқанмен ақыл ойдан.
 Бұл сөзім қолға тисе құп оқыңыз,
 Сөзімді жай білменіз айтып қойған.

Жастықпен армандының біреуісін,
Парасат білімінмен өзің де ойлан.

Хат жаздым қара сия, қалам алып,
Бұл сөзім қолға тисін хабарланып.
Күрбіңің жазған хатын тәрбиелеп,
Тынданыз шын көңілмен назар салып.
Күннен нұр, айдан раушан, сәулетайым,
Сен гауһар жанып тұрған мәнгі жарық.
Жазған хат, құпия сөз жауап сізден,
Күтемін лебізінді құмарланып.

Сүмбіл шаш

Гауһардай екі көзің, сүмбілден шаш,
Болғанға сіз – бақ иран, біз сандуғаш.
Жеткізген кімді Тәнірім мақсатына
Ғашықты бір-біріне қылған мұқтаж.

Біреуі жеті ғашықтың Жүсіп еді,
Зынданға Зылиха үшін түсіп еді.
Бұрыннан ғашық болған бір біз емес,
Болмайды басқа жанның ісі енді.

Баласы падишаның Сейпілмәлік,
Неше жыл о да жүрген от боп жанып.
Сарғайған мақсатына жетпей қалмас,
Қосылған он төрт жылда ол да барып.

Айғын қызыға

Айғынжан, бетің де аппақ, етің де аппақ,
 Аулыңдан шыға алмаймыз айналшақтап.
 Қойды алдырып, қораны бекітерміз,
 Керекті жалғыз түйір жүрген сақтап.
 Көз көрмей, құлақ естіп байқауышыдан,
 Өтті деп бүгін түнде біреу аттап.
 Кім екен түнде жүрген, ол антүрған,
 Сескеніп әлдекімнен тайғанақтап.

Апыр-ай, не деген жан жаратылған
 Қарағым, жіберейін сізге сәлем,
 Тартқан жоқ бұдан бұрын ешбір әлем.
 Жан еркем, сипатыңа көзім түсіп,
 Көңілім көптен бері болды елең.
 Секілді бойың шынар, көзге наркес,
 Жазылған ақ қағазға қасың ерен.

Апырым-ай, не деген жан жаратылған,
 Емес пе ғайып қайрат таратылған?
 Көңілім қапаланған көрген сайын,
 Қарасам нәзік белің бұратылған.
 Жүрмісің аман-есен перизатым,
 Арғыдан келе жатқан құсни затың.
 Көрген жан сипатыңа таң қалады,
 Бар шығар Гүлбарамдай салтанатың.
 Жатсынба біздің сөзді, қалқа бала,
 Эр жерге мәлім болған менің атым.

Секілді сенің түсің ғани қаят,
 Жігіт бар ойласаңыз біздей зият.
 Сізге мен ишаратпен сөз сөйледім,
 Тендеспен ойнап-күлсек болмас ұят.
 Ауады біздің көңіл сізді көріп,
 Барады ықыласыңа көңлім еріп.
 Тотының тоқсан екі тарауындей,
 Сөйлеймін әрбір түрден сөзді теріп.

Болғанда нәзік белің, зия бойың,
 Даұрыс па маған деген ішкі ойың?
 Төрт бөліп түн ұйқымды келгенімде,
 Болғаны, беу, қарағым, ашсан қойын.

Базар қызыға

Ой, қалқа, ғашықтықпен іздеген біз,
 Қыздардың қырмызысын ителгі көз.
 Алыстан ат терлетіп келгенімде,
 Өзіңнен тілек етем бір ауыз сөз.

Қарағым, жарық туған ажарың-ай,
 Қыз тумас орта жүзде Базарымдай.
 Сұлу шаш, қыылған қас, ашық мандай,
 Тең өскен кең тоғайда балғын талдай.
 Не керек бұл өмірде тірі жүріп,
 Жар етіп Базарымды тартып алмай.



Бибіғайша

Күрметлу хат жазамын асыл затқа,
Сөзімді айтатұғын жаздым хатқа.
Жарқыным, тәқаппарлық жасамаңыз,
Алыңыз бұл сөзімді ілтипатқа.
Бұл сырды сыртқа шашпай өзің ойлап,
Қалдырма құрбынызды зор ұятқа.

Көрмесем тұра алмаймын жүзінізді,
Қарақат ішке тартқан көзінізді.
Төзе алмай ғашықтыққа жаздым мұны,
Орынсыз қалдырmas деп сөзімізді.

Мен сіздің раушан тартқан жүзің көрдім,
Балалық уақытымдай көніл бердім.
Бір ұшқын көзінізден бізге түсіп,
Кетірді берекесін ғазиз ердің.

Ерітіп түскен ұшқын ғашық майын,
Ғашықтық орын алды барған сайын.
Бір шипа журегіме бола ма деп,
Қасынан алыс кетпей қалғандаймын.

От сөнбес, таусылды ғой сабыр суы,
Жалынды отқа қүйдік сабыр туы.
Ішімді шыдамастай қайнатқан сон,
Көнілден кетер емес нәпсі буы.

Ойымнан кетер емес бір сен өзің,
Шыдауға қалмай барад бойда төзім.
Қарағым, айналайын, Бибіғайша,
Ойымнан кетер емес айтқан сөзің.

Көзіме көрінесің хор қызындай,
 Раушан жарық қылған жұлдызында.
 Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл,
 Жұз сомдық базардағы пат құнында.

Сізді ойлап ұйқы қашты екі көзден,
 Тұсінер ақылды адам айтқан сөзден.
 Сөз макұрым болад деп ойламаймын,
 Жауабын күтіп тұрмын өзінізден.

Ғашықтық басқа тұскен ұлken сауда,
 Ұқсайды қаулап жанған қалың қауға.
 Сырымды жасырмай-ақ айтқанымда,
 Құрбымды мүмкін емес ойламауға.

Жан сәулем, бір өзінде айтамын наз,
 Білмейді сөз қадірін ақылы аз.
 Сағынып өткен күзде барғанымда,
 Кете алмай сені тастап тұрдым біраз.

Құпия тапсырылсын жазған хатым,
 Жіберген сізге арнап аманатым.
 Қандай сөз қайтарасыз ерік өзінде,
 Әуелден белгілі ғой арғы затым.

Қарағым, бір жауап жаз бұл қағазға-ай,
 Үн демей қалма мақұрым білімі аздай.
 Бұл хатым бір дұшпанға кез болар деп,
 Тоқтаттым аяғына атым жазбай.

Ей, қалқатай

Нұсқамен өлең жаздым, ей, қалқатай,
Көргенде дидарынды көнілім жай.
Алмайсың бір сөзімді ілтипатқа,
Қыз жоқ па елде сендей әкесі бай?!

Хат жазып, өлең айтып қылдым айла.
Бірдей ғой екеумізге залал, пайда.
Басында мәңгі-баки дүние тұрмас,
Көзкөрген апаларың кетті қайда?

Ат жүйрік, көңіл жүйрік десе дағы,
Барғанда өкінерсің басқа жайға.
Қыз тумас елде сендей дінгे мықты,
Дәмдісі жауабыңың жаңа шықты.
Кісідей өкпелеген мойның бұрмай,
Білдін бе кемшілік деп ғашықтықты?..

Жүрөгім зәру етті-ау шырайыңа,
Барайын ұнатпасаң өз жайыма.
Обалың өкпелесен маған емес,
Жаратқан жақсы қылып Құдайыңа.

Ақмарал мекенің бар биік жерде,
Мен журмін қолым жетпей тілдесуге.
Ылайык жанарына жарасуға,
Ылдидан аяғымды бастым өрге.



Сұлу қыз жаңа піскен алмадағы

Сұлу қыз жаңа піскен алмадағы,
Гауһар тас жасырынған бір таудағы.
Қадірін өз басының білген қыздар,
Қарамас көзін салып ханғадағы.
Егерде осындай қыз қолға түссе,
Құшактап, ал тілінен жалмадағы.
Жастықтың жолын егер ол білмесе,
Қоспаймыз оны қыз деп санғадағы.
Ақылсыз кейбір қыздың белгісі сол,
Сөз айттар кейін тұр деп шалғадағы.
Кейбір қыз ойнай алмай теріс қарап
Байқатпай асыл заттың бар талабы.
Өткен күн, өшкен өмір қайтып келмес,
Ойнап-күл бір жақсыны тандадағы.

Аужар

Бісміллә деп жазылған нұрдан қалам,
Күн дегенде жаралған барша ғалам, жар-жар-ай!
Пайғамбардың сұннеті жиын-тойда, жар-жар-ай,
Тыңдасаңыз айтайын біраз кәләм.

Ғайры нәрсе болмайды жазылғаннан, жар-жар-ай,
Жұда болдың ата-ана қолдарынан, жар-жар-ай.
Жарылқасын бір Құдай жолдарынан, жар-жар,
Көп жамағат жиылған тыңдашы деп, жар-жар.
Қарындастым сөйлейін мұндарынан, жар-жар.

Қыздар мұндық айырылған атасынан, жар-жар,
Шашыраған теректің бұтасынан.

Көшпелі алтын секілді гауһар мойын, жар-жар,
Еске дұға алғайсың батасынан, жар-жар.

Қыздар мұңдық айырылған әкесінен, жар-жар,
Суда ғарық болғандай кемесінен, жар-жар.
Балапаның қорғаган қудай болып, жар-жар,
Оқ тигендей зарланар денесіне, жар-жар.

Қыздар мұңдық айырылған ағасынан, жар-жар,
Киілетін сықылды жағасынан, жар-жар.
Ұзатарда жылайды қыздар байғұс, жар-жар,
Тұған айдай кемиді бағасынан, жар-жар.

Қыздар мұңдық айырылған інісінен, жар-жар,
Қанат-құйрық бауырлас тынысынан, жар-жар.
Бауырластың жолдары қынырақ, жар-жар,
Бал-шекердей құйылған шынысынан, жар-жар.

Қыздар мұңдық айырылған сіnlісінен, жар-жар,
Одан бұрын кететін мұңdasынан, жар-жар.
Тәуір болып жөнелсе алдыңғы апасы, жар-жар,
О да ғибрат алмай ма үлгісінен, жар-жар.
Тоты құстай сыланған қарындасым, жар-жар,
Такия, кәмшат қалады белгісінен, жар-жар.
Қыздар мұңдық айырылған жеңгесінен, жар-жар,
Жақынырақ сыр айтқан өңгесінен, жар-жар.

Ақтүйғын ұшар биік ұясынан, жар-жар,
Шыбын жаны шыққандай кеудесінен, жар-жар.
Қыздар мұңдық айырылған құрбысынан, жар-жар,
Әзіл айтып тең ескен құрдасынан, жар-жар.

Босанғанға үқсайды жібек тізгін, жар-жар,
 Күміс құйрық, қаракөк жорғасынан, жар-жар.
 Көнілің қапа болады бір сағатта, жар-жар,
 Көкала үйрек жүзгендей көз жасынан, жар-жар.
 Дауысына сыңсыған жүргегіміз, жар-жар,
 Кем болмайды балқыған қорғасыннан, жар-жар.

Қыздар мұндық жұртынан айырылғанда, жар-жар,
 Бала құстай қанаты қайырылғанда, жар-жар.
 Эйел болып туды деп ғазиз басым, жар-жар,
 Оттай қайнар жүргегің қайғырғанда, жар-жар.

Мына дәурен басынан кетті көшіп, жар-жар,
 Кемеліңе түрленіп жеттің өсіп, жар-жар.
 Қимасаң да кешесің қарындасым, жар-жар,
 Туған жерің өсірді алтын бесік, жар-жар.

Қимасаң да амал жоқ өз жұртынды, жар-жар,
 Қайран жұрт деп кетерсің есендерсіп, жар-жар-ай.
 Ұл боп тусаң бұл күнде жүрмес пе едің, жар-жар,
 Құдіреттің ісі еді, амал нешік, жар-жар-ай.

Адамның біліміне ақыл серік

Адамның біліміне ақыл серік,
 Ақыл кен таусылмайтын жанға көрік.
 Мидан шыққан сөзіңе тіл себепкер,
 Қалай айтып сөйлесең өзінде ерік.
 Денеге аяқ басшы, ой жетекші,
 Рақат таппақ адамзат көзбен көріп.

Жақсы менен жаманды сезбек үшін
 Біздерге қойған жоқ па мұрын беріп?
 Жаман, жақсы әр сөзді естіген соң,
 Бәрідағы тұрады құлаққа еніп.
 Тірлікте тырбанып қал сайран етіп,
 Ажал келмей тұрганда шауып жетіп.
 Құрметсіз зайыбыңмен өмір сұрсан,
 Қотыр бұзау секілді қалдың өліп.
 Тұрмысқа тірі құнде бол себепкер,
 Отырма құр үйінде бойға сеніп.
 Талап қыл, азды-көпті жұмса ойды,
 Әр істің ақырын ойла көңіл бәліп.

Асыл мен жасық

Ақ қаудың астығы жоқ шайнағанмен,
 Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
 Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
 Жүрмейді шошқа жөнгө айдағанмен.

Алтынды орағанмен жез болмайды,
 Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
 Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай
 Жаманның көкейінде көз болмайды.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
 Оқ өтпес ажалсызға атқанменен,
 Жалқауға сөз, жаманға таяқ өтпес,
 Тас жібімес дарияға батқанменен.

Ит қызыл болғанменен тұлкі болмас,
 Ойнақтап сиыр үркіп жылқы болмас,
 Ел көркі дәulet екен әзелден-ақ,
 Дәuletсіз ел болса да көркі болмас.

Жақсыға бітсе дәulet бақ айналар,
 Жаманға бітсе дәulet әуейленер,
 Басына ер жігіттің бір іс түссе,
 Арасы қас пен достың абайланар.

Жігіттің көз тоқтаттық қандайына?
 Шешеннің тәнір берген тандайына.
 Батырдың қайрат берген жүрегіне,
 Балдының ырыс берген маңдайына.

Мәстектен тұлпар артық шаппаса да,
 Тексізден текті тумас мақтаса да.
 Баласы ителгінің қу ілмейді,
 Алтыннан тұғыр қылып сақтаса да.

Жабыға тоқым салма жалы бар деп,
 Жаманға басынды име малы бар деп,
 Жануар деп сыйпайды әрбір малды,
 Шошқаны кім сыйпайды жануар деп.

Саусақтан шықылықтап сұнқар болмас,
 Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас,
 Кей жаман бітті ғой деп әкім болад,
 Халық та сол жаманға інкәр болмас.

Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
 Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
 Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
 Сұнқылдан күшіген құс бүркіт болмас.

Су шықпас қазғанменен тау басынан,
 Қазақтың дау кетпейді сау басынан.
 Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,
 Ер жігіт жаңылады тәубасынан.

Жалпаңдан ақыл сорма қатыныңнан,
 Мұқарсың жақсы болсаң жақыныңнан,
 Жігітке о да болса сын емес пе,
 Шықпаса қатын айтқан ақылыңнан.

Дүние

Дүние адастырар құғаннан соң,
 Шырмайды қол, аяғың буганнан соң,
 Дүние аз күншілік пәни жалған,
 Басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң.

Қаршыға әлсіз болса қаз алмайды,
 Ер жігіт малсыз құлаш жаза алмайды.
 Бұл дүние жұртты алдаған бейне базар,
 Әр адам өз әлінше базарлайды.



Дүние жеткізбейді

Дүние жеткізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасан да.
Ақ қаудың түбі шірік, ас болмайды,
Көктемде дәмін алып шайнасан да.

Баласы құладынның қу ілмейді,
Алтыннан тұғыр қылып байласаң да.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдасан да.

Шын тұлпар дүбір шықса шыдамайды,
Тас қылып төрт аяғын байласаң да.
Жатпайды болат пышақ қап түбінде
Өтпейді жасық темір қайрасаң да!..

Жігіттерге

Бір дауа бір тарқасын дәрмен дертім,
Қалдырдым жігіттерге сөздің артын.
Жақсыға жасын сынап кәміл айтып,
Байлайық тиянаққа істің шартын.
Бұларға үлгі берген өзі сауап,
Қымбаттың арзанменен білер нарқын.
Көлденең көмейіме сөзім тоқтап,
Басылған талай жаннан біздің қарқын.
Осындай сөз айтты деп біреуге айтып,
Шығарар оқығандар сөздің дәрпін.
Береге ғылым жазып адам керек,

Біреу мыс, біреу қола, біреу алтын.
 Сонымен салмақтаған ер табылса,
 Айтылмай неге қалсын мениң атым.
 Dana, надан мағынасы екі түрлі,
 Сарғайып сана, жүрек болар салқын.
 Оқушым айтұшыдан болсын зият
 Ақыл, ғылым, пиғылдың білсін парқын.
 Астан жілік тістесін, тойдан ілік,
 Шарапатты жақсымен жүрсөң жақын,
 Сырлы сөзбен үлгілі жауап айтпай,
 Надандар қай сезіммен болар ақын?
 Мағынасы жолдастықтың қыын жатыр,
 Ойласаң әуел бұрын құрбы хәқын.

Шын жолдасын сыпайы сырттан мақтар,
 Әуелі шын сырласың ішін ақтар.
 Көзің жоқта сыртыңдан көмек болып,
 Біреуге жамандауға ұят сактар.
 Оқуға жеһат қылған жігіттерге
 Азғантай мен жазайын ақыл дәптер.
 Ұмытар жақсылығын ерден көрген,
 Әрқашан жаман жолдас бастан аттар.
 Қам меғыр шапағат кімде болса,
 Әуелі өзін біліп бойын шактар.
 Құл болмас, құны кетпес кішіліктен,
 Білімді терең ойлап сөзін саптар.
 Ал енді қандай жанда тиянақ бар?
 Ойласаң, білген адам соны жақтар.
 Бір дүшпан көре алмаған жамандаса,
 Жете алса жақсы жолдас сөзін ақтар.

Сыр шашпас жақсы жолдас таза жүріп,
 Қайғыға ортақ болар мойнын бұрып,
 Тастанас жау қолына қысылғанда
 Өзінмен жанған отқа бірге кіріп.
 Жекеге басын сақтап, өзін жақтап,
 Ер шерік айтқан сөзден кетпес іріп.
 Шырқырап шыбын жанын бірге салар,
 Мойныңа бір дүшпаннан түссе құрық.
 Айнымай, кетпес толқып, жаннан қорқып,
 Бәйгіге басын тігіп қалар тұрып.
 Құзырға қырық кісінің бірі жарап,
 Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып.
 Адамға мал мен мансап жолдас емес,
 Байлықпен шайқап төгіп, ішсен үріп.
 Қазына басқан байлық арылғанда,
 Алғандай қолдың кірін сумен жуып.
 Бір жылпос майдалықпен жағынам деп,
 Қызметін бір ниетпен алар жойып.
 Жамандық жақсылыққа бірдей болып,
 Жолдасың іші-тыстан болсын жуық.
 Шын жүрек, таза тілек табылмайды.
 Болмасын сырты күлкі, іші құлық.
 Бұл заманың тамыры құдандасты,
 Әуелі арбасумен ойлар сұмдық.
 Құданың бұйырмаған нәрсесіне
 Кіріптар боп жүреді адам мұңдық.
 Болмайтын өзі жалтақ, сөзі өсек.
 Дос қайда айрылмастай тап он жылдық!
 Өзіне келер пайда болса, оны алып,
 Тозбақ үшін жарагалдық дүние тұлдық.

Аңқайтып міз бақпайтын жерде қалар,
 Жамбастың шұқырындай жаңғыз бұлдық.
 Нәпсіге адам пенде жүрер күйіп,
 Кетеді кесепеті дінге тиіп.
 Тапырақтап өзінді өзің қор қыласың.
 Сайтаннан ту көтердің әскер жиып.
 Ой ғазазіл нышаны ойлағанға,
 Мағанасы күпірліктің көктен биік.
 Шүкір пікір кесірлік жаман емес,
 Майдалықтан жақсылық болар қыық.
 Бірінен соң бірі ретімен құрыған соң,
 Ақыл, жүрек тазарап ойы сыйып.
 Көніл баспақ көп ойлап көз жеткізіп,
 Тоқтау, сабыр ылайық нәпсі тыйып.
 Адам нәпсі шағуатқа ие болса,
 Өзін өзі қалыпқа қайта құйып.
 Баспасаң аса берер көніл көрлік,
 Пенде тияр сабырмен батыр туып,
 Аузын байлап баспаса ер болмайды,
 Ендігінің батыры жолы сұйық.
 Кісі өлтірген батырлық, ұрлық, құлық,
 Кітапта мұның бәрін дейді буық.
 Шын хақиқат шариғат дәлеліне,
 Әуелі нәпсі тыйған ерлік түзік.
 Ішкен, киген, дуниеге мастық қылған,
 Нәпсінің дариясына кеттік жүзіп.
 Біреуден бақыт, кіслік асырам деп,
 Бой созып, сайтан құсал тұрмыз қызып.

Жаман қатын

Болмайды сұлу құлықты жаман қатын,
 Білмейді оқытсаң да сөздің салтын.
 Ілмелеп салған жерден кекесін деп,
 Қылады ұрыс-жанжал сөздің артын.
 Кетеді таң атқан соң өсек бағып,
 Еріне былшылдайды елді шағып.
 Қонаққа тамақ бер деп ептең айтса,
 Жүреді теріс қарап сылбыр қағып.
 Аулақта жайғастырып айтсандағы,
 Құлағынан кетеді судай ағып.
 Ұрысуға болдырмайды үш күн салса,
 Сөйлесе ілестірмес сәумең қағып.
 Кісіге күле сөйлеп келмес жанап,
 Былшылдар ел көзіне байын қамап.
 Таусылды күні-түні ет пен шай деп,
 Қонағын қыстай келген бәрін санап.
 Көжені көп ішеді онашалап,
 Құрда боп ұсті-басы сары алалап.
 Ерінен сөйлегенде қалыспайды,
 Сүйрендереп алды-артынан жанасалап.
 Біреумен құрып отыр қатын кеңес,
 Сөздерін алмашалап салып егес.
 Әу демес шақырғанда, қайда десен,
 Өзіңмен сөз сөйлейді болып тендес.
 Құман жатыр күл болып домаланып,
 Шақ етер «қайда?» десен айқай салып.
 Құйғаны ақшыл шама құманына,

Шаймен дәрет аласың тазаланып.
 Сыпирмас үйдің ішін киіз қағып,
 Ешуақыт шаруа қылмас отын жағып,
 Тазалық үй ішінде болмаған соң,
 Бойында қадыр, баға қалар нағып.
 Кетеді таң атқан соң өсек қуып,
 Көрмеген тазалықты бұрын туып.
 Тыстан келсек от сөнген, үй қараңғы,
 Кетеді көргеннен соң ішің суып.
 Күлде жатқан қақпышты жеңмен сүртіп,
 Тозандай тазалыққа келмес жуық.
 Үй іші, шаруамен жұмысы жок,
 Именбес ері ұрысса биттей бұғып.
 Жаулығы желкесіне кетер қашып,
 Еріне қарсы сөйлер көңлін басып.
 Шығарып барлық шашын қоя беріп.
 Тұзы жоқ көжесінің тәгіп-шашып.
 Орамал жерде жатыр, кірі – батпан,
 Салдырлап аяқ-табақ қирап жатқан.
 Сүтінен шелектегі ит жаласа,
 Кет деп еш айтпайды құдай атқан.
 Бұл сөзім бәрі өсиет құлақ салса,
 Отырар үй жанына түзге барса.
 Бүркенбес, белін шешпес еш уақытта,
 Бұл мінезін, болмас жаман, есіне алса.
 Отырар екі етегін жерге жайып,
 Кетеді тізелері адырайып.
 Бүркенген иығында еш нәрсе жоқ,
 Өзіне бұл мінезі болмайды айып.

Жақсы қатын

Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ,
 Қасыңа шақырғанда келсе зырлап,
 Дауысы әу дегенде әрең шығып,
 Кеудесі еңкейгенде етсө бұлғақ.
 Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
 Дауысы жіп-жінішке, жұмсақ сөзді,
 Мінезі майға еріткен қорғасындай,
 Келсең де ертелі-кеш бір мінезді,
 Жұзінің ақ аралас қызыл беті,
 Жаман сөз сөйлемейді адал жұпты.
 Болғанда тісі аппақ, пісте мұрын,
 Ауызы қалжың сөзге болса епті.
 Кетеді түзге барса қырдан асып,
 Қосылған ғашық жарын көңілі тасып,
 Жақсы сөз, жаман сөзді бірдей біліп,
 Ерінің сөйлемейді көңілін басып.
 Аяғын табағымен қойған жуып,
 Сүйрендереп сөз сөйлемес өсек қуып.
 Бір сөзді екі сөз ғып еш айтпайды,
 Көбейсін ұрыс-жанжал қайдан туып?
 Болмайды киімінде еш уақыт кір,
 Құманда дәрет суы жып-жылы тұр.
 Сактанып өсек сөзден бойын бағып,
 Сүйрендереп абысынға айтпайды сыр.
 Кісі жоқ онаң бұрын ерте тұрған,
 Бұркеніп, он қолына алар құман,
 Етегі көйлегінің шұбатылып,
 Асады маң-маң басып екі-үш қырдан.

Жат мінез, шайпау сөзі еш болмайды
 Шақ етіп дауысы шықпас баланы ұрған.
 Ерте-кеш бір ауылдан ері келсе,
 Тап-таза үйдің іші сыптырылған.
 Жігітке адал жүріп болар серік,
 Қуанар ғазиз құрбы жүзін көріп.
 Білгізбей бар болса да, жоқ болса да,
 Ол бір марал, тұрғаны қасын керіп.
 Сыпаты жақсы қатын айтсам бітпес,
 Мадақлап жаман қатын ерін күтпес.
 Ұнатса аз ба, көп пе тамағынды
 Кез келсе кедейшілік ештеңе етпес.
 Көрмедім бір күн қызық бір күн қонып,
 Айттар сөз мадақтасам жатыр толып.
 Сөзімді көңілдегі жаза алмадым,
 Аттың жалы, түйенің қомы болып.

Мылтық пен мергеншілік

Мылтығың тұзу болсын, өзі сырлы,
 Сүйменді оғы болсын алты қырлы.
 Қолында қызыл темір қалың ауыз
 Алысы мен талғамас жақын жерді.
 Аузы тар, ішкі қыры болсын терең,
 Аң қашпайтын қанды ауыз, өзі перен,
 Артық салған дәріні көпсінбесін.
 Үстіне серіппейтін жақын жерден,
 Темірі бір қалыпты болмаса ала,
 Ауыр, жеңіл болмасын ортағына.

Көрінгенді алғандай көңіл шат боп,
 Мойныңа салып шыққан сақараға,
 Мылтығы шаңқ еткен жерді жарып,
 Көздеген дөп жеріне тисе барып,
 Асығып жан-жағына қарап мерген
 Мақтанып бауыздайды қоразданып.
 Қаның сұртпей пышағын қынға салып,
 Жаны шықпай тірсегін тесе салып,
 Ат пен тымақ өзектің ар жағында,
 Сүйретіп оған баар бір демалып.
 Абыр-сабыр жанына тез байланар,
 Мұны біреу алар деп көріп қалып.
 Тағы да аң көрінсе атайын деп,
 Атына ол мінеді даярланып,
 Оқшантай жоқ, құты жоқ баяғыдай,
 Бақалшыдай мойнына қоржын салып,
 Ол кезде жатқан аңнан қатты қорқар,
 Өлтіретін жауындай басын алып.
 Аяғын байқап басқан суда жүріп,
 Тым ұялшақ болады сонда тұрып.
 Мандайынан қарайды жылмырайып,
 Қай жерден атамын деп ой ойланып.
 Асығыс алабұртып қарағанда.
 Жатқан аң екі болар сағымданып,
 Сіңбіретін дәрмен жоқ, ол бір тар жер,
 Мұрны бітіп тұрса да қабаттанып.
 Бісміллә, алла әкбар деп айтады,
 Көңіліне жазса тәңірім мұны салып.
 Окудан соңғы өнер мылтық деген.
 Халайық құлақ қойсын тілге нанып,

Жері бар парызға да қосылатын.
 Және қару дұшпаннан жүрсөң алып,
 Атпағандар түсінбейді айтқанменен,
 Көніліне мергендердің бәрі де анық.

Заман адамы

Адамы бұл заманың әрбір түрлі,
 Сөзі жұмсақ, жайдары сегіз қырлы.
 Осындай сырты ажарлы болсадағы,
 Зәре қадар ағы жоқ, іші кірлі.
 Ізгілік жок, ойлайды қастелікті,
 Зипатлы болсадағы сырты сырлы.
 Жұпар мен гүл майының исін білмес,
 Зұлматтың тұмауымен біткен мұрны.
 Іші зұлмат болған соң керегі жоқ,
 Қаншама болсадағы жүзі нұрлы...

Жаманың ең жақыны болар қасы,
 Бір-біріне болмайды ықыласы.
 Жақсымын дегендерге қарап тұрсан,
 Бұзакылар болады балғаласы.
 Жынды менен тентекті кім тияды,
 Қария қалып, би болады ылғи жасы.
 Жылдан жылға өзгерген порым шықты
 Бұрынғының жоғалып қагидасы.
 Адамы бұл заманың бәрі «білгіш»,
 Қаз ала ма дегені тышқан ілгіш.
 Жауынды мен мұқатып беремін деп,
 Елде жанжал бар ма деп ізdep жүргіш.

«Білем» деп омыраулар білмесе де,
 «Сұнқармын» дер іштеңе ілмесе де.
 Дұшпаныңдан өшінді әперем деп,
 Іктиярсыз ертеді жүрмесе де.
 Қант пен шайын алған соң жұмысы жоқ,
 Үндемейді жолдасын тілдесе де.
 Судан таза, сүттен ақ болып жүру,
 Тозаң басып, кеудесі кірлесе де.
 Кеудесі ақ, айтқанында өтірік жоқ,
 Бұрынғыны айтсайшы кім десен де.
 Бұл күнгі адам семіре сөйлейді сөз,
 Ишкен асы бойына сіңбесе де.
 Білмейміз өнер алды тіл екенін,
 Пасықтықтың белгісі кір екенін.
 Өз көңілімен шахbazбын деп жүреді,
 Білмейді ақымақтармен бір екенін.
 Жамандар жақсы адамға сын тағады,
 Ойламас өз ісінің ірі екенін.
 «Пәленшешін қаласы пәленмін» деп,
 Ойламайды өзінің кім екенін.

Жастар би боп, кәрілер қалды босқа,
 Сенім жоқ осы күнгі жандай досқа.
 Басыңа дәулет құсын қондырады
 Осы күнгі мырзалар көңлі қошта.
 Дос қайсы, дұшпан қайсы біле алмаймыз
 Мәшейнемен жүреді сөзін пошта.
 Ақырында ер арқалап жаяулайсың,
 Бірігіп тілеулемес боп кірсөң досқа.

Байлық, көптік, мықтылық өзінде боп,
 «Е-е-лесе» көрсетер сөзден нұсқа.
 Бір мысқал жақсылықты білмесе де
 Жамандықтың жағына қандай ұста!
 Ақылды қария қалып жүдедік қой.
 Қария барда әр іске бір едік қой.
 Қараса талайлардан мыс көрінер,
 Бұрын таза, арам жоқ дүр едік қой.
 Жаманды аса мақтап адам қылыш
 Өзіміз осы күнді тіледік қой.
 Питнені ойға келген қуа-қуа
 Жоғарылап жамандыққа үдедік қой.
 Бұрынғы жақсы жолдан сыптырылып,
 Биғын жеген қаршығадай түледік қой.
 Ата-баба халалдық ғұрпын қойып,
 Аласпай соныменен жүр едік қой.
 Жастардың заманында адасармыз
 Жалынсақ жастарменен жанасармыз.
 Қуланып селтеңдеген біреу көрсек,
 Соған жақын болғанша таласармыз.
 Бойымызға заһарын жайып алыш,
 Бұрынғы ескі жолды қарасармыз.
 Құбылып жылдан жылға азды заман,
 Қорлықпен енді бітер есің тамам.
 Шіл боғындей тоздырып ұстап жүртты.
 Бүгінгі кісімін деп жүрген адам.
 Араздарды келтіріп татулыққа,
 Ынтымақ ізденетін ата-бабаң.
 Жақсылықтан жамандық асып кетті,
 Бой бағып тұру артық келсе шаман.

Бой бақпай бетіңменен аға берсең,
 Ақырында пұлсыз болып кетер бағаң.
 Әр уақыттың өз ғылымын білу керек,
 Бәрінен ғапыл болып қалған жаман.
 Тексеріп қарайтұғын әділ қайда?
 Бала би боп, ақсақал қалды жайға.
 Олардың заманында зорлық жоқ боп,
 Жетім жесір, нашарлар көрген пайда.
 Сүйткен әділ қариялар өтіп кеттің,
 Тақсырлар, ісің жақсын бір құдайға!
 «Қайтсем пайда қылармын, деп, нашарлардан»
 Осы күнгі жақсылар құрап алға.
 Жарты ақысын сінірер о деп, бұ деп,
 Нашарлар қызмет қылып жүрсе байға.
 Көнілінен шықпасаң күнің қараң
 Байдың ісі барабар наизагайға.
 Бәрі баймен балғалас сөзі бір боп,
 Би, болыс, бара алмаймыз ауылнайға.
 Үшеу тортық бір тұрса көптік айтып.
 Күжілдеп мас болады ішкен шайға,
 Ақылсызға бір үйір қара бітсе,
 Мақтанып, сыймай жүрер қыр мен сайға.
 Орынсыз кейбір ақымақ мақтанады,
 Көлденең басқа біреу қарамай ма?
 Үйінде нан мен шайға жарымайтын,
 Тойғандай желпінеді аппақ майға.
 Жақсының жаман тартар аяғынан,
 Ит те қарап ұлиды күн мен айға.
 Ит үргенмен кеми ме күннің нұры,
 Жамандардың итпен тең болар күны.

Жақсының аяғынан алғанменен,
 Жақсыменен бірдей ме жаман пұлы?
 Боқ иісін білмейтін жаман адам.
 Жанға ортақ киімінде-міс жүрсе тірі.
 «Пәленшениң баласы пәленмін» – деп,
 Аузынан шыққан сөзі қандай ірі!
 Тілі аңы, сөзі семіз, өзі арыстан,
 Жаманың таусылмайды айтсам жыры.
 Осы күнгі адамның осалы жоқ,
 Кейбіреуі білмейді жақсан да от.
 Өмірінде құт орнаған байдан артық,
 Ақылсыз болып жүрсе тамаққа тоқ.
 Білімпаздан жаңалап порым шықты,
 Бұрынға ата ғұрпын қылышп мансұқ.
 Жақындасан ұшқыны тимей қалмас,
 Жаманың кесапаты жайнаған шоқ.
 Бұрынғы мырза қайда ат беретін?
 Қасіреттенсөң, көнілге шат беретін?
 Арықтаса тағы да менен мін деп,
 Уағда қылышп қолынан хат беретін?
 Бұл күнде ат сұрасаң тай береді.
 Оны да он барғызып жай береді.
 Бұрынғы әдетпенен барсаң байға,
 Ет орнына жүргізіп шай береді...
 Бай қайда ат пен сауын беретүғын?
 Дүшпаның байлықпенен жеңетүғын?
 Таныған, танымаған ішіп, жеуге
 Үйіне күндіз-түні келетүғын?
 Дастарқанға тергеусіз болғаннан соң
 Өз ұлындаі нашарға сенетүғын.

Өл десе бас тартпайтын жұмысынан,
 Нәсібін нашар сүйтіп теретүғын.
 Ендігі бай әуелі нашарды жер,
 Нашарды көрсө кекеп сөйлейді кер,
 Бір нашар ақша қарыз сұрап барса,
 Берейін, қызметке маған жүр дер.
 Ауысып бір нәрсесі жүрген болса,
 Сұрағанда шығарар мандайдан тер.
 Қолда жоғын білген соң тым жабысар:
 «Қызмет қыл, ия болмаса малынды бер!»
 Басын сатып ала алмай бір кірген соң,
 Осыменен қор боп жүр неше ерлер...
 Бұрынғы ата ғұрпы қандай еді?
 Ниеті бұлтсыз күнгі тандай еді.
 Ақылын білмегенге адал айтып,
 Пендеge жақындығы жандай еді.
 Тұзу жол жылы жүзбен көріскенде,
 Бір сөзінің ләzzаты балдай еді.
 Пайдасы ақылының қариялардың,
 Олжа қылып айдатқан малдай еді.
 Жылдық үнем болатын, айлық азық
 Ақылы қазы, қарта, жалдай еді.
 Бұрынғы адамдардың жузі жылы,
 Сөзі жұмсақ, ниеті ақ, қудай қылы,
 Алыс-жақын адамды бірдей көріп,
 Ықтиқатлы болатын майда тілі.
 Осы күнгі нендейін білімпазды
 Қызықтырды дуниенің жайған күлі...
 Бұрынғы батыр қайда тіккен туды-ай.
 Қайырлы байлар қайда ақсан судай?..
 Замананың азғаны сол емес пе? –

Бала кетті атаның жолын қумай.
 Ел құты, жұрт сауыры секілденді
 Бұрын асын ішетін қолын жумай.
 Бір туған ағайынды үшеу болса,
 Өзіне-өзі көрінер қалың нудай.
 Айтқан сөзі шығады ту сыртыңнан,
 Жауабына қарасаң заһары удай.
 Бұрынғы ескі байдан исі шығар,
 Дариядан мұнарланып шыққан будай.
 Бұрынғы бай дариядай тасушы еді.
 Толқыса шарасынан асуши еді.
 Тойғаннан соң сойылын тегіс ұстап
 Дүшпаны маңайламай қашушы еді.
 Қайыры жоқ көк қарын жаңа байды,
 Ескі байдың аруағы басушы еді
 Нашарларды күн көріп, жүдеме, деп,
 Малын жұртқа аямай шашушы еді,
 Баласындай нашарды қорғаған соң,
 Дүшпанының сүйегі жасушы еді
 Сондай байды табамыз енді қайдаң?
 Теп-тегіс тигізетін жұртқа қайран.
 Бір нашардың қарасы көрінгенде
 Ендігі бай қашады анадайдан.
 Бұ құнгі байға сүйткен кісі жағар,
 Отын кесіп, шөп шауып, малын жайған.
 Тілін алып бармасаң жұмысына
 Жазғытұрғы бурадай адырайған.
 ... ойынан шыға алмасаң,
 Жүріп пәле іздейді әлдеқайдан.
 Атын мініп, ақшасын ұстағандар

Өз бетімен жүре алмас қылыш сайран.
 Ақша ұстап сауда қылар ырымдай қып,
 Бай жұмсап жүрседағы құлындаі қып,
 Базарға барған сайын пайды бер деп
 Тапсырар ұстаушының құнындаі қып.
 Жақсы нәрсе, бар асын байға беріп,
 Жүгірер қызметіне құлындаі боп.
 Пенденің жетпес көзі келесіге,
 Ибілістің кірмеу керек егесіне.
 Шатланып, ғибрат алып, зейінің артар
 Жүйріктер құлақ салсам кеңесіне.
 Әзелде қайыр ұшар жазылған соң,
 Ант етем жоққа қайғы жемесіне.
 Көңілді ықыласпенен хаққа қойып,
 Міну шарт тәуекелдің кемесіне.
 Кей сабаз тәуекелге бел байласа,
 Оқ тисе де, ыңқ етпес, денесіне.
 Жеткізер мұратыңа хақ тағала,
 Насоқ тәубе байланса шекесіне.
 Өмірде ғыбадатқа сарып қылсақ,
 Қолдасайын еш нәрсе демесіне.
 Бұ дүние баяны жоқ бір кең сарай
 Батырлар кіріп шыққан талай-талай.
 Қызмет қылсақ көп хақы жал аламыз
 Алланың әмірінде біз бір малай.
 Кейбіреу байлық айтар малыменен,
 Жүреді нәпсісінің қамыменен.
 Сарандығын қоймайды кейбір адам,
 Төрт түлік мал жүрсе де парыменен.
 Мақшарда әділ патша құзырында

Әлек болар малының саныменен.
 Кей сабаз малдың жоғын есеп қылмай,
 Хақ қызмет қылады жаныменен.
 Өзі надан болса да оқымыған
 Иман табар көңілінің ағыменен.
 Бұ ұние опасы жоқ, өмір жалған,
 Біреуге шат, біреуге қайғы салған.
 Бұ пәни ғапылдықпен өтіп кетсе,
 Рахмет пен шапағаттан мақрұм қалған.
 Қайыр-ықсан қылмаса пақырларға
 Пайды жоқ бір тиындал жиған малдан
 Мазлұмдардың дүғасы мақбұл деген.
 Мен де дүға тілеймен мүміндерден.
 Латықнұтуа рахматулла деген өзі,
 Тілеймін екі жұртта хақтан жәрдем.
 Алтынын сөйлеу керек, жезін айтпай,
 Қыынды іздеу керек тезін айтпай.
 Малай ақыны сөйлейді жанның көбі,
 Әділ де шәргия сөзін айтпай.
 Біреудің бір ширегін жария қылар,
 Кейбіреу өзіндегі кезін айтпай.

Кеңес

Құр қуыс жаман әйел – қырсық тағы,
 Кедейден бай болғанның кетпес табы.
 Мәстекке арғымақтан айғыр салсан,
 Тартпайды әкесіне, болар жабы.

Жігіттер, қатын алсаң кеңеспен ал,
 Ақылдастып кеңесте зейінге сал.

Қызығып аты әйел деп ала қалсан,
Мойныңа үзілмestей шынжырды сал.

Мойныңа шынжыр түссе үзе алмассың,
Жаман деп, бала болса, беле алмассың.
Қаншама құтылуға ойласаң да,
Қолқаға жақыныңа берес алмассың.

Өсиет өлең

Уа, шіркін, кедейліктен кісі өлмейді,
Өлмегені құрысың, ісі өнбейді.
Аузың бұлбұл, аяғың дүлдүл болсың,
Ер жігіттің аяғын кісендейді.

Ер жігіт мақтанады асы болса,
Биік тау шаттанады тасы болса.
Сол жігіттің басына бақыт қонбас,
Ағайыннан алданған қасы болса.

Жігітке кедейшілік намыс емес,
Жоқ болсан, туысың да таныс емес.
Суық су, арық соғым, жаман әйел—
Үшеуі кедейліктен алыс емес.

Жігітке ең керек іс— білім деген,
Білімсіз ілтипатқа ілінбеген.
Білсеңіз елден таңдал бір сұлу ал,
Қыпша бел, оймақ ауыз күлімдеген.

Үшінші, елден таңдап бір жүйрік мін,
Көзіне көрінгенен сүрінбеген.
Төртінші, заманыңда куліп-ойна,
Бір кезде шал боларсың дірілдеген.

Сал жігіт сүйер ғашық жарды айтады,
Бай кісі қорадағы малды айтады.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын,
Үшеуі ер жігітті қартайтады.

Дұние жеткізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасаң да.
Баласы құладының қу ілмейді,
Тұғырға баптап неше байласаң да.
Шын тұлпар дүбір көрсе тоқтамайды,
Тас қылып төрг аяғын байласаң да.
Жатпайды болат пышақ қап түбінде,
Өтпейді жасық темір қайрасаң да.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдасаң да.

Қаршиға әлсіз болса, қаз алмайды,
Ер жігіт малсыз құлаш соза алмайды.
Бұл дұние жұртты алдаған бейне базар,
Әр адам өз әлінше базарлайды.

Жаманды жақынсынып есепке алма,
Айырып туысқанды өсекке алма.
Жетем деп осыменен мұратыңа,
Тұлпарды айырбастап есекті алма.

Ақан сері айтқан әйел сыны

Ақыл – шам, керек оған май мен білте,
Сасарсың кеш боп қалсан, ескер ерте.
Кеш болмай, күн бұрыннан жабдық сайлап,
Қолыңа түсіре бер бірте-бірте.

Кім мінер ел көшкенде тауып атын,
Жігіт жоқ танитуғын әйел затын.
Дүниенің тұрақтайтын мекені осы,
Гүл жүзді, шырын сөзді жақсы қатын.

Белгілі ұргашының бізге жайы,
Бұл күнде мал боп кетті қыздың байы.
Қарауыл кәні құлан, түссе қолға,
Қатынның барып тұрған қақ мандайы.

Болмайды онан кісі ерте тұрған,
Бұландарап оң қолына алар құман.
Кейлегінің етегі шұбатылып,
Асады маң-маң басып екі-үш қырдан.

Аймақты ауыл, қоңсы бірдей сыйлап,
Адамды ренжітпес текке тұрған.
Ерінің бары-жоғын білдірмейді,
Қонаққа қандай жайлы ол антұрған.
Ешкіммен бет жыртысып көрген емес,
Шақ етіп, дауысы шықпас баланы ұрған.

Бұлттан шыққан күндей көрсөң жүзін,
Келтіріп әрбір тұрлі күймен сөзін.

Толғанып, оқжыландай толықсиды,
Пендеге сынатпайды басқан ізін.
Ал сонда түгел болар ажар-көрік,
Мінезі сымбатына болар серік.
Алыстан құрбыларын лебі тартып,
Боп жүрер кім көрінген оған жерік.

Көрмедік өндеп түгіл, түсте де біз,
Қыламыз сенің үшін әңгіме сөз.
Бірден соңғы әйелдің бабірігі,
Алып кете жаздайды қиғашты көз.

Ішпей-жемей тойғызып сөзіменен,
Жақсы әйелді бәстес қып өзіменен.
Шығып кете жаздайды кеуденен жан,
Мәлдір қара, қарақат көзіменен.

Танимыз осылай деп әйел түрін,
Мінезін, ажар-формын, көрік-нұрын.
Нөмірге, міне, үшінші жаңа келдік,
Ақ мамық, үлпілдеген бота бұрым¹.

Іс болар басқа түскен ол бір сарсан,
Жаманнан құтылмассың қайда барсан.
Төртінші нөмерлі әйел көңіл ашар,
Алқызыл, ақ саладан қимылға алсан.

Қол жетпес сермегенмен көктегі айға,
Дерт болар бірдей келген жарлы-байға.

¹Бота бұрым – ботаның жүніндей үлпілдеген деген мағынада

Жолама шамаң келсе бесіншіге,
 Жай бабірік, жайма төсек жадағайға.
 Сыяды қанша иірсең жіп ұршыққа,
 Ілінсең шыға алмайсың бір қырсыққа.
 Шалсан да боз қасқанды құтыл сонан,
 Сары аю, сартылдаған тымырысыққа.
 Шошытар иманыңды кейбір жауыз,
 Дәні жоқ іліп алар бәрі қауыз.
 Дүшпанға досың түгіл, кез болмасын,
 Талайтын ит сияқты қисық ауыз.

Тай ойнап, тақыр жерге жылқы жусар,
 Не жұтса, ит баласы соны құсар.
 Өлікті бір аманат сақтағандай,
 Тұнжырға томағалы болма душар.

Үй ішін жаман қатын тұмандатар,,
 Домалап от басында құман жатар.
 Тазалық үй ішінде болмаған сон,
 Күнәға жігіт адам сонан батар.

Көйлегі жуылмаған май-май ғана,
 Байымен ұрысады таймай ғана.
 Сыртына шөмішінің битін сығып,
 Салады қазанына шаймай ғана.

Ойламас бұл байының ата тегін,
 Сонымен қатын алар байдан кегін.
 «Үстіңе киім кисен, жыртасың» деп,
 Бермейді және жамап екі жеңін.

Айтамын замандасқа біраз кеңес

Бірінші жігіттің сипаты:

Айтайын замандасқа біраз кеңес,
 Жігіттік талап еткен жаман да емес.
 Өнермен талпынам деп орға түссе,
 Өкініп өз ісіне қайғы жемес.
 Атағы артта қалған кей сабаздың
 Өлсе де, оның сөзі өлмек емес.
 Жұлдызы ер жігіттің онынан шығып,
 Бақ қонса ғажап емес ертелі-кеш.
 Келгенде оралыңа ойнақтап қал,
 Келмейді қайта айналып бұл жиырма бес.

Жастықта әр тараптың басын шалсан,
 Қармақты тәуекел деп суға салсан.
 Еңбегің еңбектеген кетпес зая,
 Міндетке бір жетерсің ойыңа алсан.
 Жігіт бар он үш түрлі біз білетін,
 Соларды баяндайын, құлақ салсан.

Әуелі абзалында жігіт басы
 Биік боп тұрар оның дәрежесі.
 Бәйгеден күнде келген ол бір саңлак,
 Жабының тең келмейді жұз бағасы.
 Ілмейтін көлден таңдал қудан басқа,
 Алынған ақ тұйғынның томағасы.

Бір мінез, әрі дана, дархан лебіз,
 Айнымас темір қазық уәдесі.
 Қолға алса күллі жанды раушан еткен
 Дұниенің мысалы абзал гауһар тасы.

Екінші жігіттің сипаты:

Екінші бір жігіт бар баулы құстай,
 Бауынан босанбайды жазы, қыстай.
 Ерігіп құсқа салса ілмей түспес,
 Босатар тегеуріні мықтап қыспай.
 Зауыттан жаңа шыққан екі жұзді,
 Алмастай, майысатын емес мыстай.
 Ол-дағы қаз ілгендей бір қаршыға
 Жіберсе бабын тауып, көлге нұсқай.

Үшінші жігіттің сипаты:

Үшінші бір жігіт бар толық торы,
 Ойлайды кез келмес деп дүшпан оры.
 Ауызбен нағыз асыл жігітпін деп,
 Кеудесін көтеретін таудай зоры.
 Құлашын жас кезінде сермей алмас,
 Жетсе де неше апатқа созған қолы.
 Аударып бірін-бірі әкете алмас,
 Тең тұрар таразыда оң мен солы.
 Қырандай бау аспаған көлбелендереп,
 Көмескі із түспеген жүрген жолы.
 Білемін бір жігіттің білсе-дағы,
 Не керек зая кеткен білген молы.

Төртінші жігіттің сипаты:

Төртінші бір жігіт бар мінезі ауыр,
 Асылзат ажар берген, өні тәуір.
 Жетсе де неше атырапқа атақ-данқы,
 Қажымас қара етті, аттай берік сауыр.
 Алмай ма аманатын қолын созса,
 Желдетіп соқса-дағы үлкен дауыл.
 Топ көрсө, бәйге атындей шабатұғын,
 Тұрады жалы барға өкпе-бауыр.

Бесінші жігіттің сипаты:

Бесінші бір жігіт бар терең ойлы,
 Сыр айтып еш адамға бермес бойды.
 Өнерін жақсы-жаман іште сақтап,
 Шығарып майда тілмен перуат қойды.
 Адамға жүйрік ақыл бере тастап,
 Талайдың қабыл-ғапыл сырын жойды.
 Тұсіріп ақ көңілді қайласына,
 Ішінен білдірмestен бітеу сойды.
 Ол жігіт тұлкіге ұқсас айлакер-ді,
 Із тастап, бірдей жортты қыр мен ойды.

Алтыншы жігіттің сипаты:

Алтыншы бір жігіт бар қарқылдаған,
 Арсызды ілтипат қып алқымдаған.
 Ақ жарқын, ашық ықылас ол бір шаһуаз,
 Ақ көңіл, ашық мінез аңқылдаған.
 Ажалсыз маған тағдыр келмейді деп,
 Қарысып дұшпанынан тартынбаған.

Жетінші жігіттің сипаты:

Жетінші бір жігіт бар желдей есер,
 Байлаусыз әр сөзінің артын кесер.
 Бір көрген жат адамға сыр алдырып,
 Сырының іштен жанған бәрін шешер.
 Баянсыз ұшпа бұлт секілденіп,
 Дуниеден биопасыз күнін кешер.

Сегізінші жігіттің сипаты:

Сегізінші бір жігіт сегіз қырлы,
 Нық сөзді, раушан көңіл, жалғыз сырлы.
 Сөзінен тартқан сымдай теріс шықпай,
 Сау басын шатыстырмас іске кірлі.
 Құйқылжып ақ бүркіттей төңкеріліп,
 Сөйлейді әр мәжілісте әрбір түрлі.
 Жігіттің онды-солды құлқын танып,
 Эркімнің өзіне сай табар тілді.

Тоғызыншы жігіттің сипаты:

Тоғызыншы бір жігіт бар қоңыр бәрік,
 Жел шықпай қозғалмайды белгі беріп.
 Табандап шана тартқан өгіздей боп,
 Шығармас сырын сыртқа сондай берік.
 Кісіден алса алып, өзі бермей,
 Қайла мен ақылына болған серік.
 Қызбайтын топты көрсе қалың тери,
 Базарда бағасы бар қырық теңгелік.

Оныншы жігіттің сипаты:

Оныншы бір жігіт бар қатын жанды,
 Киеді қатынынан артылғанды.

Аяғын қия жерге бір баспайды,
 Алдынан құрулы арқан тартылған-ды.
 Біріне-бірі сондай машықтасып,
 Қызықпен таңды солай атырған-ды.
 Бұл жігіт әйелменен бірге қисап,
 Әйелге жақын қеліп ғапылданды.
 Әйелдің қолтығына кіріп алып,
 Не айтса, бәрін соның мақұлладады.

Он бірінші жігіттің сипаты:

Бір жігіт он бірінші өсек айтар,
 Ауызбен көп адамды ол байытар.
 Кішкене торсығына сөз құйып ап,
 Апарып әр ауылға барып шайқар.
 Жамандап бірді-бірге құйылыстырып,
 Қуанып ат алғандай үйге қайтар.
 Дұрыс сөз ақылынан шықпаса да,
 Қынадан жаман сөздің түбін байқар.

Он екінші жігіттің сипаты:

Бір жігіт он екінші кербез сал-ды,
 Бойына адамдықты жиып алды.
 Өзіне өз жұмысы макұл болып,
 Көзіне кеңес айттар ілмес жанды.
 Кісіге бойын беріп жақын келмес,
 Семірген мәстек аттай майлы жалды.
 Сіресіп сықырлаған тәкаппар боп,
 Ойланып өзгелерден білмес халді.
 Майданда кейбір жігіт жалғыз тұрар,
 Ойға алмай, санамастан дүние малды.

Он үш жетім

Жас гүлдер жайнатады жердің бетін,
 Көтеріп қуантқандай ел ниетін.
 Айтайын тыңдасанызың біраз кеңес,
 Бар екен бұл дүниеде он үш жетім.

Намаз бен мешіт – жетім, оқылмаса,
 Дәріске білсін қайдан отырмаса?!

Екінші, бұл дүниеде әйел – жетім,
 Кезінде теңін тауып қосылмаса.

Ер – жетім, ақылсыздан әйел алса,
 Отырып отбасында тақымдаса.

Ат – жетім, өрен жүйрік шабылмаса,
 Бойынан аңы тері алынбаса.

Құс – жетім, ерте түлек салынбаса,
 Салатын саятшысы табылмаса.

Сакара, жайлау – жетім, көлдер – жетім,
 Қасына мұнарланып ел қонбаса.

Таусылған, кірер үй жоқ, кәрі – жетім,
 Ойнайтын тең құрбысы табылмаса.

Сегізінші, бұл дүниеде ғалым – жетім,
 Құр босқа алтын сөзі алынбаса.

Тоғызыншы, бұл дүниеде кедей – жетім,
 Байлардан еңбек қақын ала алмаса.

Тағы да бұл дүниеде нашар – жетім,
 Жеріне барам деген бара алмаса.

Тағы да, он бірінші, қалам – жетім,
 Жазатын ерлері оның табылмаса.

Тағы да, он екінші, қағаз – жетім,

Бәрінен, он үшінші, қазақ – жетім,
 Қорқақтап жан-жағына алаңдаса.
 Қорытынды сізге деген ақыл сөзім,
 Өкінер бұдан ғибрат ала алмаса.

Жайықтың ақ тұлкісі аралдағы

Жайықтың ақ тұлкісі аралдағы,
 Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы.
 Қараймын томағамды ашып-жауып,
 Тауыңың ақырықшы Оралдағы.
 Ертістің құба талы секілденіп,
 Алдымнан майысып шық бұрал-дағы.
 Жаудырап екі көзің отырасың,
 Тұндырған шай секілді құмандығы.
 Көзіме мұнарланып көрінесің,
 Тұлкідей тұра қашқан тұмандығы.
 Сен болсаң ал – қызыл гүл, асыл еркем,
 Мен бұлбұл сайрап тұрған иран бағы.
 Құрбына назарынды бір салмайсың,
 Кер тағы сияқтанып құландағы,
 Қалқыған дариядағы сен бір кеме,
 Ішінде бір шам – шырақ бұрандалы.
 Қайратпен қаһарманша бекінсең де,
 Тәуекел майданында тұрам-дағы.
 Жайықтың сіз қоныр қаз қырындағы,
 Біз сұңқар, сізге тиген ұрымдағы.
 Барып ем ілейін деп суға тұсті,
 Қаз еken дарияның сыртындағы.
 Болмаса ақ тұйғынның балапаны,
 Қай құстар іле алмаған бұрын-дағы.

Сен болсаң адамзаттың асылысың,
Біз қанжар алтындаған қыныңдағы.
Ұнаса көңіліңе перизатым,
Жүре бер беліңе алып буын-дағы.

Көңіл тілегі

Бағаңа құн жетпестің бірі едіңіз,
Бақшада жаңа шыққан гүл едіңіз.
Сұқсырдай су ішінде мекен етіп,
Ілінбей қармағыма жүр едіңіз,
Көрініп қолға түспей жүрсің, қалқа,
Қай жерде мекен еткен түнегіңіз.
Түн қайтып түнегіңнен ұшқаныңша,
Үзілмес сірә сізден күдеріміз.
Үмітім көңілімдегі бітер еді,
Артылса ақ төсіне білегіміз.

Көңіл сыры

Көзіңнің құмартамын қарасына,
Ғашықтың құлағың ал наласына.
Бәйге алған топтан асып Құлагердей,
Үш жүздің мәшһүр болдың баласына.
Мен болып қыран бүркіт ілер едім,
Тұлкі боп шықсаң таудың баласына.
Өзіңнің мәртебене хат жазамын,
Қалдырма дұшпанымның табасына.
Ежелден қызы-бозбала болғаннаң соң
Біреудің біреу қалар жаласына.
Адасқан жалғыз қаздай үнің шықпас,

Ілінсөң жайған тордың шарасына.
 Шен алған ақ патшадан князъдайын,
 Біліндің тоғыз дуан қаласында.
 Көнілім сені көрсем болады шат,
 Қонғандай бәйтеректің панасына.

Перизат көркің артық тамам жаннан,
 Сейлесен сөзің тәтті шекер-балдан.
 Сүмбіл шаш, оймақ ауыз, меруерт тісің,
 Құрбында сені құшқан қалмас арман.
 Асыл зат, алқызыл гүл сен болмасан,
 Жаманға кісі емеспін қолқа салған.
 Айтатын бір-екі ауыз бар еді назым,
 Айтайын сол назымды көніліме алған.
 Қыз – жігіт теңін тауып ойнап – күлмек,
 Бұл мирас бұрынғыдан бізге қалған.
 Бір күні қапа болып өкінерсің,
 Басында тұра бермес дүние жалған.

Перизат, бір сен үшін қапаландым,
 Сағынып сипатынды хатқа салдым.
 Ойласам сіз тараптан жауабынды,
 Баса алмай аяғымды естен тандым.
 Етпесең өзің біліп бір дауасын,
 Тәңім дерт, көнілім қапа, от бол жандым.

Ей қалқа, сенің үшін жайдым торды,
 Танитын кезің болды он мен солды.
 Сүмбіл шаш, қарақат көз, жазық маңдай,
 Көретін күн болама бейне хорды.

Жұзінді көптен бері көрмеген соң,
 Жүрекке бітпейтіндей қайғы толды.
 Тас есік тамнан үйді мекен етіп,
 Жұзінді көре алмайтын заман болды.

Жастық шақтар

Туған соң аназыздан шықсаң бірге,
 Еңбектеп екі жаста жүрдің төрде.
 Үш жаста талпындыңыз үй ішінде,
 Төрт жаста қадам асып жүрдің жерде.
 Бес етіп сонда шықтың алты жасқа,
 Лайық баққа біткен қиғаш қасқа.
 Жетіде талпындыңыз жүйрік аттай,
 Сегізде үкілі шоқты тақтың басқа.
 Тоғызда толықсыдың туған айдай,
 Ләzzатті сөзің тәтті шекер балдай.
 Оныңда сан құрбынан озып шығып,
 Он бірде жайтандайсың тұрымтайдай.
 Он екіде екпіндердің жүйрік аттай,
 Он үште ешнәрсеге жүрдің батпай.
 Он төртте алтын тудай айқындалып,
 Әлемге мәшіүр болдың жазған хаттай.
 Он бес пен он алтыға бастың аяқ,
 Он жеті о да тұр ғой жақын таяп.
 Уа, шіркін, қыздың күні он сегіз ғой,
 Жанымды қияр едім аямай - ак.
 Он тоғыз, жиырмаға бастың қадам,
 Күн шалар көк орай басын күзге таман.
 Жиырма бір, жиырма екі қалса кейін,

Ілгері сол жасыңнан үшпас баған.
 Келетін мұнан соңғы жиырма үш,
 Жиырма төрт қалса кейін ол бір таныс.
 Немене айтып - айтпай пани жалған,
 Артында қала берсе жиырма бес.
 Құтқармай жиырма алты о да келер,
 Кемуге күн - күн сайын пенде күтер.
 Құрысын жиырма жеті, жиырма сегіз,
 Жүйрік ат одан асса табады өнер.
 Жиырма тоғыз, отыз о да жаман,
 Келмейді қайта айналып өткен заман.
 Қызықты жас қундерді айтып өттім,
 Аяғы осыменен болсын тәмәм.

Жігіт сипаты

Жігіт боп гауһар тастай асыл болса,
 Әлсізге жаны кілең ашыр болса.
 Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас,
 Не пайда шүберектей жасыл болса.
 Көзі де, көңілі де соқыр қараңғының,
 Несі адам түк білмейтін масыл болса.
 Наркескен қайырылмайтын қылыш болса,
 Мінез, ақыл, өнері дұрыс болса.
 Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт
 Жорғадай тілі майда жүріс болса.
 Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз,
 Еткені берекелі жұмыс болса.
 Бұл айтқан ақылымда жалған бар ма?
 Көріндер миға салып бұрыс болса.

Бозбала шамшырақтай фанар болса,
 Ішінде қалың топтың жанар болса.
 Ақиқат адамдықтың белгісі сол,
 Су берсең, балдай көріп қанаң болса.
 Ақылсыз кейбіреудің мінезі сол,
 Бір сөзді екі қылып жамар болса.
 Бұл саған айтқан, досым, өсиетім,
 Жүре бер тыңдамай - ақ залал болса.

Қыз сипаты

Бірінші бір қыз келер ақша мандай,
 Жамағат - ұлкен - кіші мақтағандай.
 Анадан туғаннан - ақ болып дана,
 Әлінше жақсыларды жақтағандай.
 Құрбысын жауға бермес ол шаһыбаз,
 Жолдасын сары алтындай сақтағандай.
 Жүреді теңін тауып ойнап - күліп,
 Сыны жоқ жұмысының ақсағандай.
 Екінші бір қыз келер тілі жорға,
 Ұқсаған жұмақтағы бейне хорға.
 Ажары, ақша беті сағымданып,
 Жарасар құлағына алтын сырға.
 Ушінші бір қыз келер қара шашты,
 Құлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.
 Шомылған айдын көлдің акқуындай,
 Отырап ағажан деп кәрі - жасты.
 Төртінші бір қыз келер қара торы,
 Бұлғақтар шекесіне таққан шоғы.
 Өз ісін өзі білмей жұртқа құлдер,

Білініп жүрсе - дағы нәзік жолы.
 Бесінші бір қыз келер сұрша жайдақ,
 Отырар тәуекелге белін байлас,
 Көңілі жас - кәріні бірдей көріп,
 Нәпсіні семіртеді майдай шайнап.
 Алтыншы бір қыз келер толық сары,
 Бойына тең келмейді жанның бәрі.
 Лайықты өзіне тең таппаған соң,
 Кетпейді көкіректен қайғы - зары.
 Жетінші бір қыз келер алым - салым,
 Болғанда мойны қысқа, шашы қалың.
 Әрқашан осындайға кез келеді.
 Қашаннан арылмаған соры қалың.

Әйелдер сипаты

Ақыл - шам, керек оған, май мен білте,
 Сасарсың кеш бол қалса, егер ерте.
 Кеш болмай күн бұрыннан жабдық сайлас,
 Қолына түсіре бер бірте - бірте.
 Кім мінер, ел көшкенде тауып атын,
 Адам көп танитұғын әйел затын.
 Дүниенің тұрақтайтын тұрағы екен,
 Гүл жүзді, сырлы жүзді жақса қатын.
 Белгілі ұргашының бізге жайы,
 Бұл күнде мал бол түр ғой қыздың байы.
 Әйелдің ақылдысы қолға түссе,
 Адамның барып тұрған ақ маңдайы.
 Бұлттан шыққан күндей көрсөң жүзін,
 Сөйлесер әрбір түрлі күймен сөзін.

Толғанып оқ жыландай толықсыса,
 Ешкімге білдірмейді басқан ізін.
 Ал сонда түгел болар ажар, көрік,
 Мінезі ажарынан болар серік.
 Алыстан мекеніне лебі тартып,
 Болып кетер қызыққандар оған жерік.
 Әйелді сыйлау керек ескеріп біз,
 Оларға айту керек орынды сөз.
 Жақсы әйелге көз салып бір қарасаң,
 Алып кете жаздайда қиғаштап көз.
 Ішпей, жемей тойғызып түріменен,
 Көрінгенді бәстес қып өзіменен.
 Шығып кете жаздайды денеңнен жан,
 Көзінің қойса қарап қырыменен.
 Танимыз осылайша әйел жүзін,
 Мінезін, ақыл, көрік, бал мінезін.
 Айтуға үшіншіні жаңа келдік,
 Ақ мамық ұлпілдеген бота көзін.
 Іс болар, басқа түскен бұл бір сарсаң,
 Жаманнан құтылмассың қайда барсаң.
 Төртінші бір әйел бар көңіл ашар,
 Алқызыл, ақ сұлудан келін алсаң.
 Қол жетпес сермегенмен көктегі айға,
 Дерт екен, бірдей келген жарлы байға.
 Жолама шамаң келсе бесіншіге,
 Жай жайма, жайма төсек жер алмай ма?
 Сияды қанша болса жіп үршыққа,
 Ілінсең шыға алмассың бір қырсыққа.
 Одан да артын біліп ойланыңыз,
 Сары әйел сыртылдаған ол пысық па?
 Шошытар иманынды кейбір жауыз,

Дәні жоқ бәрі қайтып болар қауыз.
 Дүшпаның, досың түгел, кез келсе де,
 Қабатын ит секілді қырсық ауыз.
 Тай ойнап тақыр жерге жылқы жусар,
 Не жезесе ит баласы соны құсар.
 Өлікті бір аманат сақтағандай,
 Тұнжырға тұйықтыққа болма душар.
 Үй ішін жаман әйел тұмандатар,
 Домалап әрбір жерде құман жатар.
 Тазалық бұл әйелде болмаған соң,
 Күнәға жігіт адам сонда батар.
 Көйлегі кір болады май - май ғана,
 Ұрысар бойыменен таймай ғана.
 Сыртына шемішінің балшық жағып,
 Салады қазанына шаймай ғана.
 Ойламай ол байының ата - тегін,
 Сонымен қатын алар ерден кегін.
 Үстіңе киім кисен жыртасын деп,
 Бермейді тағы жамап етек - женін.

Достарыма

Жиырма бестен артық жас бар ма,
 Үйқыдан жаман қас бар ма?
 Еріншектен жаман нас бар ма,
 Ойланғаршы, ағалар,
 Шын жарыңнан артық дос бар ма?
 Шын жолдасың ондайда
 Жауға сені тастар ма?
 Айта салған бір сырым,
 Бірге жүрген достарға.

Кәрілік

Дүниенің мысалы,
Бұтаққа қонған сауысқан.
Ұшып жүріп шықылықтап,
Өлексе жеп тауысқан.

Келерінде сұлусын,
Ғашықтай боп қосылған.
Кетерінде қызыл тұлкісін
Шошыған қатты дауыстан.

Бір қалыпта тұрсаң не етеді?
Кетесін шығып уыстан.
Ақырында кісіні
Шал етесің құрысқан.

Ғашыққа

Аспанда ақылғым биік шында,
Жібек бau шығыршығы құміс сымда.
Аяғы үш А.Б.М. ятаракки
Жұмбағым басқан ізі жыныс құмда.

Кім айтар тақырыбынды мұндай қылып,
Тартылған тілграмда сымдай қылып.
Сөзіме әшиялы жауап қайыр,
Ақ қоян жүтіретін жымдай қылып.

Қолға алдым хат жазуға қалам, сия,
 Сарби зат мұқтан шаңи Гүлнәзия.
 Шараптың шашыраған гауһарындай
 Көңілімнің заһарына салдың ұя,
 Кәстәрен секілденген бәнде мақбұп
 Бәндені бұрам деген кәні зия.

Тағы да хат жазамын сын мен зыйден,
 Такырыбың кейін емес әліпбиден.
 О.Р.З.М.Л. айны кәрім
 Көңлімнің іңкәрісі дал мен мимнен.

Тағы да үйктап жатып көрдім бір тұс,
 Көргенім табиғи гауһар гүл тоты құс.
 Болғанда сапи алтын, шашың пази
 Көңліме саруби жаңа салдың бір іс.

Ақ көйлек

Жағасын ақ көйлектің парға тартқан,
 Жауабың алуда шекер балға тартқан.
 Жабулы шамбыл белі арғымақтай,
 Порымың сондай, қалқам, қанға тартқан.
 Бір жылда қисабыңды ала алмадым,
 Жүз миллион серубира санға тартқан.
 Сәүлетті ақ жүзінді сипаттасам, –
 Порымыңдай ақша ханның шанға тартқан.
 Азырақ қалқа бала назымым бар, –
 Күйіндей қызыл қайың қылға тартқан.

Маңыңа көңіл батып жан журе алмас,
 Атындей ханзаданың таңба тартқан.
 Паһымдар сөзімді мен келтіремін,
 Өрнектеп ақ жамбыдай сымға тартқан.

Ақ көйлек

(Екінші нұсқа)

Ақ көйлек ғашық болсаң бізге деген,
 Шығайық ақ түлкідей түзге деген,
 Қиядан толғап төңген ақ иықтың,
 Саятшы түсіп тұр ғой ізге деген.

Ақ көйлек ақықпенен түймеленген,
 Етегін кестеменен түйрелеген.
 Сақтаулы сен гауһардың жауһарысың,
 Отыңа пәруаналар үймелеген.
 Әгәрда мәнәріме тилем десен,
 Тұсерсің неше түрлі күйге деген.
 Гауһардың жалтылдаған отын білмес,
 Құр бәнде білмей отқа күйме деген,
 Әгәрда мәнәріме тилем десен
 Тұсерсің неше шерлі күйге деген.
 Мен таудың асылзада ақ маралы,
 Аспанда ақ иық бар жүйде деген...

Қалқаға ақ көйлекті ырымдаймын,
 Сұқсырды ақсұңқардай қырындаймын.
 Қалқамен дидарласып қайтқан күні
 Дарияның кемесіндей сырылдаймын...
 Етегін ақ көйлектің кестелеген,

Қалқажан шырын сөзін дестелеген.
 Он екі ай арадағы өтседағы,
 Әлі жүр айтқан сөзің есте деген.
 Қөнілің шын махаббат бізде болса,
 Иншалла аламыз ғой еске деген.
 Айтқан сөз арадағы қылап болмас,
 Шығармыз уағдалы төске деген.
 Сары алтын сабыр түбі деген қалқаш,
 Сырынды ешбір жанға шешпе деген.
 Алтынды желқайығың табылмаса,
 Тұнғиық Ніл дариясын кешпе деген.
 Еске алсаң бұл сөзімді Ғайні Кәрім,
 Ескегің күміс болсын еспелеген.
 Жастықпен тақырыбынды танымаймын
 А.Н.Д. мен О. бестеген.
 Шырын мен Шырын Мәжнүн ғашығындай,
 Түсірдің ғашық отын ішке деген.
 Аспанда алтын айдың пәдеріндей,
 Бұл қаулы бұзылмайтын десте деген.
 Қөнілімнің қамалында жатыр қалқа,
 Памельный шай секілді мәстелеген.
 Қолыңа жібек тізгін түспей қалмас,
 Құдерің жал-құйрықтан кеспе деген,
 Шаршы тұс мезгілінде дидарласып,
 Тағы да жолығармыз кешке деген...



Ақ көйлек

(Ұшінші нұсқа)

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
 Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
 Сексен қыз серуенге шықсадағы
 Ішінде сен коңыр қаз қанқылдаған.
 Қамалап қанша дүшпан келседағы
 Қалқажан айттар сөзін тартынбаған.
 Болғанда сен аққу құс көлде жүзген,
 Лашын құс не болады талпынбаған.
 Көз салып жаман қызға не қылайын,
 Кигіздей бейнесі жоқ қарпымлаған...

...Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
 Қастарың қарып мэттай сурмеленген.
 Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа
 Іш-бауырым ғашық отпен тілмеленген.

Ақ көйлек

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
 Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
 Үстінде дүниені алған жайқын көлдің
 Бетінде сен коңыр қаз қанқылдаған.
 Қамалап қанша дүшпан тұрсадағы,
 Ой, қалқа, біз дегенде тартынбаған.
 Аспанда ұшып жүрген мен ақтүйғын,
 Келгенде жем жеріне шаңқылдаған.

Тындасан ықыласыңмен, асыл еркем,
 Көңілімде бір сөзім бар айтылмаған.
 Он бес пен жиырманың арасында,
 Да, шіркін, жігіт емес талпынбаған.
 Жапанға сен бір біткен шынар ағаш,
 Саяңа мен емес пе салқындаған?
 Етегін ақ көйлектің кестелеген,
 Жақсы қызы айттар сөзін дестелеген.
 Құрбынан артық туған ақмаралым,
 Әлі жүр айтқан сөзің есте деген.
 «Лағып бет алдына шаршамайын,
 Жұмысты бітірейік кешке» деген.
 «Сары алтын сабыр түбі» деген, қалқа,
 Сырынды ешбір жанға шешпе деген.
 Етегін ақ көйлектің маржандаған,
 Жақсы қызы айттар сөзін арзандаған.
 Жақсының жақсылығын білгеннен соң,
 Жаман қызы неге керек малжандаған?
 Сүйкімсіз жаман қызбен сөз байласып,
 Жеріне уағда айтқан жігіт барған.
 Құндізгі айтысқан сөзі есінде жоқ,
 Хабарсыз тесегінде ұйықтап қалған.
 Үйінде көрінгенмен мауқын басып,
 Кәпірдің айтқан сөзі бәрі жалған.
 Жылында бір жолықсан жақсымен бол,
 Жаман қызы жүрсін, кәпір, менен әрмен.
 Етегін ақ көйлектің бүрмелеген,
 Жағасын машинамен түймелеген.
 Сақтаулы алтын қазына жауһарымын,
 Аулақ жүр, неге керек кимелеген.

Егерде көлеңкеме тиен десен,
 Тұсерсің неше түрлі күйге деген.
 Алтайдың шыңдағы сен бір тұлқі,
 Ақиық біз емес пе шүйделеген.
 Үмітке, жемес астан дәмелі бол,
 Арадан кейбір адам мінбелеген.

Сұлу қызыға

Оралдың мен ақ иық сырандағы,
 Сен, сәулем, қызыл тұлқі қырандағы.
 Қия тас қынына кетсендәғы,
 Қамышалап қанатымды бұрамдағы.
 Қия тас қынына бекінсен де,
 Тәуекел майданында тұрамдағы.
 Асыл зат, алқызыл гүл қарындасым,
 Серіуайдың саясында еремдағы.
 Есілдің құба талды шынарым-ай,
 Алдынан майысып шық бұралдағы,
 Көріндің хордай болып жұмақтағы,
 Өткірсің наркескендей қынаптағы.
 Сөзінді ешбір жанға ұстапайсың
 Қалбырға құйып қойған сынаптайын.
 ...Жігіттің хасы болған пірі едіңіз,
 Аспанда ұшып жүрген сіз ақ түйғын.
 Екіден ұшке жеткен түлегіңіз.
 Сұқсырдай су ішінде мекен етіп,
 Ілінбей қармағыма жүр едіңіз.
 Көрініп қолға түспей жүрсің, қалқа,
 Қай жерде мекен еткен түнегіңіз?

Тұн қайтып тұнегіңнен ұщқаныңша
 Үзілмес сірә сізден қудеріміз.
 Жұмысым көңілімдегі бітер еді,
 Артылса ақ төсіне білегіміз...

Тер қатқан

Шаба алмас арғымақ ат тер қатқансын,
 Көрген жер көз жаздырар ай батқансын.
 Мәңгілік достық жүрек деуші едім-ақ,
 Қайтейін көңіл шіркін бір қалғансын.

Тұсынан ауылыңның өттім-кеттім,
 Үкінді шекендегі бермей кеттің.
 Сол үкі азар болса жүз теңгелік,
 Көңілімді өкпелеттің мың теңгелік.

Ішінде орта жүздің жүрмін шалқып
 Құлагер, дөненінде алдым сатып,
 Қызыққа ойнап-куліп жүрмін балқып.
 Бас қосса неше жиын, қандай топта,
 Келесің Құлагерім таңырқатып.
 Бағаңа құн жетпейтін Құлагерім,
 Келуші ең қаранды үзіп шаңырқатып.
 Бір сиыр, жүз теңгеге түскен тұлпар,
 Алып ем нағашым бағалатып.
 Елторыдай нағашым бергеннен соң,
 Сайрандал заманымда жүрмін шалқып.
 Болған соң сен қолымда, Құлагерім,
 Ішінде орта жүздің жүздім қалқып.

Мінгенім, Құлагерім, өзің тұлпар,
 Қолыма ұстағаным тағы сұнқар.
 Жастықтың арқасында қылдым сайран,
 Өзім сал, өзім ақын, емеспін зар.
 Алып ем жиырма бесте дөненінде
 Көруге қызығынды болып іңкәр.
 Бәйгеден үш жұз аттан озып келдің,
 Артыңан жете алмаған талай тұлпар.
 Астынан сен жалаудың өтпеген соң
 Ат қойған Үркеккер деп сонда жұрттар.
 Зілқараның Әлібегі бірге барып,
 Бір бедеу сыйға берді және сұнқар.
 Үш жұзге аты шықсан Құлагерім,
 Жалғанда бұдан артық не қызық бар?!
 Аттанып соныменен кейін қайттық,
 Ән салып, сырнай тартып қызыққа іңкәр.

Ақшабақ

Қызы бар Әлібектің Ақшабақтай,
 Жұруші ем заманымда қызды жақтай.
 Бас жігіт Әлібектің Есемберген,
 Қасымда о да келеді қызды мақтай.
 Ақшабақ қыз шолпаны, Ақшабақтың,
 Әкесінен қорқып жүр ешкім батпай.
 Есіткен соң бір жұмбақ жаздым арнап,
 Қалар деп оған арнай жауап таппай.
 Бір жар бар іші жауһар жұртқа машық,
 Сол затқа жүрген жанның бәрі ғашық.
 Жан-жағы төрт атырапқа емес ашық,

Қалайша бересініз кілтін ашып?..
 Бір нәрсе затсыз, нұрсыз ауырлайды
 Өлшеуі қандай десен табылмайды.
 Қаншама ауыр, жеңіл десектағы,
 Безбенге баға беріп салынбайды.
 Қолымда майсыз жанған бір отым бар,
 Түтінсіз аспан көкті жалындайды.
 Сөндіріп сол жалынды бермесеніз,
 Қаудан жердің ертіндей дауылдайды.
 Бұл хатты қолына алды Есемберген,
 Білім-өнер құтылмас Ақан серіден.
 Жұмбағын арнап жазған ол серінің,
 Апарып Есемберген қызға берген.
 Ақшабақ Ақан хатын қолына алып,
 Ынтызар оқып естіп көңіл бөлген.
 Шешейін жұмбағынды жолыққанда
 Кездесер жерін айтар Есемберген.
 Ақанды Есемберген ертіп келді,
 Бұралған тал шыбықтай қызды көрді,
 Екеуі сұхбаттасып ойнап-куліп,
 Ақанға жолыңыз деп жүзік берді.
 Жүзігін Ақан алды қызы берген соң,
 Уағдалы жеріне ол келген соң.
 Әзіл қып Есемберген айтып қалды,
 Жүзікті қырық жігіт көргеннен соң.
 Кім құр қалар, Ақан-ау, олжаныздан?
 Қасына қимас достар ергеннен соң,



Қалқам-ау

Қалқам-ау, естен кетпес айтқан сертін,
 Ойлаушы ем түгел ғой деп ақыл-көркің.
 Мінезің арқандаған ат секілді,
 Қай-қайда сермегенмен жетпейді еркің.
 Сәтсіз күн болған еken шыныменен,
 Даусыз сөнер емес жанған өртің.
 Тәуірлік қамын ойла жігіт шақта,
 Айтулы бір перизат болса тап та.
 Қыз болса, парасатты қадір білген,
 Тұрса да іздеу керек иран бақта.
 Секілді қыздар бұлбұл көлден ұшқан,
 Сыртынан аңдып тұрар жігіт шақта.
 Білімің тең құрбыңа жеткен тегін,
 Кім қияр – сені қалқам қиянатқа?
 Ілетін лашынның қоңыр қазын,
 Ілсем деп үміт етер жапалақ та.
 Ақиық мекен еткен бәйтерегін,
 Жабы құс ағашына ұялатпа.
 Күн шалса бұтағыңың жапырағын,
 Әзілге олжа қылып бізді ұялтпа.

Ақтүлкі сен қынды мекен еткен,
 Аспанда біз ақ бүркіт қағып кеткен.
 Қияның қия таста тұрсадағы,
 Қырымнан көріп келдім, ілмей кетпен.
 Тұлқінің ең қызылы болсандағы,
 Қапыда ұшқырымын саған жеткен.
 Ақиық жоғарыдан шүйліккенде

Ақ тұлқі шұбаландал жата кеткен.
 Жатқанын ақтүлкінің көріп қыран,
 Әшейін қағып өтті бір ретпен.
 Әдейі арнай түскен тұлкісіне
 Қиядан шұғылданып іліп өткен.

Құлагер

Жел соқса қамыс басы майда деймін,
 Атынды, ат айдаушы, айда деймін.
 Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,
 Жығылмаса, Құлагер қайда деймін?!

Тұбінен дәйекшенің тұрдым тосып,
 Алушы едім бәйгенді талай қосып.
 Отыз ат уәделі өтіп кетті,
 Сол жерде тұра алмадым денем шошып.

Міндім де Саралама тұра шаптым,
 Бәйгі алам деп бұл істен залал таптым.
 Намазшам, намаздыгер арасында
 Баланы жылап жатқан әрең таптым.

Құлагер, айналайын шабысынан,
 Атағың елге шыққан дабысынан.
 Біліп ем өлерінді, Құлагерім,
 Шыңғырған түсімдегі дауысынан.

Құлагер, шешен сұңқар, әкең тұлпар,
 Соғып ең дөненінде сегіз арқар.

Сен өлсөн, орның басар көкбесті бар,
Болады Құдай қосса о да тұлпар.

Құлагер, жаз жайладым, күз жайладым,
Тұсына қызды ауылдың көп байладым.
Әлді деп Құлагерді естігенде,
Бір тұрып, бір отырып ой ойладым.

Құлагер, құлыныңнан керім едін,
Нағашым сұрағанда беріп еді.
Жылқымды Жыланшыққа айдағанда,
Бір сыншы көзің шыққыр көріп еді.

Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай,
Жарасар келте жібек құйрығың-ай.
Түбіне Ерейменнің айдал келіп,
Құдайдың қарай қойшы бұйрығын-ай.

Тұлпардың аунағаны туған жерің,
Биеден туда бермес сендей құлын.
Жұз қой мен он төрт құр ат, төрт тайтұяқ,
Бір жолда әперіп ең ердің құнын.

Шыныңмен өлгенің бе, Құлагерім,
Салбырап саптаяқтай төменгі ернің.
Баспа-бас қызға бермес жануарым,
Басылмас бір шырқамай менің шерім.

Құлагер, нұрың қандай, данқың қандай,
Тұрушы ең тоғыз шелек суға қанбай.

Бәйгеге жұз шақырым айдағанда,
Жүруші ем ауыздықпен тоқтата алмай.

Құлагер, жерді жарған дабысың-ай,
Өлгенше бұзылмаған шабысың-ай.
Өлімің адамзатпен бірдей болып,
Кетті ғой қалың елге дабысың-ай.

Адамзат данқынды естіп қайран қалған,
Атағың Орта жүзге мағлұмданған.
Құлагер, мен қайтейін қайғыланбай,
Шырқатып пластенке әнге салған.

Құлагер, құланыңнан жайлапқаным,
Басыңа ноқта, жүтеп сайлатқаным.
Тартыншақ жаман әдет қыла ма деп,
Артыңнан бір балаға айдатқамын.

Құлагер, айналайын, тұлпарым-ай,
Бір көрмей тұра алмаймын, сұңқарым-ай.
Даңқыңа бүкіл адам ғашық болып,
Бір көрсек деп тұратын, інкәрім-ай.

Қапыда өліп кеттің, жануарым,
Жібектей құлтеленген құйрық, жалың.
Өлді деп, жануарым, есіткенде,
Шықпады уақыт жетпей шыбын жаным.

Қарағым, айналайын, Үркеккерім,
Шықпаған қанша шапсаң аңы терің,

Тамсанып жолында боп жүрттың көзі,
Тілейтін тілегінді елің сенің.

Құлагер, саған келген оқыс өлім,
Толғантып наз айтады Ақан серің.
Сібірден сегіз дуан қоймай озған,
Қой мойын, қоян жақты, сандал керім.

Күйдірдім отқа салып ашудасты,
Не көрмек әлі де болса басым жас-ты.
Тұсында ешбір жүйрік ілесе алмаған,
Күйігі Құлагердің басылмас-ты.

Құлагер, сені өлгенше міне алмадым,
Өлгенше сайран етіп жүре алмадым.
Өлді деп Құлагерім естігенде,
Ойбайлап орыннынан тұра алмадым.

Бағаңа ділдә беріп алдым сатып,
Ойнатып қызығына жүрдім батып.
Бәйгеден жалғыз дара алда келіп,
Жүріп ем бар халықты таңырқатып.

Аузыңа қос ауыздық салып едім,
Сені алып ел шетіне барып едім.
Бір жолы бәйгесіне Құлагердің
Он жылқы, екі жамбы алып едім.

Қолымда ақ қағаз бен қалам, сия,
Кетуші ем сен барында елден қия.

Артыңан тағы шығар бір аягөз,
Көзімнің шүкір қылдым жасын тыя.

Сұрасаң менің атым Ақан серің,
Хазірет Ғали Дұлдулі тұлпар керім,
Дүниеде оған жетер ат бар ма еді,
Өлді ғой мен қайтейін, Құлагерім.

Ауылым жер төресі сылқым белде
Жұруші ем сайран салып жүйікіп төрде.
«Барма өзің, дүшпаның көп» деп еді ғой
Көрінем қалай ғана үлкендерге?

Ауылым Сырымбеттің жел жағында,
Кездесті ауыр қайғы дер шағымда.
«Жер шалғай, атсыз бар» деп қақсап еді-ау,
Не дермін Құлагерсіз ел алдында?..

Сенемін ағайынның бірлігіне,
Әр үйдің құт тілеймін тұндігіне.
«Мал бітер басы есенге» деген сөз бар,
Өзімнің тәуба қылдым тірлігіме.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыл сағақ, сандал керім.

Әркімнің Тәнірім берген несібесін,
Құлагерді өлтіргендей алдым несін.

Қас қылған жануарым Құлагерге,
Жауызға, бар тілегім, өлім берсін.

Біздің көңіл қайда жатыр

Ой, қалқа, біздің көңіл қайда жатыр,
Толқыған он төртінде айда жатыр.
Ат тұрса, атан тұрса көз салмаймын,
Арғымақ мың теңгелік тайда жатыр.
Қош іісі жарқыратып көңіл ашқан,
Аққүйрық памилный шайда жатыр.
Гүл шашақ, жұпар иісті жайлауында
Көңілім ел қонбаған сайда жатыр.
Хиуадан торға тұскен ақсұңқардай
Көңілім қапаланған жарда жатыр.
Білетін асыл жайын жан болмаса,
Жаманды не қылайын жолда жатыр.
Қалаға анда-санда жазған назым,
Хәлімнің дәптеріндегі томда жатыр.
Тапсырдым теріс болсаң бір тәңіріге,
Тәңіріге айтар сөзім сомда жатыр.
Айтатын зарлы сезім толып жатыр...
Сымбатың жас жүректі жандырғандай,
Бриллиант гауһар жүзің сонда жатыр.
Аузыңнан шыққан сөзің тәтті балдай,
Ойласам әрбір қарпі менде жатыр.
Бағаңа асыл, қалқам, не жетеді,
Бес жүз мың алтын қоры сенде жатыр.
Қарпінді ақ қағазға тартып көрсем,
Жүректің асыл сөзі сонда жатыр.

Ғашықтық туралы

...Кісідей өкпелеген мойның бұрмай,
Білдің бе кемшілік деп ғашықтықты.
Жоқ болса айтар сөзің жұбайыма
Жүрейін, амалым ие, өз жайыма.
Обалым айнымасам, маған емес,
Жаратқан жақсы қылышп құдайына.

Төменденгі өлеңдерді С. Сейфуллин Ақанның мылқау баласы Ыibanнан алған екен. Оған «бұл өлеңдер ел өлеңдері сияқты» деген ескерту жасапты.

Ғашық жарға

Кәусәрдің тілің тәтті шарабынан,
Қолымды қылдым ағлан қарабынан,
Бір бәйіт қиссаланып, назым жаздым,
Қасиретім шоқ, ішім жалын барабынан,
Бір жыр соққан желден болса пайда,
Дариға, жан сауымның тарапынан.

Бірталай күн өткіздім зарилықпен,
Қосылмай жырақ жүрген себебінен.
Көз талмас қашықтанып қарасақ та,
Сыпайы бойындағы әдебінен.

Көрінер жұтқан түйін тамағынан,
Сүзіліп оқ төгілер қабағынан.
Дарига, айтып-айтпай неге керек,
Кеткен соң құзыр өтіп заманынан.
Қарасам ертелі-кеш көзім талmas,
Жолыңа пида болсын бұл ғарып bas.
Бағасыз дүниядағы ай нұрындай,
Жұзінді бір көрген жан қайғылы bas.
Жігіттер сені көріп дәм тата алmas,
Қасіретінен алдында сөз қата алmas.
Жігітте еркек туған мен болмасам,
Қасыңа жаман батып бір жата алmas.

Тағрының

I

Көкіректен сенің дертің сірә қалmas,
Дертіме дәрігер шипа ем таба алmas.
Патшаңыз алтын тәжді елге шықса,
Басқаға өзіңізден мейіл қылmas.
Қасым жай, кірпігім оқ атсам кезеп,
Кисен де темір қалқан тоқтата алmas.
Бұл елдің сіз демеген салы қалmas,
Мойныңда ат, айғырлар жалы қалmas,
Жандарын сіздің үшін пида қылып,
Күн көрер сауып ішер малы қалmas.
Аспанда құс естісе дауысынды,
Шыбындай көкірегінде жаны қалmas.
Бір көрсе жүгірген аң дидарынды,

Жүрерге аяқ басып халы қалмас.
 Сипатынды бір көрсө піскен алма,
 Ішінде суы кетіп, дәні қалмас.
 Мұхиттың дариясына бір түкірсөң,
 Жайылма тәтті кілі көлі қалмас.
 Дарияға ағып жатқан суға түссен,
 Бойында гүлденбекен талы қалмас.
 Басына Қап тауының шығып тұрсан,
 Дүниенің иістенбей желі қалмас.
 Машрықтың Мағрибпен арасында
 Жиһанның ғашықланбай елі қалмас.

II

Райхандай безіп өстің гүл бау шарбак,
 Гүл жүзің, зипа бойың, мәңгі етің ақ.
 Жұмақтың шарап кәусәр хаузызында
 Сен едің шапшып тұрған інжу сабақ.
 Әуелден көnlім қойдым сені арнап,
 Нәзік бел, қигаш қасты, қалам бармақ.
 Жігітке әзім еді іздеп бармақ,
 Ол жарға уақып еді күтіп алмақ.
 Жаманға жақсы тұрып көзін салса,
 Жігіттің сонан еді көnlі талмақ.
 Сәулем ең ол пиғылдан аман жүрген,
 Жоқ болсын шарт бойынша сөзден қалмақ.
 Жан-жаннан жатырқамай келсөң қасқа,
 Ойнармыз әзіл сөз бер тілден жалмап.
 Әншейін анау-мунау сүймесінді,
 Жіберген емес пе едің сөзбен алдап.
 Тұнғиық шыға алмасақ кеттің суға,

Тәуекел дариясына қатар жалдал.
 Қаттаудай оқ жібермес мәккәм бол,
 Самарқан жібегінен өрген талдал.
 Секілді Шәмші-Қамар дақтар Бану,
 Затыңды жанға арам мендей тану.
 Заты жоқ жасықлықтың нышанасты
 Адамға айтқан сөзің жетпей қалу.

Талап бар жаралған соң тірі жанда,
 Мұратқа кімі жетіп, кімі арманда,
 Базарда бағыңың сына дегендейін,
 Басымды бұл майданға қылдым бәндә.
 Ықылас ыжидихатпен жағат етіп,
 Шыбын жан шыдай алмас шерің тәндә.
 Жеміс ең пісіп түрған бақшадағы
 Ерік бар ма бүйірмаса біз меһманға.
 Талпынған көніл есер бір шәрмәндә.
 Нәпсіге ақыл еріп жүр пәрманда.
 Шыраққа түсіп жанған мен пәруәнә,
 Ес білмес, не қылмайды ол дәрмәндә.

Ықылас назарын сал перде тартып,
 Уақытымда көніл құсы тудың артып.
 Ләйлінің Мәжінүні секілденіп,
 Мас еткен мен ғарыпты нұрың шарпып.

Жарқ етіп айдың бетін бұлт алсын,
 Діңкемді бүйте берсең құрытарсың,
 Иісті гүл, қырмызымды қып-қызыл гүл,
 Мақбұбытың қай міnezін ұмытарсың,

Тауаның аз, талабың қысқа болса,
 Араға жаман атақ жуыттарсың.
 Жасымнан ұмытпаған ойда барсың,
 Хал-қуат ақылымды алған жарсың,
 Өзіме дуаналық әсер беріп,
 Ішіме сөнбейтін от салған жарсың.
 Тарлықта зарлық қылып тұра алмасаң
 Бойыма әсіре қызыл жалған жарсың,
 Арадағы оттан ыстық қызу кетсе,
 Біріндей көз таныстың қалған жарсың.
 Сөзде түр шарттан аумай, меһрім қансын,
 Дүшпанның көре алмаған іші жансын.
 Уәдеге бір айтылған тоқтасалық,
 Куанып достарымыз бір жұбансын.
 Жатқа сөз, жақсы мінез, жайдары асық,
 Жағымды жан жадыратқан қайран ғашық.
 Сегіз қыр сексен сырмен шырға тартсан,
 Түсе алмас айтқаныңа кейбір жасық.

Өрнекші жөн білмеген надандарға
 Тауып едің нақыш беріп, өрнек шашып.
 Қараңғы көнілімнің ай мен күні
 Жарығың азаймайды күнгірт басып.
 Сөз бірге, ақыл ойлас, мінез тату,
 Тұрады сені көріп көңіл қасып.
 Махаббат бізде болмай, жатта болса
 Ах ұрам у ішкендей ішім ашып.

Шолпандай адам едің жаһан көркі,
 Тіл шаршап көп айтуға кетіпті еркі.

Кымбатты жаннан ғазиз асыл еркем,
 Шықпаған бұл қасіреттен жанның беркі.
 Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен,
 Дүние де бір-біріңсіз сайқал екен.
 Күн тұскен күзгі шөптің мысалындаі
 Махаббат базары сүйтіп тарқар екен.
 Кәміл өзге жаннан көп санаы
 Киялдың ол алдында сіз данасы.
 Ақылға ишаратпен айтпай тұскен,
 Откір зейін пікірің нышанасты.
 Баулыған балапандай құсым едің,
 Дәм айдал түзден торға түсіп едің.
 Құрт жесе қызыл шешек не амал бар,
 Тұғырдан жаңа тулап ұшып едің.
 Еш сенде арман жоқ, кәзір дым да,
 Саяда қызыл гүлдей пісіп едің,
 Сатылма он терп жармақ ақша үшін
 Би гайны заманамыз ұшып едің.

Бір құдай жазған тағдыр қалу, бала,
 Жазудан қайры іске қылма пәле,
 Мағлұмың енді қандай халге түсер
 Қасіреттің қапасына мен мұбтала.
 Кісідей арқалаған нақақ жала
 Тағдырға тәдбір таппай қалмай шала.

Құр көңіл алып-ұшқан ешбір болмас,
 Жоқ болсын бір тозандай көңілде ада.
 Нәрсені аз деу мақалдыр болмай тұрған,
 Ой терең, дария құйсан тоймайтұғын.

Қанатым тасқа соғып қалды қирап,
Қыран ем мұрадымды қоймайтұғын.

Қырық шалғым бәрі бірдей қалды қирап,
Таба алмай ем-дауасын жүрмін жинап,
Күте тұр біраз заман уақыт жетсін,
Кәміл толып жетілгенше қайта ширап.
Жас өмір далбасалық күнмен өтті,
Жеңетпен көп шаршадым жанды қинап,
Машақат сауда сениң базар күнің
Түсे тұр жолыққанша толық сыйлап.

Пәруэнә өлім іздең түсер отқа,
Шын ғашық аямайды басын сотқа,
Ғашыққа тіріліктің керегі жоқ,
Мал түгіл, бас байладық ырасхотқа.
Ақ екен раушаның атқан таңнан,
Ай сәулем жүзің жарық жаққан шамнан.
Жер жүзінің жігітін аралатып,
Көңілің ауса маған сонша жаннан.
Ай мен күн сырнай тартып, жұлдыз билеп,
Той қылса көкте мәлек қуанғандай
Ойласам, сіздей жанды қай жан алған,
Мен едім атағыңа көрмей қанған.
Қолынан қой жарысы келмейтұған,
Жамандар құрметі кем құмарланған.
Басқаға ылайықсыз жанаң нұрың
Шарапсың мыңнан таңдал бірге тамған.
Ғашықтық халымды мен баян қылдым,
Жалының жүрегімнің басын шалған.

Колы жетпей наданның, аузы жетіп,
 Құл құтырса құдыққа қармақ салған.
 Сенің тілін шарап пен таһурадай,
 Созса алтын қасықтай боп балға малған.
 Ғашықтық мен шығарған мирас емес,
 Жүсіп пен Зұлиқадан үлгі қалған.
 Ізденіп Баһрамда гүләндәмді,
 Мехнатпен ақырында сүйтіп алған.
 Көп жүріп жаһан кешті Сейфулмәлік,
 Жамалды Иран бақтан іздеп барған.
 Ғашықтық майданында шаһит болып,
 Бозжігіт Әнуаз үшін болған қандай.
 Бұлардың зар тартқаны Ләйлі-Мәжнүн,
 Ізденіп, ақырында мансап қонған.
 Зияда Қорлығайын, Фархад-Шырын,
 Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан.
 Нұштери секридан жаннан кешіп,
 Көзімнен аққан жасқа алдым толған.
 Ақыры Қозы Қөрпеш, Баяндай боп,
 Жүзімнің қызыл нұры бұжұл солған.
 Беліңе алтын шоғың алты оралған
 Бұл күнде басқа қыз жоқ сіздей болған.
 Перденнен ақ жүзінді бір шығарсан,
 Құндік жер мәшіүрленіп нұрға толған.
 Шарапты ап ләzzат сілекейің
 Ақ меруерт отыз тісің қырлап жонған,
 Кірпігің қатар тізген әскеріндей,
 Жігіттің көзінің тасы сағым қонған.
 Мақбұбі қазір уақыт таң қалмай біл,
 Бір күні қыз қияпат кетер қолдан,

Қай жақсы заманыма тұс келер деп,
 Бұл күнде хабарың бар оң мен солдан.
 Үәдені мәккәм тұтсаң серт байласып,
 Босанба жазылсаң да біздің тордан.
 Мұратқа талаптының жетпегі бар,
 Бұл сөзді молда айтады сауал сорған.

Бұл сөздің ишаратын адам білер,
 Үлгісіз не деп айтсам надан білер?
 Басы жетпес орынға аяқ салып,
 Жақсы мен не себептен жаман күлдер?
 Ізденіп жар таппақтық қыын жұмыс,
 Бір көрмек деп қызын ұлын әркім сөйлер.
 Әрқашан халық бірдей жаралмайды
 Асылда мыңнан біреу қадыр білер.
 Тен тауып жар алғанның кемі бар ма,
 Сұнқардай тұғырдағы тоғыз тұлер.
 Жамандық аз-ақ күні жасырынып
 Жатпайды, ұрлағанмен, бір күн білер.
 Құлдан ғунар тумайды, күңнен көсем,
 Өзіңмен бірдей болсын жырың шешен.
 Жасықтан ашық мінез табылмайды,
 Айта алмас көп ішінде аман-есен.
 Талапсыздың талабы қорынуда,
 Шығады жүз сөйлетсең сөзі кешен,
 Осындай михнаттан ерте сақтан,
 Не қасиет қалады палан десен.
 Көп шер бар көкіректе тарқалмаған,
 Тіл байғұс асығыс жұп айта алмаған.
 Ай қалқа, есітіңіз есіркерсіз,

Арызым құлағына байқалмаған.
 Бір құдай көніліңе салсын рақым,
 Жомарттай сұраушыны қайтармаған.
 Жасты көз, жылаулы сөз, ғарып едім,
 Ғамкен көз сіз тарапқа жаутандаған.
 Ғашықты назым қылдым әзіл үшін
 Сорлы мен, арманым не тауыса алмаған.
 Қамыс бармақ қайысып іс тіккенде,
 Бұйымға ине балқып өте алмаған.
 Мен түгіл жансыз темір нұрына мас,
 Қасындан сөкпе мені кете алмаған.
 Тауында куә қапсыз бірде рахат,
 Алсам деп саяндағы екі алмадан.
 Сұнқарың қарай алмай қайырудан,
 Аққуды қарға қылар көре алмаған.
 Ит еркелеп үйренсе ауыз жалар,
 Сөз көп қой қызы балаға қайқандаған.
 Жаманды жақсы көрме, үйір қылма,
 Зарар бар жылды сөзде бипаңдаған.

Мен кірдім бақшаңызға сейіл етіп,
 Тұрам ғой тамашаңда халым кетіп.
 Көз көріп, көңіл мас боп дидарыңа,
 Сындырдым сүйегімді ойран етіп.
 Машырықты Мағрибқа жазған алла
 Әзелде қосар мекен парман етіп.
 Ғашықтық талыбынан бос болмайын,
 Көрейін қолым жетсе дәрмән етіп.
 Жаралды тәні бенде нұрдан қайнап,
 Шағылып тудың сен сол нұрдай болып.

Талпынам таза туған ажарыңа,
 Белімді тәуекелге мәккәм байлап.
 Көнілің түсер ме екен балдай еріп,
 Ғашықтың көз жасына ырқым айлап.
 Мехнатты ауыр жүкті мойныма алып,
 Бір жанды құрбандыққа тұрмын сайлап.

Айырған асыл сәулем сөздің парқын,
 Байқаған жаман, жақсы кісі нарқын
 Таста асыл гауһар дейін адам үшін
 Нәсілің таза туған зат шәріпім.
 Ұядан тудың жеке асыл өсіп,
 Сауалтан кім жамандар үміт кешіп.
 Перизат тот баспайтын сүйегі асыл,
 Тот баспас саф алтындай бедер көшіп.
 Жұпар жел мас боламын самалыңа
 Туып ең нұр безеніп заманымда.
 Сағымдай жазғытұрғы толқын ұрып,
 Қарасам көз алмасар жамалыңа.
 Аларсың менен хабар жазған хаттан,
 Ресна таза ғұлсің өскен бақтан.
 Ия ата, ия анада кемдігі жоқ.
 Асылдан шыққан тегің арғы заттан.
 Жан рахат айтқан сөзің қандай майда,
 Өзіндей жанның бері болу қайда?
 Жұмақтың Нагима атты хор қызындай
 Абзалағ Файыш атадан болдың пайда.
 Керілген қас пен кірпік атқан оқтай,
 Ішіме қайғы салдың жанған оттай.

Шер болып еш жібімес менің кеudem,
Қасіреттен жұмарланып жатыр доптай.

Қарағым құшақтасам құмарланып,
Қосылған екі ғашықтай жұбайланып,
Жан тынып, ішімдегі жалын шықса,
Аузынан ақ сағымдай мұнарланып.
Құшақтап қыл белінен бір таң жатсам,
Ақ торғын орамалдай жұмарланып.
Ми, тамыр, ақыл, ойдан арман қалмай,
Мастансам қызызыңа тым алданып,
Көтеріп гүл байшешекті көңіл күліп,
Семірсе нәпсі мұрат бір жалданып.
Қардан ақ, қаннан қызыл ет пен бетің,
Иықтан қолаң шашың гүл талданып.
От сөнсе жүректегі жанып тұрған,
Сорғанда тілден ләzzат мейір қанып,
Ет пен бет бір-біріне еріскенде
Айтысқан шартқа жетсем әбден қанып.

Бұл менің ғашықтығым сізге жарық,
Айтқызбай асыл сәулем білген нарық.
Білім, ғылым, ақылды, таза инабатты
Алмасаң сыр шықпайды іштен жарып.
Бір сырың, сегіз қырың бәрі өзінде,
Неткен жан жаман дейді аузы барып.
Шапақтың кешке батқан қызылындаі,
Төрт құбылаң тең жарагалған дидар шәріп.
Махабbat базарына мақшуқында,
Қызыурыдан құрмет күткен мен бір ғарып.

Жұзіме назар салып қарағанда
Еміреніп жан қозғалар от таралып.

Хақиқат шын ғашық жар дегізіп ең,
Әуелден тілің ұшын емізіп ең,
Ақырда сөз аяғы қайыр болсын,
Дегендей кәміл тоят жеткізіп ең.
Сүйікті ең, зат орайлас, ақыл ойлас,
Жауһарсың бағаң қымбат қолға тимес.
Қызыарған бет табылар, ниет табылмас,
Жаманды мың көргенмен көңіл сүймес.
Парт кетіп арадағы шарт бұзылса,
Қалайша тән мен жаным отқа күймес.
Мұбәдә тастап мені кетсең жатқа,
Еш нәрсе басқа өлімнен хайла емес.
Шын ғашық көңіл сырын баян етпес,
Уәде айтқан әуел баста шарттан кетпес,
Надандар махаббаттан ғапыл болған,
Ғашыққа жәрдем беріп тағайын етпес.
Асыл ең жаннан түйін сөзге бекем,
Айнымас, сертен қайтпас, сөзден жылмас.
Қатқаным шын хақиқат шәріп жандай
Қыл өтпес арамыздан достым қимас.
Бір жанды менің үшін пида қылып,
Ауыздан шықкан сөзді екі қылмас.

Жаталық таң жадырап атылғанша,
Сөз болып дүрі гауһар шашылғанша,
Дүниені сен болмасаң қылам талақ,
Жарым деп бір затсызға асылғанша.

Тұғырда тоят жемей өлген жақсы,
 Кор болып қарақұсқа қатылғанша,
 Таза құс талпынбай-ақ аштан өлсін,
 Жем ізден бір жемтікке шатылғанша.
 Деп ойлап өз нәпсіме дес беріп ем,
 Бір сізге ынтық болып ескеріп ем.
 Жас күнде қызылға қол көп сермедім.
 Бір жеуге өлексені дерт көріп ем.
 Перде ашып, бағасыз тең жыртқанша,
 Әншейін жай тұруды дұрыс көріп ем.
 Бұл күнде көңіл суып, қызық тозып,
 Таза журек, шын сөзбен серт беріп ем,
 Нәпсіме жүргегімді сұлтан қылып,
 Тоқтатып өз бойыма ерік бермен ем,

Жолыққан таңдал жүріп таңдағаным.
 Сіз едің бойға ылайық қамдағаным.
 Бұрыннан ізден жүріп жаңа тауып,
 Өзіме ылайықты деп сомдағаным,
 Көрікті сіздің гүлді бақ жаратпай,
 Басқаға, өзіңе аян, қонбағаным.
 Жаралған жиһан көрік, нәсілің бескат,
 Гуліндегі Пердеуістің солмағаным.
 Бұрынғы перизаттан мысал үшін,
 Дүниенің ақырында орнағаным.

Сіз бір гүл аман тұрған қазан ұрмай,
 Тезлікпен сола көрме бағда тұрмай.
 Көргелі жамалыңды жеһаттемін,
 Басқаға хор да болса, мойын бұрмай.

Жүзіңе көрген құмар сүйінемін,
 Көргенше дидар қосып күйінемін.
 Сыпатың қөзден таса болғаннан соң,
 Мас болып, даруманда иілемін.
 Зат біліп қырық ерсең мен де сендік,
 Көргем жоқ пигылында қазір кемдік.
 Сізден соң басқа қызық керек емес,
 Егерде осы жолы кетсе тендік.

Шыға алмай талпынамын төрде тұрып,
 Биіктен миуа аласың ойда тұрып,
 Уәдеден күйсе жаны жылжымасын,
 Арықтап кейін қалмай жолда тұрып.

Жанатай қажының қызына

Ақку құстай сымбаты
 Айдынкөлде қалқыған.
 Сайраған бұлбұл секілді
 Бақыт іздеп талпынған.

Балдай тәтті сөзіңнен,
 Қозғалып журек алқынған.
 Қадірін біл ағаңың,
 Кемімеген нарқынан.

Аңғарарсың ықыласпен,
 Сөйлеген сөздің салтынан.
 Тісің меруерт, тілің бал,
 Иісің жұпар аңқыған.

Он саусағың өнерлі
Жұрттың бәрін таң қылған.

Сөйлесең есімді аласын,
Раушан жүзің балқыған.
Хақ жазбаса шарам жоқ,
Сүйгенім сен зар қылған.

Ақанның белгісіз бір қызға айтқан өлеңі

Қыз ілгек жібек қамзол түймесіндей,
Нәзік бел миуа ағаштың жемісіндей.
Ақылды, алғыр мінез, алтын кеуде,
Әзілге полный хоттың күймесіндей.
Жігітке өзі тиген қыздар да көп,
Түйенің арық қотыр шүйдесіндей.

Қыз – тұлкі, жігіт – қазған ор емес пе,
Құрулы қызға жігіт тор емес пе?!
Бозбала – алмас қылыш, қыздар – қынап,
Миясар бір-бірінің қолы емес пе?!
Тең табу жас өмірдің жолы емес пе,
Бас байлау қызығының соры емес пе?!
Сұлу қыз теңін таппай кемге барса,
Бақытсыз адамзаттың қоры емес пе?!



Ұзатылайын деп жатқан қызға

Ешнәрсе ойламайды қыз жасында,
Атаның бұлғақтайды ордасында,
Қадыры ата-анаға үлдан артық,
Бөтеннің тәң көрмейді мырзасына.

Әлпештеп өсіреді ата-анасы,
Кей қыздың үлдан артық дәрежесі.
Сүюге үл мен қыздың бәрі бірдей,
Тұған соң бөтені жоқ өз баласы.

Күйеуге берер қызды малын алып,
Бұрыннан келе жатқан ескі қалып.
Мезгілі алатұғын болғаннан соң,
Қожақтап күйеу келер күнде салып.

Ойлайды ата-анасы берейін деп,
Қызығын шырағымның көрейін деп.
Ойында ешнәрсе жоқ жүрген байғұс,
Көрісіп көрінгенмен жылайды кеп.

Қыздың көп уайымы мен әңгімесі,
Өзінің сол уақытта қалмайды еси.
Ата-ана, ағайын мен құрбы-құрдас,
Артында қалып барад аға-інісі.

Сыланар тоты құстай қыз он жақта,
Лайық не қылса да ол уақытта.
Көрсе де қанша қызық өз елінде,
Кеткен соң әркім-ақ би ол бейбаққа.

Куанар келініне түскен жері,
 Ұзатты қадырменен туған елі.
 Келіншек бүгін, ертең келеді деп,
 Қатынның желігеді көңілдері.
 Қыз аты қойылады ол жерден-ақ,
 Қазакта болған әдет ежелден-ақ.
 Ажарын келіншектің көремін деп,
 Мазасын кетіреді әркімдер-ақ.
 Ойбай-ау, бізге сәлем етпейді деп,
 Желігіп көңілдері жаманырақ.
 Бір жақтан бала-шаға, келіншек деп,
 Құн қайда айтатұғын «Әрі кет!» деп.
 Екенін жақсы, жаман қайдан білсін,
 Ол байғұс үялады бүгежектеп.

Ермағамбет болыстың үйінде қызойнақта

Ойласаң аз ғана құн дүние-жалған,
 Адамды жуықтатар берген-алған.
 Он жақта бұлғаңдал өс, мырза қыздар,
 Ұялып қорғалама кемпір-шалдан.

Кемпір-шал қыз-бозбала болып өскен,
 Жастықта көрген қызық кетпейді естен.
 Он жақта бос кезінде шарықтап қал,
 Кезінде тырп етпессін, кесең түскен.

Бұл қунде сіздей жанды қай жан алған,
 Жалғыз мен құрметінді көрмей қалған.

Колынан қой жарысы келмейтұғын,
Жамандар бағасы кем құмарланған.

Бас қосып мәжілісте біз отырмыз,
Сықылды алтын қасық балға малған.
Басқаға лайықсыз жайнар нұрын,
Шарапсыз мыңнан таңдал бізге тамған.

Ғашықтық біз шығарған мирас емес,
Жүсіп пен Зылиқадан үлгі қалған.
Ізденіп Баһарам да Құләндамды,
Бейнетпен ақырында іздел алған.

Бұлардың зар тартқаны Ләйлі-Мәжнүн,
Ізденіп ақырында қайда болған?
Бозжігіт-Сақыпжамал жас өндірлер,
Ат саздал журе алмаған аққан қаннан.

Көп жапа, Шырынды іздел, тартты Пархат,
Зарлатып, қоспай жапа берді жалған.
Зұhra-Тәнирменен жаста кетіп,
Заманда піспей орган шөптей солған.

Ақыры Қозы Көрпеш-Баяндай боп,
Көзінің аққан жасы көл боп тамған.
Жүре бер тіл алмасаң барлығын да,
Кездесер ақырында бір бұйырған.



Шөбектің бір ұзатқан қызына айтқан аужары

Риясыз ойдан шығар сөз дегенің,
Ойым жоқ тойдан бөлек өзге менің.
«Баста!» деп осы аужарды халық ұнатып,
Япырмай, бола қалды өз дегенім.

«Адам басы – Алланың добы» деген,
Айдаса қайда апармайд зор дегенің.
Бес-он күн тұған үйге түнеп көшкен,
Ойласаң аз күн мейман қыз дегенін.

Бала едің халық ішінде көнілің ауыр,
Ұнамды, халық біледі аса тәуір.
Бұл сөзге ақылың болса түсінерсің,
Келмейді екі айналып өткен дәуір.

Дүниенің біл, қарағым, өтерін-ай,
Аяңдал жылдан жылға жетерін-ай.
Атаңыз халықты жинап той қылған соң,
Бұл елден тұз-нәсібің көтерілді-ай.

Атаңыз халықты жинап той еткен соң,
Қыз бала қайтып келмес бір кеткен соң.
Шіркін-ай, көнілің бұзып қайғырады-ау,
Бұл елден бөтен елге жөнелткен соң.

Әзелден ұзатылмақ болған мирас,
Қалай мұндай болғанын Ақтан сұрас.

Қолынан ата-анаңың өскенменен,
Жат жұрттық әйел бала деген рас.

Қолынан ата-анаңың айырыларсын,
Жылаумен екі көзің жаудырарсың.
Тікенсіз гүл, садапсыз дүр¹ болмайды,
Ойлаумен ақыл иін қандырарсың.

Қарағым, тыңдасаңыз ағаң сырын,
Бұл сырды анаң көрген сізден бұрын.
Оң жақта бұландаған жас бала едің,
Ақ тамақ, үлпілдеген бота бұрым.

Келін боп бөтен елге барғаннан соң,
Жалғыз-ақ ас ішерің иттен бұрын.
Болады сонда қалай ахуалың,
Қайғымен отырарсың көңіл жарым.

Бұрынғы оң жақтағы дәурен қайда,
Болмайды өз басында ықтиярың.
Болғанда сөзің – гауһар, тілің – шарап,
Құрбыңа қатарында жүрдің жарап.

Болсаң да қанша әулие бір кеткен соң,
Есіктен отырарсың төрге қарап.
Бұл сізге сөзім еді жармасқан-ақ,
Біз қалдық ойыныңа бармастан-ақ.

¹ Садапсыз дүр (а) – ұлусыз меруерт

Сұрап деп тойдан мүше, ойыннан жол,
 Ат ізін кеттің бізге салмастан-ақ.
 Болмады ойыныңыз бізге нәсіп,
 Баһым қыл, ишарат сөз айттым қасып.

Бас қосып, мәжілісте отырмас па ек,
 Сықылды балға малған алтын қасық.
 Танысып ана ауылға келдің-дағы,
 Жылт етіп, бір көрініп, кеттің қашып.

Бойыңа лайықты болса осының,
 Қараңды көріп қалдым шамаласып.
 Ықтияр өз басында тұрған кез ед,
 Тұсалдың, жүре алмассың аяқ басып.

Бір болысқа

Жақсы болсаң көпшіл бол,
 Көпшіл болсаң дүние мол.
 Дүниенің молдық себебі,
 Жақын қылар оң мен сол.
 Оң мен сол жақын болады,
 Дүшпаның көңілі солады.
 Болыс болдым деп мақтанба,
 О да бір күн қалады.
 Қаншама қайрат қылсан да,
 Көп тілегі болады.



Жұсіп төреге

Жұсіп-ау, төрелік жоқ баяғыдай,
Дәрежен қара қазақ аяғындай.
Досынды дүшпан көріп айбаттайсың,
Мінезің әзәзілдің таяғындай.

Жұсіп-ау, неше мысқал басында ми,
Айдаған мал, үстінде тігулі үй.
Қиямет таразыны құрған шакта,
Айса, Ермек, Торытай болады би.

Мұңқір, Нәңқір бесеуlep ұрған шакта,
Кетіңен шығады ғой сонда бір қи.
Майын мінген аттай ғып қайтарарсың,
Күңшенің арқасынан шығармай ши.

Ақанның Ұмсынай деген қызыға жазған хаты:

Хат жаздым, қағаз алып қалам, сия,
Көптен-көп сәлем айтам гүл-нәзия.
Тагрибын тәмәм етіп танытқандай,
Діл бардан ділмар керек тіл – Уәзия.
Арнаған мадағымды нұр түсіндей,
Садақтың шәшыраған гауһарындай,
Алабұртқан жүргіңе салдым ұя.
Есімінді біреуден естіп едім
Басы «жем», ортасы «мем», аяғы «ия».

Нақыл сөз

Жақсы мен жаман адам тең болмайды,
Несібен Тәнірім берген кем болмайды.
Ағалар, құлақ салып тындасаныз,
Ініңіз бір-екі ауыз сөз қозгайды.

Ал десең мен бір жүйрік қамалмаған,
Жігітке сөз қапыда табылмаған.
Кей адам айттар сөздің жөнін білмес,
Бойына мін тақтырып арындаған.

Зат білер, зат қадырын деген сөз бар,
Жақсыны дұрыс болмас жамандаған.
Жаманға қадір білмес бір сөз айтсаң,
Тырысып болмас іске табандаған.

Дарбаза ауыз шіркін, көңіл самал,
Немене өз бетінмен қылмай қамал.
Дүние қанша қусаң жеткізбейді,
Рас деп жан болмайды көңілге алар.
Былайша айтуымыз мақтаншылық,
Кім өзін нәпсіге ермей жөнге салар?!
Нәпсінің һауасына мағрұр болмай,
Кей сабаз жаны нағи орын табар.
Бергенін ақымақ ұрып сөндіре алмас
Басыңа шырақ отын Тәнірім жағар.
Түзіклік жас күнінде құрған жігіт,
Түбінде адамшылық іске жарап.
Алысты кейбір жақсы жуық қылар,

Өзінің достарына қылмай залал.
 Сейле деп бердің ұлықсат, құрбыларым,
 Тартынбай мен сөйлейін болса барым.
 Қамығып көптен бері жатыр едім,
 Көре алмай замандастың ақ дидарын.
 Жер танып ысылмаған жүйрік едім,
 Айт дейсің қандай өлең, ағаларым?
 Сөзімді сынға салып сынай көрме
 Жастықпен шығып кетсе қatalарым.

Ал енді мен сөйлейін өңшең байлар
 Жақсымен жақын жүріп жаманайлар.
 Өнерін ішке сақтап кім жүреді,
 Қайратты айдаһардай арсаландар.
 Ер жігіт өнерімен көлендейді,
 Аларда мұратына қосылғандар.
 Бұрынғы өткендерден ғибрат алып,
 Қой мініп аттыменен жарыспандар.
 Не керек қарқынды атты ажыратып,
 Жаманменен бой теңесіп таласпандар.
 Ақыық өнерменен түлкі алғанда,
 Сонынан шықылықтар сауысқандар.

Сенбеңіз бір жаманды дос екен деп,
 Көңілі өзіміздей қош екен деп.
 Жаманның өш, қастығы серік емес,
 Бел байлап артын қума өш екен деп.
 Жамандар ақылы жоқ не біледі,
 Жел сөзге ақылы жоқ семіреді.

Сау басын сақинаға қосқан жігіт
 Әр соттың есігінде телміреді.
 Бір сабаз өнері көп топ бастаса,
 Тізесін үйде отырып кеміреді.

...Дегенмен қу қазанат неге керек,
 Шабылып топқа салып сынамаса.
 Қайырылып құс келеді қонақтауға
 Бұтақтап бала қайың жуандаса.
 Дегенмен құр құмарланып тұлкі алмас,
 Құмайдан әуел бастан туда алмаса.
 Адасып жаман бала қалар жолда,
 Үлгімен ата жолын қуа алмаса.
 Қараны көрінбеген болжау қын,
 Белеске биік-биік шыға алмаса.
 Айтады ер деп халық оның несін,
 Жылауға аттың басын бұра алмаса.
 Қырымнан олжа салған қырандар бар,
 Жарасар қанша оны тұмарласа.

Көккүтән мойнын созып қаз болмайды:
 Шын болат жасығанмен жез болмайды.
 Ит үреді жақсы мен жаманға да,
 Сары алтын қалыбынан қозғалмайды.
 Берерде қолдың ұшын бермек түгіл
 Жамандар басын бақса аз болмайды.
 Пиғылы жамандардың қараңғылық,
 Тұрса да шілде түсіп жаз болмайды.

Патша өкіметі туралы

... Патша алыс, жете алмаймыз
 Петрборға, Және де сегіз санат алыс қия...
 Мал өсірген халықпаз, егін екпей,
 Аз жерге сия алмаймыз сызғандай-ақ.
 Шеттен келген төрелер порым қылған,
 Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.
 Петрбордан шапқатты санат келсе
 Патшадан жарлық алып, құдай қалап,
 Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
 Ол мейірбан ел болса, ұялмай-ақ.
 «Қойдан қоңыр не қылған халық еді!..» деп,
 Көз жасын, қайтар еді, тия алмай-ақ...

Барабар крестианға тең болмадық,
 Тартылып қай жараға ем болмадық?
 Малымыз, жерімізден пайда тиіп,
 Қалайша патшамызға дем болмадық?
 Орыс, ноғай, сарт, сауан саудагерге
 Қалайша малмен, жермен тең болмадық?..
 Сексен бес жыл болыпты бодандыққа,
 Қайырсыз патшамызға ел болмадық.
 Құр мен қоян секілді алуға оңай,
 Қай жұртқа аңқаулықпен жем болмадық?..
 Қазақ малы азайса халқың азар,
 Қалайша бай көпестер дүкен жасар?
 Патшалық дүкендердің бірі кемір,

Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,
 Соятын крестианға ылақтай боп.
 Патшаның сүйікті ұлы келгеннен соң,
 Шетке шығып қалдық қой брактай боп...
 Қор болып крестианның табанында
 Қалайша күн көреміз дәурен кешіп?
 Темір айыр, ақ балта қолдарында,
 Тілге келмей ұрады өңмендесіп.
 Іштен келген тоңмойын, надан халық.
 Бұл жүртты ойран қылмай ма төбелесіп!
 Осы күнде мағұлұм сұрасаңыз,
 Талай жанның тастап жүр басын кесіп.
 Қасиетті ата-баба зиратын,
 Үстіне егін салды жайлап есіп,
 Тірі түтіл өлінің көрін алып,
 Былайша іс қылады ерегісіп,
 Қай Дума, кәмәсие болсадағы
 Бұған зәкүн сұраймыз төрелесіп:
 Жетпіс екі милдетте жол бар ма еken,
 Сүйекті, дінді қорлауға тепкілесіп?
 Құдайдан кітап келген халық болса,
 Іс қылмас айуандарша көрді тесіп.
 Русия патшасының низамында,
 Мұндей іске Інжілде зәкүн нешік?
 Бұларға патша низам білдірмеп пе?
 Надандықпен қыла ма гуілдесіп?
 Бір орыстың тимейді моласына
 Қазаққа әдейі қыла ма дүрілдесіп?
 Қазақтың халқынан да крестианға

Ит баласы қадырлы бір көк күшік.
 Жыртқыш айуан мінезді халықпенен,
 Қалайша отыр дейсіздер бірге ілесіп?
 Қалайша күнін көрсін қазақ байғұс,
 Күнде сот, күнде бунт боп илесіп?...
 Сөзімнің дәлеліне салсаң назар,
 Қазақ малы кемісе, бәрі кемір:
 Іrbіт, Мәскеу, Мәкерже – күллі базар.
 Сиыр, қой, жылқы қылды, май, терісі,
 Пәбрік те асыл пұлды жұннен тозар.
 Шолақ мәстек, қу бөшке крестиан
 Қазақтың байлығына болмас ажар.
 Сендер үшін қазақ малы азайды деп,
 Пәбріктер крестианның шашын күзер.
 Зираттың тақтайларын ұрлап алып,
 Айуанша қараңғыда қазып мазар,
 Үстіне егін шықса қырқып алып,
 Аузына не тигенін итше қажар.
 Біз салдат патшаға бердік дейді,
 Омырауға салады өңкей ожар.
 Қай жауды әскер беріп мұқатыпты,
 Соғыста салдаттары жүреді азар.
 Күллі халық қасыбы қазақпенен
 Қисап неге қылмайды думашылар?
 Пайдасы крестианнан кейін бе еken,
 Қазақтың қайран малы көлге жүзер!
 Әскерге де ат керек, тамақ керек,
 Данышпандар қисапты қылса сезер.
 Жер, суын, баққан малын алдыңыз да,
 Қазақтан бұл уақытта болдың безер.

Дариға, дертті заман келгеннен соң,
 Қаламда жөн қалмайды тізген тежер!..
 Бостаншылық берсе егер басымызға
 Патшамыз мархабат қып ризаласып,
 Бетімізбен біз де өлмес күнін көріп,
 Тынышты жай іздер едік арып-ашып.
 «Күрметті» крестианға жер кеңісін,
 Орнымызды сол алсын әһілесіп.
 Өлтірсе құн, сатылсақ пұлымыз жоқ,
 Кор елді не қыласыз «қүрметтесіп».

Мархабат патшамыздан ала алмадық
 Ия Бұқар кетеміз бе ия Тұрсия?
 Ородниктің (урядник) астында қалғаныңша,
 Тіршілікте ізденіз исламия,
 Бір үш кез жер тимейді өлгенінде,
 Бұ не кеп, бұ не қасірет қамкіния!..

Жаман жақсы болмайды

Би болмас белін жуан бұғанменен,
 Тазармас заты жаман жуғанменен.
 Әртүрлі әр адамның сипаты бар,
 Бір ата, бір анадан туғанменен.



Жақсы мен жаман

Көккүтән мойнын созып қаз болмайды,
Шөл құмайт көк шалғынды саз болмайды.
Сасықтың пиғылы ылас – қараңғылық,
Тұрса да шілде туып, жаз болмайды.

Жиылып қарға-құзғын шулағанмен,
Артылып қалыбынан мәз болмайды.
Жамандар жайда жәрдем бермек түгіл,
Тар жерде басын бақса аз болмайды.

Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Сары алтын жамандаумен жез болмайды.
Бүйірып, дүзге шықса бүкқан «ерлер»,
Еліріп от басында ез болмайды.

Әркімнің өзіне лайық қалыбы бар,
Пасықтан ыластық мінез тез қалмайды.
Жақсының өзі өлсө де, сөзі өлмейді,
Жаминнан үлгі аларлық сөз қалмайды...

Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ел жаңылып етегін басқан жерде,
Жаманға жазатайым ісің түссө,
Қақшиып қалады екен аспан-жер де.

Тар жерде қолдың ұшын бергенді айтшы,
Екінің бірі мырза тасқан жерде.

Жамандар көре алмаған қылады өсек,
Ылайық заманында асқан ерге.

Шапса да қанша жүйрік, бедеу озар,
Болмайды кім үмітті қосқан жерде.
Билер көп тор алдында тысырайған,
Жол табар көсем қайда қосқан жерде?

Дәuletің барда досың толып жатыр,
Тауық көп тары, бидай шашқан жерде.
Басыңа қыын-қыстау іс түскенін
Білерсің досың қалмай қашқан жерде.

Жігітті шешенсіген дауда сына,
Мақтаған қыран құсты ауда сына.
Қарын тоқта әркім-ақ үйде батыр,
Жігітті батырсынған жауда сына.

Білінер жер жақсысы қыс келгенде,
Көрінер көлдің көркі құс келгенде.
Кімнің алыс, жақыны сонда ашылар,
Басыңа қыын-қыстау іс келгенде.



АЙТЫСТАРЫ МЕН БІР АЙТҚАНДАРЫ



Орынбай мен Ақанның айтысы

Бұл және одан кейінгі айтыстар Кәкімбек Салықов құрастырған жинақтан алынды

Ақан:

Ассалау мағалейкүм,
Орекеміз, Бар еken мың кісілік берекеніз.
Атанған ақындыққа аға сұлтан.
Женімпаз құтты болсын мерекеніз.

Орынбай:

Үстінде шапаның бар қолбырайған.
Әкеңнің киіміндей солбырайған.
Әр заманның киімі басқа-басқа,
Бұл киім ұнамайды, інім, саған.

Ақан:

Ақан да сөз табады ағасына,
Қарайды ағасының бағасына.
Бұрынғы ата-баба киген киім
Мирас боп қалмас па еken баласына?

Ақан кішілік ілтипат білдіріп өлеңін тоқтатады

да, қолын жуып орнына отырады. Сол кезде Орекен қайтадан сөз бастап кетеді.

Орынбай:

Дәретсіз негс керек қолың жуып,
Өзің таза жігітсің дінге жуық.
Ақанжан, сенен біраз сөз сұрайын.
Бас сәждеге тиді ме өзің туып?

Ақан:

Әуелде көнілім хаққа иген шығар,
Інің өлмес жерін білген шығар.
Ореке, сұрасаңыз мен айтайын:
Иншалла, бас сәждеге тиген шығар.

Орынбай:

Дейсің ғой болсын сөзің көнілге тоқ,
Алдамшы арқау болмас дүние бок.
Бас сәждеге тиді деп айтсандағы.
Мен, сірә, өз көзіммен көргенім жоқ.

Ақан:

Ореке, Қарауылдан шықтың дербес,
Сізбенен бақ сынасып қылман егес.
Ақтығын айтқанымның біледі Алла,
Пенденің көрмектігі дәркәр емес.

Үй иесі Қожахмет орта дәулетті адам болғанымен,
Қарауылдың әйгілі байлары Зікірия, Шалабайлардан
мырзалығы кем түспейтін атақты һәм беделді кісі

болыпты. Бұрын бала көрмеген үшінші тоқалы ұл тұған қуанышында шек жоқ. Орекенді Қожахметтің бәйбішесі қайным деп билік көрсетіп, басқа үйге әкетіп, құндақта жатқан балаға батасын бергізеді. Орекен қайта оралады. Сонда Ақан тағы да сөзді бастап кетеді.

Ақан:

Ореке, біз бір қайық, сіз бір кеме.
Жөні келген сөзімді айтты деме.
Шариғаттың жөнімен жүрген болсан,
Ішіне намаһрамның бардың неге?

Орынбай:

Күш атта, ақыл жаста, сөз малдыда,
Ақыл, айла болмайды жоқ-жарлыда.
Сұннат, уәжіп, парызды тәмәм етіп,
Жалғыз-ақ намаһрам деген сөз қалды ма?

Сол кезде көрші үйден абын да әсем ән шығып, жұрт құлағын түре қалады. Орекен әншінің дауысын танып, өз баласы Омар екенін сезіп, бата беріп келейін деп тағы да дереу шығып кетеді. Барса, шынында да, тойдағы жастар бір ақ үйде бөлек отыр. Омар әндептің отырғанын тыя салып, түрегеліп әкесіне сәлем береді. Орекен: «Асығыспын, әлгі әнінді қайтадан айтшы», депті баласына. Қызып отырған Омар көп тостырмай шырқай салып:

«Баласы Орынбайдың атым Омар, Айдалаға бітеді шірік томар», дей бергенде. Орекен шартпа-шұрт ашуланып:

«Айдалаға бітеді шірік томарың не? Әу, дегенде аузыма иман толар», демейсің бе? Өлеңдете бер, бірақ саған бата жоқ», депті. Орекең жиын топқа оралғанда Ақан шырқай жөнеліпті.

Ақан:

Ореке, қызық екен таңғандығың.
Еске түсіп жүрмесін алғандығың.
Белгілі болып қалды осы жерде,
Дін емес, табиғы үшін барғандығың.

Орынбай:

Тұыпты бізден бұрын Адам-Ата,
Бір Алладан басқада болар қата.
Мен өзім табиғыны тастап едім.
Қайтпақшы ем ез балама беріп бата.

Ақан:

Ореке, сіз ишанға бардыңыз ба,
Иә, естен, иә ақылдан тандыңыз ба?
Балаңызды бұл жерге шақыртсаңыз,
Жүгіріп келмес пе еді алдыңызға.

Сол кезде төрде отырған төрелер мен молла, қажылар шуылдастып: «Орекең женді!» деп шуылдап, алақай салыпты. Сонда Ақан қиядан құс ілген қырандай санқ етіп, жауабын шүғыл бастап кетіпті.

Ақан:

Бір сөзім Орекеме салмақ болды,
Жәйінді іліндірген қармақ болды.
Төрелер, сөздеріңіз үйлеспейді,
Бірің шүршіт, біреуің қалмақ болдың. –

деп заулатқанда шуылдаған төрдегілер су сепкен оттай дереу басыла қалып. Ақанға таңданыпты. Кеменгер ақын Орекең орнынан атып тұрып: «Сап, сап, ағайын, сап, сап, төрелер» деп. Ақанды бетінен сүйіп, екі қолын жайып батасын беріпті.

Орынбай:

Иншалла, інім ерен жан екен ғой.
Жас та болса бас болар нар екен ғой.
Тәңірім жарылқасын, қалқам Ақан.
Ат тұяғын басар тай бар екен ғой.
Әумин!

Сонда Ақан Орекеңнің кеменгерлігіне дән риза болып раҳметін айтқандай ілтифат білдіріпті.

Ақан:

Бақ жанса біз де Сіздей нар боламыз,
Қалайша кеменгерге пар боламыз.
Басың бұлбұл, аяғын дүлдүлім-ай.
Бір күні тап осыған зар болармыз.

Орынбай:

Баласы Бертағының Орынбаймын,
Көненің кен сабада қорындаймын.
Алла жар боп, Ақанжан, есен-сау бол,
Жас тұлпар шабысынды мойындаймын.



Орынбай ақынның Ақан серімен айтысы

(Екінші нұсқа)

Ақан:

Ассалаумұғалайкум, Орекем-ай,
 Бар еді жүз кісілік берекен-ай.
 Кешегі хан Шыңғыстың заманында,
 Сауық қып сайрандаған жер екен-ай.
 Сіздерге біздей іні жар болармыз,
 Қалайша кеменгерге пар болармыз.
 Басың бұлбұл, аяғын– дүлділім-ай,
 Бір күнде сіздерге де зар болармыз.

Орынбай:

Үстінде киген киім қолбыраған,
 Әкеңнің киіміндегі солбыраған,
 Әр заманың киімі басқа болар,
 Бұл киім ұнамайды, інім, саған.
 Кигенің үстінде бұл қара шекпен,
 Пішінің ұқсамайды асыл тектен,
 Құда түсе келгендей үй таңдайсың,
 Не себептен, шырағым, сөзің өктем?

Ақан:

Ақан да жауап берсін ағасына,
 Қарайды ағасының бағасына.
 Атамың өзі ұнатып киген киім,
 Мирас боп қалған еді баласына.

Ореке, біздер қайық, сіздер кеме,
 Орны келген сөз болса айттың деме,
 Неке жолын аттаған обал деуші ед,
 Ана үйге, басқа әйелге бардың неге?

Орынбай:

Оның рас Намахрамға қалғандығым,
 Сөз айтыста жоқ еді жалғандығым.
 Хошеметі Ұжмақтай болғаннан соң,
 Бетін қақпай сол еді барғандығым.

Ақан:

Рас, сіздің Намахрамнан қалғандығын,
 Сөйлер сөзге жоқ еді жалғандығың,
 Балығынан болмаса, бақасынан деп,
 Тамхиуан боп жүрмесе барғандығың.

Орынбай:

Күш— атта, ақыл— аста, сөз— малдыда,
 Ақыл-айла болмайды жоқ-жарлыда,
 Аллаға парыз-үәжіп, сұннэт қылып,
 Жалғыз-ақ Намахрам деген сөз қалды ма.
 Дәрет алып жүрмісің, қолың жуып,
 Өзің зирек жігітсің дінге жуық,
 Ақанжан, сенен бірер сөз сұрайын,
 Шәждага басың тиді ме өзің туып.

Ақан:

Хақтығын дін исләмның білгем шығар,
 Хақ дінге көніл қойып жүргем шығар,

Ореке, сұрасаңыз мен айтайын,
Иншалла, шәждаға бас тиген шығар.

Орынбай:

Айтайын бұл сөзімді тындасан құп,
Сөз ұқпас қаса надан қадірі жоқ,
Тиді деп бас шәждаға айтасың-дағы,
Мен оны өз көзіммен көргенім жоқ.

Ақан:

Хақтығын бір тәнірдің надан білмес,
Қадірін хас жақсының жаман білмес,
Пенденің құлшылығы тәнірге аян,
Адамның көрмегені дәркөр емес.

Ақан серінің Орынбайды жеңгені

Ақан серінің Құлагері өліп, жүдеп жүрген кезі. Орынбай ақынның алпыс асып, Зейнолла ишанға мұрит болып, қол тапсырған уақыты болу керек. Жайлауда бір үлкен тойда Орынбай ақын қатындар отырған бір үйге кіріп, өлең айтып шыққанын Ақан сері көріп, аңдысып жүрген екеуі айтысып кетеді. Әуелі Ақан сері бастайды:

Ақан:

Ореке, сөз бастайын жолың қисаң,
Мұрит боп ең ғой, пірге сен, Зейнолла ишан?
Жаңа ғана өңкендең қол тапсырдың,
Шулаған ақ сәллелі бұл қай ишан?!

Орынбай:

Ақыл— аста, күш— атта, сөз— малдыда,
 Ақыл-айла болмайды жоқ-жарлыда.
 Парыз, уәжіп бәрін де тамам қылып,
 Жалғыз-ақ әйел деген сөз қалды ма?

Ақан:

Өзімді жамандықтан ақтамаймын,
 Аузыма келген сөзді сақтамаймын.
 Ант беріп, қол тапсырған уәденді
 Бұзғаныңды сірә, мен мақтамаймын!

Орынбай:

Әй, Ақан, сөзің рас таласпаймын,
 Таласып Хақ жолынан адаспаймын.
 «Аңдыған алмай қоймас» деген рас,
 Сен жеңдің, мен жеңілдім, жолың дайын!

Ақан мен Ғалиянұрдың айтысы

Бір жында төре тұқымдары кеу-кеулесіп отырып Ақан мен Ғалиянұрды айтыстыру үшін Молдабек деген кісіге айтады: «Сен Ақан келгенде, Ақанға бір ауыр өлеңмен сөзбаста, артын Ғалиянұр іліп әкетсін», – дейді.

Ақан келгенде амандасып болған соң, Молдабек Ақанға:

Әр түрлі жан жаратқан хақ тағала,
 Жақсылар жаманына болар пана.

Ғибрат кейінгіге қалмақ үшін,
Бір сөзді бастасайшы Ақан аға.

Сонда Ғалиянұр іліп алып Ақанға:

Бір сөзді баста дейді жүйрік інің,
Інісіз не болады көрген күнің.
Жүйрікпін деп ілгері кете берме,
Айтатуғын артында қалар дінің.

Ақан жауабы:

Істік мұрын, шақша бас ноғайым-ай,
Саған да өлең айту оңайын-ай.
Қазақтың қағидасын набу қыл,
Құйрығынды жерге шаншып қояйын-ай.

Ғалиянұр:

Арғы тегім мұсылман затым ноғай,
Кеуденде ақыл, басында миың жоғы-ай.
Дәрежем сізден-дағы артығырақ,
Ноғай деп кемітүің болмас оңай.

Ақан:

Кел өлең айтысалық олай болса,
Кәпелімсіз болатын ноғай болса.
Қазақтың қағидасы саған қыын,
Өлеңмен айта қойшы оңай болса.

Ғалиянұр:

Айтайын олай болса өлең кептен,
Өлеңмен қозғасайық ата тектен.

Қазақ ұран дін исламға үлгі салып,
Мен өзім бір қыырдан келдім шеттен.

Ақан:

Бір Алла пендесіне берсін жәрдем,
Жәрдем берген құлында қалмас арман.
Бұқара жұрт пайғамбар нәсіліміз,
Нәсілің болар ма екен пайғамбардан?

Ғалиянұр:

Асылдың асылдасаң асылымыз,
Бұл күнде дін исламның ғашығымыз.
Ақан аға, тап өзіндей көре берме,
Иншалла, біз де пайғамбар нәсіліміз.

Ақан:

Пайғамбар бола бермес жұрттың бәрі,
Пайғамбар болам десен кетерсің одан әрі.
Пайғамбар тап сен сияқты болып па екен,
Шұңғыл көз, орақ мұрын, ақжал сары.

Ғалиянұр:

Ақан аға, ноғай деген сөзінің арты шолак,
Асыл жасықты айырмастай фаһымсыз болма олақ.
Әбул Жаһил пайғамбарды кеміткен сиқыршы деп,
Семіртіп әзәзілді қылма қонақ.

Ақан:

Құдайым, мың ғалам жан жаратқан,
Ішінде абзалы жоқ адамзаттан.

Тәкаппарлық әзәзілден қалған мирас,
Сізге ұстаз әрі жолдас болды ма бөтен заттан?!

Ақан «пар атты мен дара атты ғой бірдей бола ма?» деп Ғалиянұр да ақындық ғалімлік қатар адам: «қош түрғыл», – деп айтыстырған төре тұқымдарына бұрылмай кетіпти.

Мәшһүр Жұсіп пен Ақан сері

Ассалау мағалейкум, Ақан мырза-ай,
Ашқа қандай дауа бар тоқ қылғандай,
Азға қандай дауа бар көп қылғандай?
Қандай тағы айтарлық ақылың бар,
Қияметтің ғазабы жоқ болғандай? –

деп сұрақ тастап, әзілдей қол алысқан екен. Эйтпесе, мұндай сұраққа Мәшһүрдің өзі де жауап таба алмай қиналып жүрген адам емес еді. Сонда Ақан Мәшһүр Жұсіптің қолын алышп тұрып:

Ашқа дауа қанағат тоқ қылғандай,
Азға дауа шүкірлік көп қылғандай.
Сайрандал дүниені өтер болсан,
Қияметтің ғазабы жоқ болғандай, –

дей салған екен.



Ақан мен Қожамбет

Кожамбет:

Дарияға қарсы жүзген біз бір кеме,

Ауызға келген сөзді айтты деме.

Үш жүздің әлпештеген.....

Аяғында түрмайды мәсі неге?

Ақан:

Сіз – бір қайық болғанда, біз – бір кеме,

Ауызға келген сөзді айтты деме.

Тоғыз жыл ауылнай боп дүрілдейсің,

Бүтін болып тұрмайды шәйнек неге?!

Қожамбет:

Сіз – бір кеме болғанда, біз – бір қайың,

Айыптама сөз айтсам жолдан тауып.

Елу жылқым өзімде бар дейсіңіз,

Аяғыңа кимейсің мәсі нағып?

Ақан:

Біз – бір кеме болғанда, сіз – бір қайық,

Айыптаман сөз айтсаң жолдан тайып.

Түске де он екі жыл ауылнай болдым дейсің,

Тұбі бүтін бұйырмадан құман нағып.



Әділ мен Ақан серінің айтысы

Әділ:

Алармын ұрып-соғып борсығынды,
Айналдырып шығарып үршығынды.
Өнерге мен сабадай толықсимын,
Жаныма байланармын торсығынды.

Ақан:

Әділ-ау, ойлап тұрсам ақылың жоқ,
Сенің ақылынды аударған дүние бок.
Толған торсық секілді мен толқымын,
Құр саба неге керек қымызы жоқ?!

Әділ:

Есенбай бәріміздің атамыз-ды,
Қисық болсаң түзермін қатаңызды.
Ежелден Әділ ағаң емес пе едім,
Менің неге алмайсың батамымды?!

Ақан:

Есенбай бәріміздің атамыз-ды,
Қашан мен алмаушы едім батаңызды.
Қисық ағаш секілді қыңырайсан,
Тезге салып түзермін қатаңызды.

Әділ:

Алдыңда Әділ ағаң елестейді,
Қайда жақсы жиылса кенеседі.
Қатамызды түзесең түзерсініз,
Ағаң сенің Мендібай молда емес пе еді?

Ақан:

Біздің елдің күлдің бе молдасына,
Сөзің енді келеді орнасына.
Сенің ағаң Арыстанбай емес пе еді,
Орыстың дұға қылған молдасына.

Әділ:

Сөзімнің менің айтқан жөні жоқ па,
Ақан-ау, біздің сөзге енді тоқта.
Үш әйел бар дейді ғой бір басында,

Кемпіріңің енді маған жөні жоқ па?
(Бес перизат бір өзінде бар дейді ғой,
Біреуінің ағана жөні жоқ па?)

Ақан:

Малқара бабаң сенің батыр екен,
Арыстанбай батырлардың ақыны екен.
Ақымақтық қайда деп іздел жүрген,
Іңырысып Құттыбайда жатыр екен.

Құр өтірік жаланы жауып алдың,
Баяғы ит мінезбен қауып алдың.
Қайда деп ақымақты іздел жүрсем,
Ішінен Құттыбайдың тауып алдым.

Ақымақтың сүгіреті белгілерін,
Қағазға мөрін басып салып алдым.
Әділде де жүр екен бір-екі жын,
Шөменше бір-ақ ойнап, қағып алдым.

Әділ еш нәрсе айта алмай, женіліп қалады.

Ақан сері мен Мұрзалы ұлы Мұқанның айтысы

Мұқан:

Ақан, сен білем дейсің әрбір жөнді,
Оңын тастап қуасың жөнін солдың.
Бойында ауруың жок, сырқауың жок,
Не себептен насыбайға құмар болдың?

Ақан:

Нәпсіні Ақан тағы іркіп еді,
Сабырмен нәпсі тағы бекіп еді.
Қалипар уыз менде бар дейді ғой,
Насыбай көнілашар шіркін еді.

Мұқан:

Айтса да Ақан мәнін біле алмайды,
Арам ғой, қой десем де тіл алмайды.
Әуесі Стамбулдың бізден бөлек,
Жерінде темекісіз жүре алмайды.
Ондай сенің бойында зәруің жок,
Бұл сөзің пәтуаға тұра алмайды.

Ақан:

Бір емес барлық нәпсі қамалайды,
Көбінен көңіл тоқтап тұра алмайды.
Бәрінен тегіс жүдә болу қыын,
Кей адам біздің жайды біле алмайды.
Зияны өзіме тиеді деп ойлаймын,
Бұл сөзім пәтуама жағалайды.

Мұқан:

Бұ сөзің ұнамайды бастағаның,
 Насыбайды алып, өзгені тастағаның.
 Өзіңе сүндегенде істі тәрік қылышп,
 Обал істі бұ қалай қастағаның.
 Денені түзер осы-ау ол бір парыз,
 Келіспейді дененде настағаның.

Ақан:

Айтылған Стамбулда мұның сөзі,
 Сұрайық ғалымдардан болса кезі.
 Дегенге бір себебі барлығына,
 Тән пәгі деп аталған мұның өзі.
 Арақтай мұтлақ арам емес,
 Рауаятын молдалардың көрген көзі.

Мұқан:

Топырақтан жаратқан адам тәнін,
 Әзәзіл оттан жаралған білсең мәнін.
 Адамға ол әзәзіл үйымаган,
 Адамнан басқамын деп жаным, тәнім.

Сондықтан қарғыс алып ібіліс болған,
 Нәжістер қорыққанына болған забын,
 Сол бауылдан темекі жаралыпты,
 Есітіп ем молдалардың мен айтқанын,
 Басқанда матушкелер сиед дейді,
 Атқанда аңы қылуға оның дәмін.
 Бойында ауруың жок, сырқауың жок,

Неге салып былғайсың иман қабын?
 Арақтай арам емес деп адап қылдың,
 Рауаятын көрсет сол патуаның.

Ақан:

Насыбайдың айтасың сөздің құнын,
 Нағыз сен көргендейсің иман қабын.
 Заты арам нәрсенің ақысы адап,
 Шарифат адалдайды сатқан пұлын.

Ақан сері мен Мұқанның айтысы

Ақан серінің қатыны өліп, қатын алмай, ел аралап жүргенде, Рамазан дейтін інісі өліп, оның қатыны жесір қалады. Жұрт ал десе де, Ақан алмайды. Сонда Мырзалыұлы Мұқан Ақанға мынаны айтады:

Мұқан:

Сөйлесе сөз табатын мен бір ақын,
 Мен біреу анғартайын саған жақын.
 Алысқа көнілінді шабыттама,
 Жақыннан көзінді сал, жесір қатын.
 Осынау өсиетімді қабыл қылсан,
 Мұберек құтты болар сіздің тұқым.

Ақан:

Мұныңа жауап табар мен бір ақын,
 Қатынға жұғыспайды біздің тақым.
 Иншалла, қыз ал десе жарап еді,
 Алғасын айтасың ғой өзің қатын.

Мұқан:

Мен саған достықпен жөн айтамын,
 Өз мұраң жақының ғой деп айтамын,
 Мекенсіз боп әр жерде жүргеніңше
 Мұранды алып, бір үй бол деп айтамын.

Ақан:

Мұқан, сен сүйгеніңнен жеримісің,
 Мұз болып жанған отқа еримісің?
 Орын болсын дегенің жақсы жауап,
 Сонда да сүймегенге телимісің?

Мұқан:

Мұны ауыр көрдің бе бүйдегенге,
 Телісем де көнбейсің сүймегенге.
 Мекенсіз боп әр жерде жүргеніңше,
 Қатын менен бала керек өлмегенге.
 Не қылсан да қатын ал деп айтамын,
 Илансан, достығым бар сен дегенде.

Ақан:

Менің де достығым бар сен дегенде,
 Көңіл шіркін ренжір кем дегенге.
 Қыз деген сөз аузыңнан бір шықпайды,
 Оны қызғаныш көрдің бе мен дегенде.

Мұқан:

Қыз алсаң болар ма еді көңілің қош,
 Қатын ал деген сөзге боласың өш.

Әйелдердің бәрі де саған жақпай,
Қала ма деп ойлаймын макұрым бос.

Ақан:

Бұған да бір айтар сөз қамдайын да,
Құдайым өнер берген таңдайыма.
Елден жақсы бір сұлу табылмай ма,
Сүйгеніме құрықты салмаймын ба?!
Алты күн ат мінсе, ауына тартар деген,
Құдайым кез келтірсе мәндайыма.

Мұқан:

Бір кезде болып едік жақсы халда,
Сол кезде берген саған патша Алла.
Бұл кезде қатын өліп, бұлай болдын,
Қатынға ілтишатың жоғын анда.
Ақан, сен қатын ал деп ана жылы,
Өсиет қып айтқаныма Шыңғыс хан да.
Кім жолықса айтады достықпенен,
Еш пайда қылмай жүрсің шыбын жанға.

Ақан:

Рас, қыз ал деп айтушы еді Шыңғыс хан да,
Сол кісі айтушы еді анда-санда.
Елден таңдап бір сұлу ал деуші еді,
Өзім күш берейін деп дүние малға.
Менің көңілім қатынды ұнатпайды,
Көңілім бір сұлу қыз абзалда.



Мұқан:

Ақан-ау, мына сөзді көңіліңе алма,
 Алартып бөтен жерге көңілің салма.
 Қатын, қызын қазақтың ұнатпайсың,
 Бөтен заттан алатын жерің бар ма?!

Ақан:

Мұқан-ау, құр сілтеме мына шетке,
 Жала сөзің келмейді тіпті епке.
 Мирасқор менен кейін қайнысы бар,
 Ал деп неге айтпайсың Мұқамбетке?!

Смағұл мен Ақан серінің айтысқаны

Смағұлдың Ақан серіге жазғаны:
 Дүние пайда бермес ешбір жанға,
 Болсаң да би мен төре, патша, хан да.
 Тіршілік адамзатқа аз ғана күн,
 Үқсайды дүние шіркін жанған шамга.
 Басыңа пайда бермес бұл өнерің,
 Жақсылық қосылмайды ешбір санға.
 Ысырап, құмға құйған су секілді
 Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға.
 Мысалы дүниенің бұған үқсас,
 Бұрылып жан бармайды қалған тамға.
 Қадірлеп айтқан өлең, қағаз жаздым,
 Баласы Қорамсаның Ақан салға.
 Құрметлу бағитында жазған намам,
 Саламат күйлісіз бе есен-аман?
 Атаңыз қыдыр қонған бай кісі екен,
 Күнінде ойға алғанын еткен тәмам.

Он кісі күте алатын қайран құнің,
 Бұл құнде ол кеткен сон қандай бағаң?
 Дін іздел, еткен сенің кәсібің көрінбейді,
 Напақамыз демей ме қатын-балаң?
 Данышпан, ақыл-парасат, сондай жансың,
 Қайтейін қылып жүрген ісің надан.
 Ісінен дүние-акрет хабарың жоқ,
 Сықылды көрінесің қалған шабан.
 Жалғанда қылғаныңды есепке алып,
 Періште жоқ дейсің бе жазған наман?
 Жиналса қиямет құн ғалам халқы,
 Ұялып пиғылынан тұрған жаман.
 Данышпан сөз жазғаным, білімді
 Ақан, Құдайым шешен қылды тілінді,
 Ақан. Бұл сөзі ғайбаттыққа қосылмайды,
 Айтамын көзбен көрген шынымды,
 Ақан. Ақылым саған айтқан осы сөзім,
 Жазды деп өкпелеме мінімді, Ақан.
 Сөйлейді қас күлдіріп, дос жылатып,
 Жек көріп, айыпқа алма інінді, Ақан.
 Ісіңе дүние ақиред ұқсатпаймын,
 Жалғанда жүріп көрген құнінді, Ақан.
 Қыз мактап, қымыз құйып, ысырап қып,
 Жұмсайсың керексізге білімді, Ақан.
 Періште пиғылыңнан жауап алса,

Әл бар ма шығаруға демінді,
 Ақан? Артта ізің сол уақытта адыраяр,
 Құйындей білдірмейтін жымынды,
 Ақан. Әңгіме керден толған асыл,

Ақан, Көнілде мақсат құсың масыл, Ақан.
 Құлістан қазан ұрған байтеректей
 Заманың өзгерілген басып, Ақан.
 Тіршілікте бір жаныңың қамын ойла,
 Басында әр мүшелің басым, Ақан.

Сұрасаң менің жөнім бай Қодыға,
 Бақ берген төрт тулікке сай Қодыға.
 Ойлаған мақсатына қолы жеткен,
 Ішінде тамам жүлдyz ай Қодыға.
 Жесірін аға сұлтан тартып алған,
 Бұл істі қыла алмайды жай Қодыға.
 Бабамның қолы жеткен ұшқан құсқа,
 Сөйлейін мұқтасар қып сөзді қысқа.
 Жасым бар жиырма екіде – жылым тышқан,
 Смағұл менің атым алсан нұсқа.

Сайлаған жүрт ұнатып жиырма екіде,
 Молда мен указной бір болысқа.
 Ойласақ – бұл дүниені құғанменен,
 Жан сая болмайды екен іш тынысқа.
 Өлеңді көп сөйлемдім сенен де артық,
 Құрбыдан Тәнрім жар боп кеттім артып.
 Білген соң дүние жолдас болмастығын
 Тоқтаттым Құдайды ойлап, бойды тартып.

Бермейді жанға пайда ақындығың,
 Жалғанның білемісің жақындығың?
 Өмірің тірлікте қырық күн болса,
 Рахаты адамзатқа бір-ак күнің.

Күн өтер отыз тоғыз қайғыменен
 Ішінде жақсы, жаман айыбымен.
 Рахат жалғыз күннің өзін таппай,
 Корқамын өте ме деп зайды менен.

Ақан серінің қайырғаны:

Жақсының болым жолдас данасына,
 Уш жүздің сөз жібердім арасына.
 Ақылсыз ақымақтың бір мінезі –
 Өзінің қарамайды шамасына.

Елге бас, ұйтқы болған асылдардың,
 Жүрмейді кімдер сыйып панаына?!

Жылында мың тоғыз жүз сол екінші,
 Атбасар сөз жібердім қаласына.

Молдасы волосной Қызыл көлдің,
 Смағұл бай Қодыға баласына.

Алмағы күллазағи дегендейін,
 Көтерген өзін-өзі жараса ма?

Дүниеден Қарындағы бай боп өткен,
 Жеріне ойына алған қолы жеткен.

Малынан қайыр-ихсан бермеген соң
 Жер жұтып, ғазап тартып, мехнат шеккен.

Атаңыз байлықпенен хат барды ма?

Махшарда қайырсыздық зиян еткен.

Атанды мақтаймын деп Айға ұқсатып,
 Жүрменіз күпір болып бұл реттен.

Атандым Ақан сері мен жасымнан,
 Уәлдай жеті ықлымға даңқым кеткен.
 Алғайбаты ашшадды миназинна.
 Ғайбатлап өлең жаздың не себептен?
 Дүниеде мені қылды таған Ақан.
 Білмейтін жамандықты жаман Ақан,
 Ехтам шаригаттан түк білмейсің,
 Үйретсін ғылым жайын саған Ақан.
 Менмендік, тәкаппарлық дұрыс па екен,
 Түсірер ақылыңа ағаң Ақан.

Басшысы ғазазылдың түу, Смағұл,
 Су жүкпас құттан шыққан қу, Смағұл.
 Зиянсыз мұсылманды шағып алдың,
 Заһарлы жыландаі-ақ у, Смағұл.
 Тұрмайды шіріген дүние қалыбында,
 Атаңа біткен дәулет ну, Смағұл,
 Ер жетіп, атқа мініп, сен өскен соң
 Болды ғой дәулет ғайып су, Смағұл.
 Ғайбат айтқан ауызда тазалық жоқ,
 Болды ғой аузың харам – жу, Смағұл!
 Шұлғанып дастарқанды аяғына,
 Қадырсыз болды ақмақ бұл Смағұл.
 Ет десе-ақ ас дегенге жүгіресің,
 Деп айтса бәрекелді, шу, Смағұл.
 Сықылды арамзада пиғылың бар,
 Анаңыз көрген шығар ду, Смағұл!

Үлгілі сөз шығады сабырлы ерден,
 Өнерді артық қылышп Тәнір берген,

Білгенсіп шарифттан сөз айтасын,
 Келіп ең хатым қылып қайсы жерден?
 Тамұқты жаратып па, менің үшін,
 Тудым ба сорлы болып тамам ерден?!
 Сұрауға сауал болмай өз басынан,
 Мақтандың кісідей-ақ барып келген.
 Қайғы қып, маған бола жаның ашып,
 Ұжмақты әулиедей көзің көрген.
 Билігі сол ұжмақтың сенде болса,
 Кісіңе үлестірші қасыңа ерген.

Поштамен маған бола жазған хатын,
 Көрдім деп, екі дүние рахатын,
 Қодыға менің әкем жылқысы көп,
 Смағұл волосной дейсің атың.
 Сыртынан Қодығаны естуші едік,
 Сасық қара деуші еді арғы затын.
 Тегінде ишан бар ма мұрит шыққан,
 Мұһминнің әлін байқап, ашқан бағын.
 Құранда жеті әріп жоқ қой аятта,
 Тауып бер сен ғылымды қылсаң хатым.
 Рас қой сенің әкең жай Қодыға,
 Ат емес, айғыр емес, тай Қодыға.
 Қодығадай Қодыға толып жатыр,
 Жүргенің сенің айтып қай Қодыға?



Ақан сері мен Нұрым ноғайдың айтысы

Ертерек уақытта Қазаннан Нұрым деген ноғай қазакпен, мақсаты – айтыспаққа шығады. Қазақта бар болған кемшіліктердің бәрін жинап, қазақтың бір ақынымен айтысып, жеңбек болады. Сол мақсатпен Көкшетаудағы Мырзалы деген байдың үйіне келген.

Мырзалы ноғайдың не себеппен жүргенін біліп, Мейрамға кісі жіберіп шақыртады. Мейрам мұны естіген соң, жолшыбай Ақан серіні ertіp алады. Екеуі бірнеше кісімен Мырзалынікіне келеді. Сол арада үлкен жиылды болып, Ақан сері мен ноғай айттысады. Келіп отырғанда, Ақан серінің киген киімі Жанайдардың Мейрамынан артық болады. Пат құндызбен тымағын тыстатқан екен.

Ноғай ойлап отырады: «Мейрам анау отырған екен», – деп. Мейрам әңгіме бастап ноғайдың атасының кемдігін, түрлі ноғайда болған кемшіліктерді сөз қылышп, жиылған жүртқа айтып отырады. Ноғай Мейрамның айтқан сөзіне шыдай алмай, өлеңменен жауап қайырады.

Нұрым:

Мырзалының келіп ордасына,

Қасымдағы сөз айттым жолдасыма.

Әркімдер: «Қазақ жүйрік!» дей берген соң,

Көнілім тоқтамады бармасына.

Бұл қазақ бұдан бұрын ақын болып,

Жолдас болып көріп пе хан қасына?

Қазақтың моллалары харам жеп жүр,

Береді не деп жауап Алласына?!

Ақан:

Ноғайым, танымаймын келдің кеше,
Біздің елде татар көп әлденеше.
Сылдырап жіпке тізген қоңыраудай,
Алдымнан шыға берме кесе-кесе?!
Бір Құдай, тексеретін сен емессің,
Күнәсін өзі тартар харам жесе.
Сен қайдан жөнді біліп іс тересің,
Көшенен ерте тұрып, кеш келесің.

Анаңды сартқа сатқан сары ноғай,
Қазаққа сатпай неңді бос бересің?
Қазағым жалғыз-жарым сауда қылса,
Бір тыынға жанынды бес бересің.

Тәнір айдал қалаңа қазақ барса,
Нақақтан пәле жауып, нос бересің.
Бойындағы өз мінінді өзің білмей,
Қазақты қай жерінен тексересің?!

Нұрым ноғай:

Қазағым, менің атым— ақын Нұрым,
Қазақты көп көргемін мұнан бұрын.
Қазақтың әуресін талай көрдім,
Күшіктей қанжығадан жеген жырым.

Қазағым, меніменен ерегеспе,
Аузынан құлаш-құлаш шығар тілім.
Әдеп жоқ, абырай жоқ, арсыз қазақ,
Қалай-қалай сөйлейсің жөнсіз қазақ?!

Ауылға қонып жатып нәрсे үрлайды,
 Қалайша біздің елге қонсын қазақ.
 Үрлықты қыла тұра, ант береді,
 Боктан көп біздің елде жансыз қазақ.

Тайпалған төрт аяғым бірдей жорға,
 Айтып бақ, мінім болса, қорғалама?
 Біздің ел «Бір тынға ант береді» деп,
 Соқырдай жан-жағынды қармалама.
 Сен мінді біздің жұрттан таба алмайсың,
 Қазағым «Өтірік» деп сандалама?

Ақан:

Ноғайым, айтар сөзді біле алмадың,
 «Айтпай-ақ қой», – деп едім, тіл алмадың.
 «Татардың нәсілі харам» деген рас,
 Ғәдетің болғаннан соң тұра алмадың.

Есіңен қалмағандай қылар едім,
 Көп ноғай басың қосып жүре алмадың.
 «Бойымда мінім жоқ», – деп мақтанаңың,
 Алдыңа бөгет салсам тоқталасың.

Қалаңа түйе тізіп, қазақ барса,
 Жасырып арқан менен қапты аласың.
 Өтірік пен үрлықтың бәрі өзінде,
 Қалай-қалай сөйлейсің шақша басым?!

Ежелден болған жұртсың еңбегің еш,
 Харам жеп иманыңнан қаласың кеш.

Жиылып тамам ноғай бас қосқанда,
Жанжалды шығарасың ертеңді-кеш.

Кей ноғай шашын қойып келеді іштен,
Кім айтартылман, – деп, – астын кескен?»
Құдайдан үміті жоқ кейбір ноғай,
Көнілін құмарланып арақ тескен.
Күнінде таңда маңшар қисаплы күн,
Дұрыс па тырағайлап арақ ішкен?

Нұрым ноғай:

Қазағым, наданбысың, молламысың?
Тең басқан төрт аяғың жорғамысың?
Мына жақта Қазан деген шаһарым бар,
Сен бұған мұнан бұрын барғанбысың?

Қазанда мың мешіт бар құрамалы,
Күмістен күмбезі бар бұрамалы.
Ішінде сол мешіттің қажылар бар,
Қолында қатым еткен бар Құраны.

Дәрісті тамам еткен молласы бар,
Тәж, дәулет, басында сәлдесі бар.
Мешіттен намаз оқып қайта қалса,
Кіретін бина сарай ордасы бар.

Байларым сәндік үшін ел қыдырса,
Қазантас мың теңгелік арбасы бар.
Арбаға алты-алтыдан парлап жексе,
Әрбірі мың теңгелік жорғасы бар.

Сайраған ақ сарайда бұлбұлым бар,
 Алысты жақын қылған дүлдүлім бар.
 Бақшаға ақылменен басын қосқан,
 Дәулетті, бақтыы асқан жүлгілім бар.

Күмістен қышылатқан үйлерім бар,
 Таныған заң-закунді білерім бар.
 Орымбор, Қырым, Қытай малын жиған,
 Саудагер қазыналы байларым бар.

Саудагер байларым бар мал жинаған,
 Сүпім көп Құдай үшін жан қинаған.
 Залым мен пасық кісі сіздің жұртта,
 Көнілін жамандыққа бір тимаған.

Жақсылық бірің түгіл, бәрінде жоқ,
 Ортанда біздей салған шаһарың жоқ.
 Әншейін жалған сөзбен келтіресің,
 Ноғайдай мақтанатын еш салтың жоқ.
 Секілді киік, құлан тозған қазақ,
 Өр жерде пәле болса, қуған қазақ.

Үйіне ит кірсе де кет демейді,
 Хайуанмен араласып жүрген қазақ.
 Қазақта бұрын өтті батыр деген,
 Батырлары пақырдың хақын жеген.
 Қазақтың бұрынғы өткен батырлары,
 Қуырып бауыздау қан жатып жеген.

Ақан:

Ноғайым, Арқада жыл барыс болар,
 Қарасаң әр шаһарға кіріс болар.
 «Кәпір» деп мұсылманды діннен шықтың,
 Қарасаң соның түбі бір іс болар.

Мен сендей өтірік сөз сөйлемеймін,
 Кітапта айтқан сөзің дұрыс болар.
 Білмейсің, ақымақ ноғай, сөздің тегін,
 Айтасың өтірікпенен сөздің ебін.

Арақпен күнің кешкен халық едің,
 Сен неғып тәуір болдың бүгінгі күн?!

Кеше мен үш сақаба баласы едім,
 Бөлінген екі кенттің арасы едім.

Ежелден ноғай-қазақ болған шакта,
 Біздерге көніл қоймай талас едің.
 Айт десең байлық пенен мырзалығым,
 Ежелден артық еді қазақ халқым.
 «Ишарат білімдіге» дегендейін,
 Азырақ андатайын сөздің қалпын.
 Айтамын ерте тұрып азанымды-ай,
 Қайырым Астананың қазанындай.
 Малдан зекет, басымнан пітір берем,
 Құданың бес парызын қаза қылмай.
 Қазақтың ишаны бар мешіт баққан,
 Мұрит іздең дүнияда, Тәңір тапқан.

Қазақтан сексен рет хан өтіпті,
Тұспеген өмірінше алтын тақтан.
Осынша қазағыма тіл тигізіп,
Тазыдай ырылдадың шынжыр таққан.

Менің де неше алуан пірлерім бар,
Қосылған басы законге білерім бар.
Бәрі де бір ауылда осы кунде,
Байларым азат еткен құлдарым бар.

Таныған ғәділдікпен тура жолды,
Тартылған шаригаттай сымларым бар.
Осындай түзушілік бір ісің жоқ,
Сататын жанжалменен бұлдарың бар.
Ноғайым, неге кепті сенің ұртың,
Бұзылған қашаннан-ақ ақыл-құлқың.
Қыс мініп, жаз айдаған қазағымдай,
Бар ма еді ыңырандырып, қой мен жылқың?

Салдырлап арба жеккен кейбір ноғай,
Босатпас жаз болғанда үйдің сыртын.
Орысқа жалшы болып жүрген ноғай,
Келеді шашын қойып, қақпай мұртын.

Орысқа тоқалдыққа қызын берген,
Бай болса неге беред сенің жұртың?
Ежелден қазыналық біздің халық,
Бұл сөзім жалған емес Аллаға анық.
Қала шығып еліңе барғанымда,
Ноғайдың көп байларын көрген барып.

Тапқанын тамағына қағып жейді,
Хайуандай жүреді суға қанып.

Шірепін шырт түкірген кейбір ноғай,
Іздейді су тұбінен сұлік, балық.
Халипа, ағылшынмен төрт патшалық ел
Болды ма күні қараң сендей халық?
Шулаған айдын көлдің жағасындаі,
Шулатып тауықпенен жидың сарық.
Шаһарінді Қазан деген орыс алған,
Көп ногай бір жағынан қоныс алған.

Бірі тас, бірі кірпіш, бірі ағаш,
Түзетіп төрт мешітті ноғай құрған.
Салдыртқан түтел соны сен емессің,
Бекшора Абай деген ханым салған.

Бар болса сонда мешіт төртеу шығар,
Мың мұнара дегенің шіркеу шығар?
Алтын-күміс дегенің сенің байқұс,
Шығынмен түзеттірген нәрсең шығар.
Сенің дұлдұл дегенің арбаң шығар,
Және бұлбұл дегенің қарғаң шығар?
Мешітте молда көп деп мақтанасын,
Бірі ақсақ, бірі соқыр болғаннан соң,
Жүре алмай мүгедек боп қалған шығар?

Қазанда ең көп болса, төрт ишан бар,
Өзгесі хат танитын моллаң шығар?
Жеріңе жеміс түгіл, шөп шықпайды,
Сабанмен еккен егін әрен шығар.

Менімен айтыстырып, таластырған,
Құдайдан о да болса, пәрман шығар.

Нұрым:

Шаһарым білсең менің Қазан деген,
Таң атса, күніренеді азанменен.
Бұл қазақ күн шыққанша ұйықтап жатар,
Ісі жоқ бұл қазақтың намазбенен.

Қазанда Азан деген бір молда бар,
Бір өзін мекен қылған жұз ногай бар.
Патша Александр дәл қасында,
Салдырган Петерборда бір сарай бар.

Білемін Ахмет деген бір ногай бар,
Қазақтың Орынборда малын бағар.
Қазақтан жетім менен жесір барса,
Ақшаны садақа қып тастай атар.

Болғанда сөзім жібек, тілім майда,
Таласып пар келмейсің біздің жайға.
Біздің жерде жемейтін мәстектердің
Іздейсің аламыз деп қарон қайда?
Аласың қайда қазақ қарон болса,
Қаронды алар ма едің арың болса.
Демін қағып біздің жұртқа айтар едің,
Тырнақтай көкірегінде ағың болса.

Қазағым, құр далада асып жүрсін,
Аяғыңа дінінді басып жүрсін.

Бұқарадан бергі жердің бәрі қазақ,
 Сен кімнен арқаланып қашып жүрсің?
 Бос белбеу, қысық өкше, сасық қазақ,
 Қалай-қалай сөйлейсің асып қазақ?
 Шаригатқа туралы бір ісің жок,
 Көзі тар, көнілі қара, пасық қазақ!

Сен-дағы ел болдың ба «Қазак» деген,
 Өмірің өтіп барады мазақпенен.
 Құдайым күнәліға қазап қылса,
 Мақшарда байланарсың дозақпенен.
 Қазағым, сен білмесең мен айтайын,
 Мәнісін бұл қазақтың «Мазақ» деген.

Ақан:

Қолыма тәуекел деп домбыра алам,
 Дүниенің қызығына қайран қалам.
 Жәрдем берсе сөйлейін, аруақ қонып,
 Ер Қотан, Қарақожа, Арғын бабам!
 Мұсылман кәпірменен дінге талас,
 Ежелден ноғай-қазақ шыққан жанас.
 Отыз үйлі қазақтың ата-анасы,
 Бір туған өзбек-қазақ, ұраны – Алаш!

Мына ноғай жай жүрмей, бізге тиді,
 Мен сөйлесем қозғармын талай күйді.
 Жалған сөйлеп, қазақты қияннаттап,
 Айтқанына ит татардың ішім күйді.
 Бейілім ежелден-ақ кең жаралған,
 Ата-тегім әр жүртпен тең жаралған.

Көзі шегір орыстың жиені еді,
Қайда тегім ноғайдан кем жаралған?!

Ноғай дінге кіргені аз-ақ еді,
Ежелден ноғай бізге мазақ еді.
Ормамбетті өлтіріп, елің шауып,
Сарыарқадан аударған қазақ еді.
Он сан ноғай жиылып, Еділ барған,
Қыз беріп, өзі орыстан әм қыз алған.
Қыз беріп, қыз алысып әм жиен боп,
Орысты арқа күш қып жаңың қалған.
Орыстан бөлек емес ноғай пормы,
Ежелден мәстек аттай болған сорлы.
Көзі тұздай болғанда, мұрны біздей,
Сөзімнің менің айтқан бар ма міні?

Арқадан ауып еді ноғай көшіп,
Орыспенен бірігіп ақыл қосып.
Құллі татар Қазанда, Мәскеуде орыс,
Ел болдың башқұрт, мешер өсіп-өніп.
Еділге Қазан деген қала салған,
Әмір Темір көреген дүниені алған.
Неше сонан қорыққаннан жан сауғалап,
Әрең ғана мұсылман болып қалған.

Ежелден жұрт едің ғой дінің қатты,
Тік сөзді, мейірімсіз, тілің тәтті.
«Тұқымыңнан жалғыз жан қоймаймын!» –
деп, Әмір Темір үйреткен шарифатты.

Аз ауыл бұл ногайың пакыр еді,
 Орысты арқа күш қып жатыр еді.
 Кешегі ногай атасы – Могол, татар,
 Белгілі шежіреде кәпір еді.
 Қайда сенің затында дін бар еді,
 Ежелден-ақ бойында мін бар еді.
 Пайғамбардың қасында асхаб болған,
 Атасынан ногайдың кім бар еді?

Ердің кегі ежелден өтпеді ме,
 Ашы тілің түбіңе жетпеді ме?
 Өз алдыңа хан сайлап, адам қылып,
 Әмір Темір жұрт қылып кетпеді ме?!

Сонан соң алды-артынды жинадың аз,
 Көшпейсің бір боғынан қыс пенен жаз.
 Көшпес кент, ұшпас тауық болдың ногай,
 Қазақша бола алмайсың акқу мен қаз.
 Тағы да ұзатпастан орыс алды,

Басыңа құтылмастай бәле салды.
 Не қылсын, түбің бірге нағашың ғой,
 Мәз болып жиып жүрсің соған жанды.
 Көзі көк, мұрны біздей бала туар,
 Бір ауыз сөзге келсе закон қуар.
 Тентіреп төрт жылдан соң үйіне кеп,
 «Аппағым!» деп баласын сүйген болар.

Ноғайда бір ру бар шерміш мешер,
 «Мақсым» десіп, мас болып арақ ішер.

Орыспен қатын-қызың бір жатады,
 Сауықпен сонда қанғып өмірің өтер.
 Ноғайды орыс дерсің мүшесінде,
 Обалы неде болса шешесінде.
 Ноғайдың қыздары мен қатындары,
 Күн көрер орыстардың көшесінде.
 Орыспенен бауырлас, бастас жұрт қой,
 Аракты құні-тұні бірге ішеді.

Нан салып, абыз тайлап, қамар айлар,
 Арттарын құні-тұні орыс жайлар.
 Қыздарың тірәкпенен бір жүреді,
 Байқұс-ау, не бетің бар бізге кулер?!

Сөз қайтара алмай, ноғай женіледі.

Сабыр тұбі сары алтын

(Науан Хазірет жер ауғанда)

Бұл істі жек көрмеймін бір себептен
 Сүйкімді жан өткен жоқ Мұхаммедтен.
 Құдайдың өзі сүйген досты сенсің,
 Абужаһил лағынет қастық еткен.
 Шырағын екі жаһан қорлаймын деп,
 Ақырында солардағы не бол кеткен.
 Болар деп артқы жағы сол секілді,
 Сүйінші ғып қуанамын хазіреттен.
 Жұз қамшы имам ағзамға қамшы соғып,
 Зынданға Мансұр патша хұкім еткен.

Кемеден Жұніс пайғамбар жығылғанда,
 Қырық күн балық қарнында мекен еткен.
 Ферғауын қанша әскермен қамағанда,
 Мұсаға Ніл дариясы жол боп кеткен.
 Намұрт Ибраһимді отқа атқанда,
 От оған гүл бостан боп қызмет еткен.
 12 жыл зынданда Жұсіп жатып,
 Құданың құдіретіне шүкір еткен.
 Жұсіп те қандай болды ақырында
 Мысырға патша болып хұқім еткен.
 Алты жыл Айубты құрт шаққанда
 Ниғматул Ғабит атанып сабыр еткен.

Алты мың құрт жабылған денесіне,
 Таялған мойын тамыр күресіне.
 Орнына түскен құртын қайта салып,
 Ғаділдік еткен екен төресіне.

Айуб та қандай еді дені сауда,
 Не қылдық мұнша жүріп кәпір жауға?
 Рахима бір тұлымын нанға сатып,
 Айтпастай ақырында қалды дауға.
 Рахима ақырында қандай болды,
 Сабыр түбі сары алтын көп шыдауға.

Науан хазіретке жазған хаты
 Хазірет қайғы боп тұр Атығайға,
 Тимей тұр Қарауылдан ешбір пайда.
 Мендікен, Нұркө, Әлібек, Кенжеболат,
 Төрт арыс секілді еді Жаулыбайда.

Жұрт үшін ақ патшаға алты барған,
 Қанеки Шұңғыршада Шөбек қайда?
 Жақсылық, Ыбырай, Серкеш, Жансақалбай.
 Қазық боп жатушы еді Есенбайға.

Осындай жұрт көбіне мирас болған,
 Қарауыл бас қосатын салты қайда?
 Көдей, Қантай, Шоқтыбай, Өтеп, Жазы,
 Ұран сап шығатұғын қарағайға.
 Қылды-ноғай Тайқошқар, Бейтінбек пен
 Құттымбет, жаңа батыр Шопан қайда?
 Есетұлы Мәседді қандай еді,
 Бетін түзеп салғанда екі дайға.
 Хазіретпен хабарласпай жатар ма еді,
 Бар болса сол жақсылар осындайда.

Тоқтамыс, Құлжан, Бейсен, Мандай,
 Торсықбай, Молдағара, Абай, Жанбай.
 Қойлы Атығай, Жансүгір, Қожағұлдың,
 Айтқаның бұзушы ма еді күллі Атығай?!

Екі Тоқа, Зілғара, Шопан, Жолдыбайым,
 Әлібек, Сұраған мен Жарқынбайым.
 Топ жарып көсемдіктен сөз сөйлейтін,
 Шіркін-ай, өтіп кетті Сандыбайым.

Жақсыдан сол секілді калғаны жоқ,
 Нашардың қолы қысқа дәрмені жоқ.
 Бұл күнгі байларменен ел адамы,
 Толатын он қадақтай салмағы жоқ.

Науан хазіреттің көңілін сұрауы

Құдая, мұсылманды дінінде қыл,
 Өзіңнің өзгермейтін тілінде қыл.
 Фәнидің өмірінен өткін шағым,
 Ораза, құрбан айты күнінде қыл.
 Тәніммен ғазиз жаным айырыларда.
 Кәлима шаһадатты ділімде қыл.
 Сауалын періштелер сұрағанда,
 Жауабын ауырлатпай женілдеу қыл.
 Тіріліп, қабырдан бас көтергенде,
 Есімінді Раббым Алла тілімде қыл.
 Сап құрып махшар халқы тұрған шақта,
 Ертеде Кеухмат болған елінде қыл.
 Қолында Арслан-ғали нұрдан кесе,
 Сусынын Хаус-Кәусәр көлінен қыл.
 Ақ туын пайғамбардың көтергенде,
 Маңында жырық қылмай түбінде қыл.
 Тілеймін рахатынды қолым жайып,
 Сұрауы бір өзіңнен болмас ғайып.
 Есепсіз қазынаңнан гауһар шашып,
 Молығып гарифтерің кетер байып.
 Әзәзілдер кез болса осы шақта,
 Кетпей ме, теріс жаққа аяқ тайып.
 Тілектескен кісінді зор етесін,
 Біреуге бақыт, дәulet мол етесін.
 Үмітін рахымынан үзген жанға,
 Лағнет алған Ібілістей қор етесін.
 Тілеймін рахымынды мен бір пақыр,
 Сұрайтын мұқтаждығым толып жатыр.

Жолымнан мұсылмандық адастырмай,
 Мол тауфиқ иманды бер, қылмай тақыр.
 Сөздерін ғалымдардың жатта деген,
 Хақ жолдан бұрыс қадам баспа деген.
 Құранда көрсетілген сүресі бар,
 Бетінен сұраушының қақпа деген.
 Құдайым, қыл көпірден өзің сақта,
 Тайдырмай аяғымды бөтен жаққа,
 Сүйікті Хабибіңе қолым жеткіз,
 Жығылып кетейін деп тұрған шақта.
 Иншалла қабыл еткін бұл сөзімді,
 Бас иіп, бата қылған сол кезімді.
 Пендересін қай орынға қоям десе,
 Ыхтияры Алланың бір өзінде.

Меккеге барып қажы болып келгендерге айтқаны

Қажылар, бардың Мекке-Мухарраға,
 Жанында Мадина бар тұрған дара,
 Ішінде бұл жиһанның абзал орын,
 Жаратқан Мұкаррам ғып хақ-тағала.
 Ол жерде Хазірет-Расул жатқан дара,
 Таратқан мұсылманға жолын сара,
 Ауқаты бар адамға болар уәжіп,
 Хадисте айтып кеткен Хайрул-Үәра.
 Үзіліп бақ-алмасы піскен жері,
 Қайғысыз бал-шарапты ішкен жері,
 Хазірет-Жұсып анасын қою үшін,
 Түймемен бұғау жасап түскен жері.

Фажир-ана Хазірет-Исмағұлдың
 Кірін жуып, кіндігін кескен жері,
 Құдіретпен сол жерден Зәмзәм шығып,
 Талай өкше құм-тасын тескен жері.
 Жаннаттың анһарынан кәде келіп,
 Шешманың шешмаларын шешкен жері.
 Тауына минағаттың құрбан шалып,
 Исмағұл, Раббым Алла дескен жері.
 Қажылар зиратқа оқып, көріп қайтқан,
 Тақсырдың сол маңайда көшкен жері.
 Аспаннан төрт бұрышты түскен тастың,
 Қайнаған бауырдай боп піскен жері.
 Хазірет пен Мұсаны елші етіп,
 Бір Алла құдіретімен сүйген жері,
 Үлкен-кіші құранды берген Алла,
 Фананың һауасымен аян берді.
 Жай жатыр дүниелігін бермеген жан,
 Рахметке қолын сілтеп сермеген жан,
 Шәһарын Ыстамболдың көрмеген соң,
 Шынында бұл дүниеде болмаған жан.
 Толықсып нұры көкпен таласқанда,
 Жолынан ант бұзғандар адасқанда,
 Бір белгі хор сайында қалған екен,
 Хазірет Ғайса тақсыр көкке асқанда.
 Саясат әскері бар қол секілді,
 Қазына алтын, құміс, қор секілді,
 Пайдалы іші-сырты баһар дейді,
 Махаббат дүшпанына қаһар дейді.
 Жер екен іздейтүғын дінге ұйыса,
 Емес кой Тәнір жазып жақын қылса,

Тоғыз жұз тоқсан терезе бар,
 Ішінде бір мешіт бар намаз қылса.
 Онда бар пайғамбардың мұғжирасы,
 Емес қой ол тақсыр да діннің қасы,
 Пайғамбар түкірігімен бекітілген,
 Дейді ғой Айсофия мұнарасы.
 «Жұлдыз» журналында жариялаған
 Мұқаш Ғаббасұлы Елеусізов

Ақан серінің Қызылжарда қажыларды қарсы алғанда айтқаны

Қажылар, барған жерің Маккаи мұкаррама,
 Екінші Мәдинаи мұнаууара.
 Ішінде бұл жиһанның абзал орын,
 Жаратқан абзал қылып хақ тағала.
 Шапағат барған жанға уәжіп дейді,
 Пайғамбар Хадишамен сейіл құра.

Үзіліп бақ алманың піскен жері,
 Қайғыны бал-шекердей ішкен жері.
 Қабырына анасының хазірет Жұсіп,
 Түйеден бұғауменен түскен жері.

Қажылар, зиярат қып, көріп қайттың,
 Тақсырдың сол мәнзелден көшкен жері.
 Ұсмағұл туып, хазірет Ажар ана,
 Кірін жуып, кіндігін кескен жері.
 Су шығып зәмзәм шариф құдіретпен,
 Өкшесі қара жерді тескен жері.

Жәннаттың инһарына әсер келіп,
Шешманы шешма келіп шешкен жері.
Жәннатул пердаусиден қошқар келіп,
Көңілі қызыл гүлдей өскен жері.

Тауында сол Минаның құрбан шалып,
Ысмағұл забихулла дескен жері.
Қажылар, зиярат қып көріп қайттың,
Көшпелі алтындардың көшкен жері.

Хұрматлу қаж болдындар хақ қасында,
Риядат сіздерді Алла сақтасын да.
Қажыларға Құдай айдал кез келген соң,
Ақаның судай ағып таспасын ба?!

Бименді болысқа айтқаны

Әуелі сөз бастайын бір Құдайдан,
Құдай егіз жаратқан – Арғын, Найман.
Басқа жүзден Орта жүз дара шығып,
Дүниеге өсіп-өніп қанат жайған.
Екінші сөз сөйлейін – Абылайдан,
Хандықпен аты шыққан әрбір жайдан.
Ұранға атын қосқан Абылайдың,
Сөйлейін Төлекұлы Сандыбайдан.
Сандыбай шыққан еді асыл тектен,
Қарадан хан боп өткен ақсүйектен.
Қара қалмақ Тортайдың басын кесіп,
Бақ алған он жетіде жекпе-жектен.

Ерлігі үш алашқа мағлұм болып,
 Ұранға аты шыққан сол себептен.
 Атасы Сандыбайдың Тулақ-Төлек,
 Ішінде Орта жүздің заты бөлек,
 Жеті атадан келеді билік құрып,
 Бәрін де келістіріп айту керек.
 Жарасар не десем де асыл затқа,
 Құдайдың қалауымен жеткен баққа,
 Кез болдым Би-екене Атбасарда
 Айтайын біраз мақтау аруаққа.
 Бақ қонып, аруақ қалап, құдай сүйген,
 Ту ұстап, тұлпар мініп, берен киген,
 Кешегі Сандыбайдың Ерден батыр,
 Қоқанның хандығына жалғыз тиген.
 Сондай ер өтіп кетті жұртқа қорған,
 Қаймықпай Сібір менен Орынбордан,
 Айнабұлақ басында соғысқанда,
 Қоқанды қорқыратып қойдай қырған...

Дүниеден Шоқан өткенде

(Шыңғыс төренің жиені
 Кәшімоллаға Ақанның көңіл айтқаны)

Ассаламуағалейкум, мырза Кәшім,
 Құдай артық жаратқан бір баласың.
 Құдайым атаңызға дәulet беріп,
 Белгілі орта жүзге бір данасың.

Деймісің ей, шырағым, өлмеген бар,
 Құдайдың құдіретіне көнбекен бар?

Талайға сапар жолда қаза жетіп,
Үй-ішін, ата-анасын көрмеген бар.

Шыңғыстың үлкен ұлы Шоқан еді,
Император, патша жұртында оқып еді.
Күдайдың құдіретіне дауа бар ма,
Оған да сапар жолда қаза келді.

Ақжолда Мендекеден Шәңкі болды,
Белгілі орта жұзде даңқы болды.
О дағы Қызылжарда опат болып,
Белгілі жақсылардың арты болды.

Шорманның бір баласы аты Мұса,
Бақ-дәулет артық болған кім сұраса.
Омбының қаласында қаза келіп,
Әркім де құтылмайды топырақ жазса.

Қыран болмас қанаты қайырылмаған,
Тұлпар болмас тұяғы майырылмаған.
Алладан тағдыр жетіп келгеннен соң,
Кімдерден кімдер жылап айырылмаған?

Беріпсіз, ей, Кәшеке ағанызды,
Жыртыпты Тәнірі жетіп жағаңызды.
Тәнірім сол қазаның қайырын беріп,
Өсірсін мал менен бас бағаңызды.

(Мұстай Фалымның «Алтынның сынығы»
атты кітабынан алынды)

Шеттегі Алысқорадағы үйден насыбай сұрата женгесін жіберіп, шешесін Ақан сері өлеңмен құлдіріп, айналдырып, есін алып, қызды Мәмбетәлі дербес тигізеді. Қаркылдан күліп, желөкпе кемпір сезбей қалды.

Разия деген қызға айтқаны

Слуши, скажу мен жұз бул ния,
Құрбынан артық тудың акылың зия.
Мен сізді екі тілде мақтау үшін,
Келіп ем рашотпен шерле мния.

Әй, құрбым, формыңызды сыйғызайын,
Басы«Ре», ортасы«зи», аяғы«я»,
Үстінде киіп тұрған асыл көйлек,
Бір аршын дест руб матария.

Шай ішкен қолындағы асыл кесе,
Болады пары рубли карлания.
Қалқамен бұл сықылды бір түн жатып,
Шіркін-ай, болар ма еді кампания.

Бір ким өзі атлас, кезі он теңге,
Жан батып бара алмайды сіздің шенге.
Сегіз кез сексен сомға баға шыққан,
Айқасар соны шешіп, неткен пендे?

Фаруана ғашық болып, түсер отқа,
Шын ғашық аямайды басын сотқа.

Ғашыққа дүниенің керегі жоқ,
Мал емес, бас байлайды расхотқа.

Кеудеме тиді қайғың атқан оқтай,
Риясыз отыр құрбың сабыр сақтай.
Есімнен айырылатын уақыт болар,
Талықсып, дене мұздап, тамыр соқпай.
Уағдаға қашан опа болар екен?
Болып тұр сырласқалы бір жыл аттай.

Ақанның Шоғырмаққа айтқаны

Шоғырмақ, талай жерді бұлдіргенің,
Досты жылатып, дүшманды құлдіргенің.
Тұлкідей шыңдан қашқан бұландаушы ең,
Төскейде ақиыққа ілдіргенің.

Шоғырмақ, бұл уақытта келдің қайдан,
Болды ғой саған тұсу бір Құдайдан.
Киянат, зұлымдықты ойлаушы едің,
Енді мен астым ғой деп Атығайдан.

Қолында Әубәкірдің талдан таяқ,
Шоғырмақ, соғып едің аямай-ақ.
Тоғыз жыл болыснай боламын деп,
Семіріп кетіп едің шошқадай-ақ.

Омбыдан кісі келгенде қалдың сасып,
Жөнелдің Қызылжарға қадам басып.
Үйіңе бір мезгілде тоқтай алмай,
Есілдің ар жағына кеттің қашып.

Кашсан да ер Сұраған қуып жүрген,
 Ажалға шыбын жаның жуық жүрген.
 Қанынды қайда барса ішемін деп,
 Беліне алмас қылыш буып жүрген.

Баласы Жылгелдінің алтындарым,
 Дүшпанға тиіп жүр ғой салқындарың.
 Эр жерде Аю батыр шығып жүр ғой,
 Кісінің Шоғырмақтай алқымдары.

Жәрменеке болатнайда жиын болды,
 Сол жерде біразырақ сиын болды.
 Ісінді Абрамобиш тексергенде
 Мұн беру жан беруден қыын болды.

Арбасы Әлібектің үрілдеген,
 Табаны Шоғырмақтың дірілдеген.
 Бетіне Шоғырмақтың қарап тұрсан,
 Екені жанды-жансыз білінбеген.

Қалтаңа қайта-қайта қол салғанда,
 Үйзакқа тура қолың ілінбеген.
 Ақбұзау болыснай болған шақта,
 Андағұл, Үрсай болып күлімдеген.

Кеуденді жолбарысқа талаттырдың,
 Мұрнынды қышаменен қанаттырдың.
 Жағасы дүрия қамзол дал-дал қылып,
 Қатынына Саполаттың жаматтырдың.

Жанында қайда кетті азбандарың,
Секілді шілдің боғы тозғандарың.

Аяғы арыслан боп сынған екен,
Аспанда айға қолы созғандардың.
Бетіне оралмастай перде салып,
Намруд, Шеддат секілді азғандарың.

ШОНТЫБАЙ ҚАЖЫҒА АЙТҚАНЫ

Қыпшақ елінің білікті адамы Шонтыбай қажылық сапарынан оралып келгенде, Ақан серінің оны құттықтаған сөздері. Мұны біреулер Ақан өзі барып аузызша айтты десе, енді береулер хат арқылы айтқан дейді. Шонтыбайдың кім екені, қай жерде мекендерегені әзірге анық емес.

Ассалаумағалейкум, хай, қажеке,
Мәдина құтты болсын бардың Мекке.
Қыл көпір сол сираттан өткендей боп,
Сау қайтып есен-аман келдің жеке.

Қажылар опат бопты әрбір елден,
Құдайдан пәрмен екен бұл бір келген.
Сіздерге қалай айтсам жарасады,
Бөлініп сол қырғыннан аман келген.

Келдің бе аман-есен данышпаным,
Дін үшін қайрат қылған арыстаным.
Көзбен көріп пайғамбардың раузасын,
Төрт жармен құтты болсын табысқанын.

Мәдина мұнаууара бардыңыз ба,
 Жайларды харам-шараф көрдіңіз бе?
 Пайғамбар раузасына зиярат қып,
 Есіктен баба ислам ендіңіз бе?!

Келдіңіз сондай абзал жайға барып,
 Тілекtes болып жатқан біз бір ғаріп.
 Көз көріп, қолмен ұстап қадам басып,
 Соңан соң айналдыңыз рауза шәріп.

Бір жатқан Әбу Бәкір, хазірет Омар,
 Тарқайды бәрін көрсе көзден құмар.
 Келетін сол Жебірейіл қадам жайлар,
 Сайрап түр көңіліңізде айтсам солар.

Аралап кезіп келдің дүние жүзін,
 Ұнатып қостаған соң Құдай сөзін.
 Зиярат еткеніңіз құтты болсын,
 Фатима пайғамбардың сүйер қызын.

Мекке мен Мәдинаның бәрі араб,
 Баршасын көріп келдің қылып тауап.
 Сол жерде асхабаларға қылдың дүға,
 Жүзленіп Әли хазірет қарсы қарап.

Мекке мен Мәдинаға қондыңыз ғой,
 Нұрланып сол жайларда толдыңыз ғой.
 Жұма күн зиярат қып біткеннен соң,
 Жәннатул бақияда болдыңыз ғой.

Ибраһим пайғамбардың жалғыз ұғлы,
Сахаба жеті мәшһүр кетті тұғыры.
Басында дұға қылып отырдыңыз,
Имамға имам мәлік болып тұғыры.

Тұз айдал барады еken дәмі тартқан,
Бара алмай не бітірді мұнда жатқан.
Рухы пайғамбардың мұтаһарат,
Өзі бір күмбезбенен алтындарқан.

Бар дейді және сонда Ғайша анамыз,
Көре алмай сол жайларды көп санамыз.
Сіз бір шам жанып тұрған ішімізде,
Айналып біз бір келген пәруанамыз.

Болды ма сізге басшы дәлел онда,
Көп шығар ішіңізде жетік молла.
Зейнеп пен һәм Рақия, Һуммугұлсім,
Қызлары пайғамбардың жатқан сонда.

Басына хазірет Ғайбас барғаныңыз,
Табылған сол жерде ойға алғаныңыз.
Раузасы имам Хасан көзбен көріп,
Қажеке, тарқады ма арманыңыз?!

Мекке мен Мәдінаны араладың,
Жақсыны жамандардан сараладың.
Бәріне сахабаның зиярат қып,
Гүлістан, пақияны араладың.

Саны көп, хисабы жоқ мәсжит көрдің,
 Қыдырып соның бәрін, әбден кездін.
 Тамамлап Мәдинаны болғаннан сон,
 Бет түзеп Ұхит тауға енді журдің.

Келтеді Тәнірім қалап біздің үшін,
 Мәдина араладың іш пен тысын.
 Басшысы хазірет Хамза жетпіс шаһит,
 Көрдіңіз пайғамбардың жалғызы тісін.

Зиярат қылдың бәрін болсын қабыл,
 Жерлерге аяқ бастың жетпейтін қол.
 Жүрге енді Мекке жабдықтанып,
 Куанып мұнан шығып түзедің жол.

Қағазға жаза берсем кетер симай,
 Көзіңнің ағызғанда жасын тыймай.
 Артында сол бір нәрсе қалғандай боп,
 Жөнелдің пайғамбарды ішің қимай.

Бір түйеге қажылар екеу ара,
 Мінуге көлік жоқ боп жеке дара.
 Өнің мен түсіндей боп қала берді,
 Мәдина рауза шәріп, бес мұнара.

Жолсыз шөл, жапан кезіп таудан астың,
 Артыңа бұл жалғанды тастап қаштың.
 Арманың ойыңа алған бала жастан,
 Байтулла, қағбада боп араластың.

Түйесін бәдәуилер жаяу айдал,
 Бойыңа ехрам кидің, сәлде байлап.
 Жамырратқан қозыдай боп улап-шулап,
 Жөнелдің ләббакайлап, иә құдайлап.

Бұл жалған пәни сонда шықты есіңнен,
 Көп рахат, қызық көрдің сол күшіңнен.
 Шарапат сіздерден біз үміткерміз,
 Сау қайтып, есен-аман келісіңнен.

Басқаны қажы есіңнен қылдың харам,
 Шарттарын Құран айтқан істеп тамам.
 Бет түзеп Байтуллаға жүргенінде,
 Жөнелдік құстай ұшып көкке таман.

Өлімге бердің басты ыңғайланып,
 Ақырет жабдығын жеп, соны ойланып.
 Ия Ғафур, ия Рахман деген Алла,
 Жүгірдің Байтулланы жеті айналып.

Байтулла қара жабу төрт бұрышты,
 Көргенде Байтулланы көңілің өсті.
 Есіңнен мал, жан шығып кетіп еді-ау,
 Дариядан бері өткен соң, сонда түсті.

Айналдың Байтулланы көбелектей,
 Қарамай жолдағыны баса көктей.
 Қажеке, әлі күнге армандасыз,
 Келдіңіз сонда жаның шығып кетпей.

Мойныңды ұсынған соң бердің Хаққа,
Болмаған қайтуға ойың сол бол жақта.
Келтірді сізді мұнда Тәнірім айдал,
Жүзінді көрсетуге біздің баққа.

Тірідей сонда үстіңе кебін кидің,
Желге төгіп, жалаңаш күнге күйдің.
Ғайбаттан қиянаттан түгел көшіп,
Қол созып, хажыра суат тастан сүйдің.

Қажеке, қабыл болсын бұл қылғаның,
Бұйырған бұл сөзіңе адал малың.
Құнәні ішкі, тыскы кетіруге,
Суына зәмзәм шәріп шомылғаның.

Бақытына ел-жүртүңың аман келдің,
Шарапат дұға тиіп, өлмей жүрдің.
Өзінді ғазап уаракку һәм,
Уараккун-хатте арасында аттай желдің.

Сағындық сыртыңыздан сізді жоқтап,
Әкелген бақытымызға Құдай сақтап.
Тұрғанда сол ғаршының саясында,
Өзі пәни ямалында тұрдың тоқтап.

Көрмеген біз білмейміз жер шамасы,
Қармансаң қолың ұзын, мол табасың.
Қажеке, айналайын қолыңыздан,
Қағбаның құшақтаған босағасын.

Шақырған сізді сонда Тәнірім қалап,
 Бас қосып жүрдіңіздер өңшең манап.
 Қудая, күнәһымды кеше көр деп,
 Кол жайып сол жайларда қылдың тәуап.

Бастаған құдай ондап бұл ісінді,
 Ұнатқан дос пен дүшпан жұмысынды.
 Тіледік мұндай шариф жайда жүріп,
 Ағайын халық туған-туысынды.

Тағы да тірі болсаң баrasың ба,
 Есіңе сонда бізді аласың ба?
 Меллайын, ехзираіын зиярат қып,
 Жүгірдің Мәруа, Сапа арасында.

Бардыңыз түйе мініп Арафатқа,
 Жүрмейді ешкім мініп ол жерде атқа.
 Бесін мен намаздыгер қосып оқып,
 Үйдің ондағы көп жамиғатқа.

Айт күні оныншы күн күрбан айда,
 Байлықтан хаж бармаған көрмес пайда.
 Оқыдың таң намазын сарғайтпастан,
 Машһүрүк харам деген абзал жайда.

Қонақтап сол жайларда жатқаныңыз,
 Жалғанды ақыретке сатқаныңыз.
 Қажеке, қабыл болсын бастан-аяқ,
 Шайтанға жетпіс тасты атқаныңыз.

Құн шықпай Мина барып даярландың,
Бір-бір қой қажы басы сатып алдың.
Ағызып таудан қанын сарқыратып,
Құдайға жанын қыып құрбан шалдың.

Мойныңнан парыз, уәжіп түсіп қалған,
Есіңнен сонда кетті пәни жалған.
Тастарды жалаңақ басып жүрдің,
Үстіне тастаған ет пісіп қалған.

Адамзат қайдан білсін көрмей оны,
Бола алса сіздей болып жүрттың бәрі.
Анамыз жатқан жайы Хадишаның
Көрдіңіз сол жаннатул мұғаланы.

Сахаба онда жатқан әулие көп,
Шаһиттың онда жатқан хисабы жок.
Дін үшін әр тараптан барып өлген,
Жетпейді хисап қылсан жердегі шөп.

Тілеген тілегінді берді Құдай,
Құнәдан әбден пәк боп болдың, жүдә-ай.
Жарылып қуанышпен жүргегіңіз,
Болды деп дұғаң қабыл етіп нудай.

Жиналған Арафатқа көпті көрдің,
Құн бата Мұзталапа тауға келдің.
Қалмайтын бір зәрредей бойда күнә,
Жерлерге қасиетті енді келдің.

Пайғамбар сонда тұрып дұға қылған,
 Сақта деп үммәтімді ғазабыңан.
 Құнәсін үммәтіңің ғапу ет деп,
 Құдайға жаңып қызып күрбан қылған.

Құдайдан сол уақытта уахи жеткен,
 Кешірдім үммәтінді құнә еткен.
 Нахақтан кісі өлтірген кешілмейді,
 Зорлап алып кісі ақысын ренжіткен.

Құдая, көп түйінді өзің шештің,
 Жылаймын қадір Алла өзің күштің.
 Бар ауыр екі құнә кешілмесе,
 Кешкенде үммәтімнің несін кештің?

Сол күні хақ пайғамбар жатқан жылап,
 Құнәсін үммәтінің хақтан сұрап.
 Наз қылып, досы еркелеп жылаған соң,
 Енғам ғып тұра алмады Тәнірім шыдал.

Ей, достым, көп түйінді шештім дейді,
 Куә боп періштелер естің дейді.
 Дұға оқып Арафатта тұрғандарын,
 Бар болса қанша құнә кештім дейді.

Хаж барад пайғамбардың жолын құған,
 Махшарда ол үммәті жасыл тудан.
 Құнәдан тазарады пәндар мәдениді,
 Баладай анасынан жаңа туған.

Бізге айтқан хақ пайғамбар Құдай сөзін,
 Жаратқан абзал етіп Тәңірім өзін.
 Сол жайда аяғынмен басып келген,
 Қажының көзге сүрме қылсақ ізін.

Көресің іздел Мәкка сол барғаның,
 Баянсыз әлі-ақ өтер бұл жалғаның.
 Сол жайды аяғынмен басып келген,
 Қажеке, сіздердің де бар ма арманың?!

Ол бір тау шықтыңыз ба Хұбайысқа,
 Айтыңыз көрген күнді біз байғұсқа.
 Жете алмай арманда боп жүрген жанбыз,
 Айрылып хазірет Науан қолым қысқа.

Көрдіңіз Мұхамметтің туған жерін,
 Тазалап жуып келдің көңіл кірін.
 Дәлелдер басшы болып көрсетті ме,
 Зиярат етуіңе еркін күнін.

Сөйлескен Мұса хаққа тауы да тұр,
 Тартады қиямет күні Есрапыл сор.
 Баршасын сіз келдіңіз тамам айлап,
 Ақыры зияраттың жаббалы нұр.

Дәлелдер басқыш болып оныңызда,
 Бірге еріп періштелер соныңызда.
 Әулие Шайхы Махмұт зияратын,
 Бастыңыз кіре бере жолыңызда.

Бар шығар көніліңізде бұл арасы,
 Көп таудың Мәкка шаһар сол дарасы.
 Елестеп көз алдыңа тұрған шығар,
 Қырық есік, соның жеті мұнарасы.

Бұл жолда аш-арықтар сізді жақтар,
 Шарапат дұға тиіп, құдай сақтар.
 Сауабы өзге жылдан артық дейді,
 Және де болған биыл «Хаж акбар».

Жүйріксіз сағымдайын топтан шыққан,
 Көргенде көніліңнен шайтан бұққан.
 Ехласың бір Аллаға жақын болып,
 Сіздерден қасиетті баға шыққан.

Ту болдың бұл жалғанда қыпшаққа,
 Жасыңнан қойған жансың мойның Хаққа.
 Жетелеп алып барып енгізгендей,
 Соныңнан ергендерді сол жұмаққа.

Алтын, күміс оңғақ шығар көрігіңнен,
 Жасыңнан дін ісіне жерігіңнен.
 Шонтыбай батыр қажы атанып ең,
 Айрылып қала қапсыз серігіңнен.

Өлді ғой дін жолында шыбын жаның,
 Жасыңнан сіздің жағдай бізге мәлім.
 Таяныш бір босағаң жоқтай болып,
 Қайғымен таласып тұр сол бір бағың.

Ендігі бола берсін қалғаны аман,
 Жан тумас сіздей болып енді атадан.
 Есіл мен қыпшақтың арасынан,
 Жүргүге оңай болды тоғыз барған.

Жарасар не деп айтсақ сірә сізді,
 Кез қылып сөйлеткен соң Тәнірім бізді.
 Орта жұз: Арғын, Қыпшак, Қоңырат, Найман,
 Сүйредің басшы болып Кіші жүзді.

Бердіңіз зэмзәм шараф базарлыққа,
 Құттықтау сөздер айттым жаарарлыққа.
 Наурызбай күнде аңиды Ақаныңды,
 Сырты дос, іші құса боп наразылыққа.

Науанның елемеймін айтқандарын,
 Жүруші ем аңдып қажы қайтқандарын.
 Ұранға шыққан атым көре алмайды,
 Макұл ғой ақыл айтып қайтқандарын.

Деген бар: «көңіл – ғазы, көз – таразы»,
 Қажеке, ләzzат сөзге бол разы.
 Ақанға не болмаса Құлагерге,
 Науанның мәхкам тұтқан бар назары.

Сыйынсам тәуекелмен жалғыз хаққа,
 Тағдыр келсе жамыламын топыраққа.
 Иесі Құлагердің Қамбар атам,
 Өз басым шылауында Мұхамметке.

Ақан серінің қондырмаған үйге шығарғаны

Ақан сері жазғытұры шөптің жоқ уақыты Серәлі Мырзалыұлының үйіне қонамын деп келеді. Үйіндегі жұмыскері үй ішіне айтпай, шөптің азайып, малдың өліп жатқанын айтады. Соңан соң Ақан сері Серәлінікіне түспей, Сердәліұлы Придонның үйіне келіп қонады. Март айының іші екен. Таңертен қонған үйінің бір биесі құлындаиды. Ақан барып кеткеннің артынан Серәлінің екі жұмыскері қашып кетіпті. Серәлінің қыстап отырған жері Қоскөл екен. Қоскөлдің сыртын Бота деп атайды екен. Придонның үйіне айтқаны:

Қоскөлдің көк мұзы жайларында,
Шошақай, томпақай шөп байларында.
Көтерем ірі малда толып жатыр,
Өлім бар жабағы мен тайларында.

Түріне қарап тұру қыын болар,
Кедір-бұдыр мұздары бар сайларында.
Қоскөлге амандаса келе алмайсың,
Март пенен февралдың айларында.

Қабағы ашық болмайды қыстаған ел,
Жел жағын Ботаменен тыстаған ел.
Аузыңың бес шақырым зары тиіп,
Маңайыңнан қоймайсың қыспаған ел.

Биеміз құлында, айымыз март боп кетті,
Қазақ қонақ қондырмайтын сарт боп кетті.

Байы мен жарлысы әдет қылып,
 Жұртқа «шөп жоқ» дейтүғын шарт боп кетті.
 Біздің айтқан сөзіміз жара болып,
 Зым-зия екі жігіт тарт боп кетті.

Ақан серінің қызы алып қашқандарға айтқаны

Қарауыл ішінде Шұңқырша деген елде үйші Көтібай деген адам інісінің қалындығын алып қашуға Тәжі деген құдасын және он шақты жолдас ертіп шығады. Қызды алыш қашып келе жатқанда, қуғыншы жолда қуып жеткенде, бұлар шым-шытырық қашады. Алты кісі адасып, Сапар деген тауға қарай кетеді. Бір сақалды адам қолда қалады, біреуінің далада бөкебайы түсіп қалады. Сол уақығаға Ақаның шығарған өлеңі:

Қайрақтай Бөденені бастап кетіп,
 Алмақ түгіл, бір ұят тастап кетіп,
 Бір-екеуің қызды алыш жөнелсенші,
 Кедергіге он жігіт қостап кетіп.

Куалап күйкентайлар қанаттанды,
 Жағалтай қайқалаңдап алактады.
 Несібе қияр іс боп екі арадан,
 Қылдыдан бір құладын қабаттады.

Көтібай мен Тәжіге күрзі тиіп,
 Үйіне әзер жетіп салақтады.

Бұрынғы ізбөшкесін борай бермей,
Құдайым бұл бір ісін ұнатпады.

Адасып алты жігіт сапар кетті,
Соғыстан соң бір-екеуі қатар кепті.
«Алдымен әкең кетті» дегендейін,
Қашуға елден бұрын сақал кетті.

Бозбала келіспепті біздің сияқ,
Батырлардың тұқымы едің алмас қияқ.
Салалап шенгел салып ұстайтұғын,
Бір жігіт шыға алмапты лашын аяқ.

Тақымынан ол нағып құтылмасын,
Көтібайға бөгесін қарға түяқ.
Иықтап кейбіреуі ығып кетті,
Басысып бірін-бірі шығып кетті.
«Құдай берсе қар кеткен соң аламыз» деп,
Кебекке бөкебайын тығып кетті.

Ақанның Сексенбай молдаға айтқаны

Осы күні надандардан молда нашар,
Алланың рахматынан шайтан қашар.
Аузыма бір тамшы тама ма деп,
Дарияның түбінде жатып аузын ашар.

Ақан мен Сексенбай молда жаңбыр жауып тұрғанда,
бір ауылға келіп түсіпті. Сексенбай молда түсे сала,
үйге кіріп кетіпті. Ақан жаңбыр жауып тұрғанына

қарамастан, далада жаңбыр суымен басын жуып, сонан кейін үйге кіріпті. Үйге кіргенде, Сексенбай молдаға осы өлеңді айтыпты. Сексенбай молда Науан хазіреттен оқыған, өзінше «тәуір» молда аталады.

**Көкшетауда Науан молда мен Хамидолла ногай
молдасы бақас болғанда, Хамидоллаға Ақан серінің
айтқаны:**

Жамандар, жақсы жолдан арындаған,
Бұл іске бұрын неге барылмаған?
Жал бітіп, көбендікті көтере алмай,
Жүр екен әлі сорың арылмаған.

Шаһарында бір болат бар емес пе,
Тыс шығып, алтын тұтқа жарылмаған.
Қасиетті дін Исламның тірегі еді,
Ғалымдық панарындај жалындаған.

Гаухардың қолындағы қәдірін біл,
Пиғылды тастау керек қалындаған!
«Әл құләмә вәрисәту әнбия» деген қайда,
Теп-тегіс төрт аяғы шалынбаған?

Дін шашқан, әр дуанға үлгі берген,
Дә молда Көкшетауда хазірет Науан!
Талдырмас көк қауырсын бала Күкі,
Кетіпті ғылым ізден бұл арадан.

Ғалымдық дәрежесін нәсіп етіп,
Жеткерген мақсұтына Хақ Тағаллам!

Дін үшін ғазиз басын қанжығалап,
Қыындық өмір кешкен неше заман.

Сол күнде қазақ ісі тіпті нашар,
Надандық себебінен болған жаман.
Болса да ісі нашар, көңілі адал,
Бұрынғы келіп-кеткен өткен бабаң.

Жыл сайын түрлі-түрлі күй шығады,
Іжәят, тәуфиқты екі баспас қадам.
Дәрия, мұхит, теңізі осы емес пе,
Қылады шәк-шұбә неткен адам?!

Әмірін шәриғаттың тұтпай жүрсөн,
Жол тапсын басқа жерден сарт пен сауан!
Көкшетау түзулікке есеп едің,
Бір күнде тамаша еткен халық-қауам.

Ғалым жиса, құдіретін қарасаңыз,
Ғаламдық қаймағынан жаласаңыз.
Мұнармен тау басында талайындей
Көртышқан жерде жүргенмен аласаңыз.

Әуелде келіп едің сарша бала,
Шабата тоқыманы киіп қана.
Қаражат барлық ақшаң жалғыз бақыр,
Шетіне орамалдың түйіп қана.

Әуелі келгенінде сары бала едің,
Не қылып кеменгер боп пар болады?

Ұстаздың тілін алмай телміресің,
Иншалла, мекен-жайың тар болады.

Мен айтпан, кітап айттар қолындағы,
Сөйлесең шәриғаттың молын-дағы.
«Ұстаз хақы – Тәнірдің хақы» деген қайда,
Ренжітсең ұстазынды сорың-дағы.

Өз кітабың өзіңе айғақ болды,
Қадамды таптап баспа жолындағы.
Әуелде келіп едің, сары ноғай,
Нашарлықтың көріп едің зорын, ноғай.
Көбенеңсіп, ұстазыңмен тайталасып,
Хәзірет, неғып болды саған оңай?!

Бір мәжілісте отырғанда, ас артынан Ақан насыбай атады. Науан хазірет отырып: «Ақан, осының жарамайды», – дейді. Сонда Ақан отырып:

Рас, хазірет, осыным жарамайды,
Атпасам, ішкен асым тарамайды.
Парыз, уәжіп, сұннетті тамам етсе,
Құдайым насыбайға қарамайды, –
депті.
Хазірет: «ол рас», – дейді.



Науан хазірет баласы Ғалымтайға

Науан хазірет баласы Ғалымтайға қыз айттырада, ақылдасу үшін Ақанды алдырыпты. Науан: «Сені әдейі алдырып отырмын. Мына Ғалымтайға қандай қыз әперейін, қандай жердің қызын айттырайын?», – дейді.

Сонда өлеңмен Ақан былай дейді:

Құр қуыс жаман әйел – бұттың қабы,
Нәсілдің жұрағатта қалар табы.
Өтпейді жасық темір қайрағанмен,
Болса да нақышталған алтын сабы.

Шобырға арғымақтан айғыр салсан,
Баласы сол арғымақ туар жабы.
Ер жігіт қанша жақсы болғанменен,
Әйелге байланысты жігіт бағы.

Алғаны бола алмаса ерге серік,
Жігіттің болмашыдан сынар сағы.
Өкініш өмірінше кетпейді естен,
Жігітке жаман әйел салған дағы.

Тегіне алғаныңың зер салып ал,
Төркіні, нағашысы барлық жағы.
Ақыл-ой, қылыш-мінез бірдей келсін,
Құр бекер керек емес беттің ағы.

Жігіттер, қатын алсаң сөйлесіп ал,
Сөзіне сөйлес тағы, паһімің сал.

Ұқыпсыз нашар әйел алған жігіт,
Мойнына арық аттай бітпейді жал.

Құтылу қыын болар бала тапса,
Жоятын сатып, сойып емес қой мал.
Деуменен «эттеген-ай» өмір өтіп,
Күнелтіп итшілеумен боласың шал.

Жақсы әйел алған жігіт базары үйде,
Махаббат сүйіспендей келсе егер дәл.
Ақаннан сұрасаңыз айтары осы,
Хазірет, ендігісін ақылға сал, –
депті Ақан сері.

Ақан серінің бір келіншекке айтқаны

Ақан сері ел аралап келе жатып, бай баласы Азнабайдың отау үйіне түседі. Сәлем беріп, жайғасып отырған кезде Азнабайдың әйелі, «осы үйде дайын бауырсақ та жоқ, шэй да бітті, осы бір таусылмайтын қонақтан өлетін болдық қой» деп құнқілдейді. Сол сәтте Ақан Азнабайға қарап:

Қарағым, шығып қапты сақал-мұртың,
Келіннің ұнатпадым мінез-құлқын.
Үй іші, шаруаның бері жақсы,
Айтсаңшы, кім болады қайын жұртың?

Жақсылап бұл келінді бағу керек,
Алдына лағыл шамын жағу керек.

Қонаққа бұдан былай күнкілдесе,
Азу тісін балғамен қағу керек.

Жақсы эйел жігіт сырын шашпайтынын,
Бұралқы басқа жүріс баспайтынын.
Қырсығы жаман қатын ерге тиер,
Мұндайды арттан теуіп тастайтынын, –
дейді де, орнынан тұрып жүре береді. Отау үйден
шыққан бетте Ақан сері Аз nabайдың әкесінің үйіне
кіріп келді де, былай дейді:

Отауға түсіп едім қонуды ойлап,
Кіші үйде отыруға күліп-ойнап.
Алдынан шабаланып шыға келді,
Бір қаншық босағаға қойған байлап.

Қабам деп келіп еді, басқа тептім,
Ағызып улы тілдің зәрін төктім.
Қыңсылай, тепкенімде, қалып еді,
Отаудан үлкен үйге шығып кеттім.

Сол үйде отырған біреу аңқаулау болса керек,
«отаудың иті қаншық емес, арлан еді ғой» депті. Сонда
Ақан сері былай деген екен:

Ол үйде арлан да бар кекірейген,
Мысықтай сирек мұрты тікірейген.
Ұлыңыз арлан, келініңіз қаншық болар,
Алдынан шабаланып шықса егер.

Сонымен Ақан тұнімен үлкен үйде ән салып, домбыра шертіп, ойын-сауық құрады. Ертеңінде таңертең қымыз ішіп отырғанда, бәйбіше: «Ақанжан, кешегі сөз осы жерде қалсын, балалардың бір білмestігін кешіре сал», – деп иығына шапан жабады. Сонда Ақан:

Бәйбіше, жан екенсіз асыл дара,
Сай екен көркінізге ақыл дана.
Маған жапқан шапанды сіз алыңыз,
Жүргем жоқ ақымаққа айып сала, –
деп, шапанды бәйбішенің иығына жауып, жүріп кетеді.

Қараөткелде Ғазез ақынның Құлагерге шығарған өлеңіне разы болып айтқан өлеңі:

Айтасың еске алып Құлагерді,
Ашасың айтқан сайын ішкі шерді,
Атақты Қарауылдың өнерпазы,
Разымын көргеніме Ғазез ерді.

Жігіттің нағыз гауһар түрі екенсін,
Дүние жаннатының ғұлі екенсін,
Бұл елде өнерпазы екеу болса,
Дәл соның қатардағы бірі екенсін.
Қайтейін Құлагерім қолдан кетті,
Дүшпанның қастығымен ажал жетті,
Асына Сағынайдың барғанымда,
Жұсыбы Батыраштың қағып кетті.

**Газез ақын Ақанға, Құлагердей ат тапсам аласыз
ба дейді, сондағы Ақанның жауабы.**

Биеден Құлагердей тумас құлышын,
Табылмас жинасан да дүние бұлышын.
Шерімді іште жатқан қозғаған соң,
Әншейін айтқаным ғой көңіл мұнын.

«Ақан Құлагерден айырылып...»

Ақан Құлагерден айырылып, бір қара айғырды жаратып мініп жүріпті. Бір күні Шебектің Бегалысының үйінің әйнегінен өте беріпті. Бегалының үйінде құдасы Кемелдің Сұлеймені (ашық ауыз Сұлеймен дейді екен жұрт) отыр екен. Ақан осы үйге түссе, екеуіміз жарты ауыздан өлең айталақ десіпті.

Ақан үстінде қара құлышын жарғақ, басында тұлкі тымак, қолында сарала қамшы, сәлем беріп кіріп келгенде:

Уағалайкумассалам, арыстаным,
Шұбар айғыр көзденіп шалыстанып, –
депті Бегалы.

Сонда Сұлеймен:
Бұл күнде Ақан ағаң жай жүрген жок,
Қара атты жаратып жүр намыстанып, –
депті.

Ақан тұрған күйінде:
 Көргенде молда ағасын сөйлейтұғын,
 Аузы толған баспақтай шалыстанып, –
 депті.

Сонда Бегалы ұялып қалған екен. Өйткені Ақан,
 Бегалы – бір елдікі, Сұлеймен – қонақ. Әңгіме болған
 ауыз да Сұлеймендікі ғой.

Ақан серінің Құлагер жайында айтқаны

Ел еді Баянауыл барған жерім,
 Бар еді һәр мүшенде біткен келім.
 Арымас алты ай шапса арғымағым,
 Серке сан, қанжар мойын, қурай керім.
 Тұбінде қарақшының тұрдым тосып,
 Бәйгенді алушы едім талай қосып.
 Алдыңғы ат баран емес, қылаң деді,
 Сол жерде тұра алмадым бойым шошып.
 Құлпырған қара құндыз құйрығың-ай,
 Суырылып топтан озған жүйрігім-ай.
 Жеріне Ерейменнің алып барған,
 Тәнірімнің айналайын бұйрығын-ай.
 «Бас есенге мал бітеді» деген сөз бар,
 Жанымның қылдым тәуба тірлігін-ай.
 Қараймын отқа салып ашутасты,
 Не көрмен, әлі де болса басым жасты.
 Құнінде тоқсан тұлпар мінсем-дағы,

Ашуы Құлагердің басылмас-ты,
 Жануар Құлагерім қолдан кетті,
 Дұшманның қастығымен қаза жетті.
 Өзге жұрт көтермеге аттанғанда,
 Алдынан қарсы бармай маған нетті.
 Өлді деп Құлагерді естігенде,
 Баласы Орта жүздің намыс етті.
 Келетін жеке дара жануарым,
 Үмітсіз қандай дұшпан қағып өтті.
 Жұз жылқы, бір қыз болса сенің құнын,
 Сондай-ақ бір биеден туар құлын.
 Мың сом ақша, отыз түйе, екі жамбы,
 Алтайдан әпердің ердің құнын.

Нұрилаға...

Ақан сері өз заманында бір Орын деген қызбен тамыр болыпты. «Орынды ұзатады» деген хабарды естіп, Орын танысуға нағашысына барғанда, Ақан әдейі іздел барады. Орын бір ауылда бір байдың үйіне қонып жатқанда, Ақан барады. Қыз жатқан үйге Ақанды түсірмей, бір отауға түсіреді. Тамақ ішіп болған соң, Ақан қызға барайын десе, үлкен үйге кілт салып қойыпты. Ақан сері ашууланып, отауда жатып қалады. Ертеңінде шай ішіп болған соң, қымыз ішуге Ақанды үлкен үйге шақырады. Ақан кіріп келгенде, енді оның бір нәрсе айтатының біліп, байдың Үрилә деген тоқалы жүктің үстінен бір бөстекті алып, төрт қабаттап Ақанның астына салады. Ақан бөстеккө отырмай, түрегеп тұрып:

Үрилә, мен нетермін бөстегінді,
Орынға ғашық болған түстегімді.
Үйіңе бір ойменен келгенімде,
Есікке қойдың байлап кескегінді.

Іс емес есептесем естен кетер,
Кешегі қыз келгенде кештегінді!
Тұлкінің тоғайдағы таңын қорып,
Құланның шөлде жатқан шаңын қорып.

Бұл сенің меншіктеген қызың емес,
Асылдың алып жейтін аңын қорып.
Ішіне құрт-майыңды салушы ма ең,
Бір келген жолаушиның қабын қорып?!

Бір қызға айтқаны

Көк ала тай көтеріп иегінді,
Өлсен, тауға қояйын сүйегінді.
Буаз марал секілді көрінесін,
Қайсы жеккен, көтерген күйегінді?

Сағынай асына келгенде, ел Ақан ағаң келді десіп, мәз боп жүргенде, Ақан түскен бай үйдің қызы сырттан: «Е, тәйір-ай, Ақан-Ақан дегендерің бір қу бақан ғой, оның үстіне кірмейтін несі бар?!», – деп, өркөкіректеніп кіріп келгенде, Ақан оның жүкті екенін сезіп қалып, жоғарғы өлеңді айтты. Оны қыздың ағалары естіп, намыстанып, Құлагерді өлтіріпті.

Жақыпқа

Ақан жолаушылап келе жатып, Зікірияның інісі Жақыптың үйіне қонады. Үшінші деңгээлде, қас қарайғанда, бір тоқты әкеліп сояды. Тоқтының еті пісіп, алдына келген Ақан «бісміллә» деп дәмін татады да, жемейді. Өйткені жасық екен. Бірақ аузына оралған бір ауыз қағытпаны тастай салады:

Жануар, күндіз келмей, түнде келдің,
Білмеймін қай сайтанның тіліне ердің?
Обалына қалыптын, өзің кешір,
Қаранғыда қол жайып бата бердім.

Ертеңіне Ақан Зікірияның үйіне келіп қонады. Ол қой әкелуге кісі жіберейін деп жатқанда, мұнысы да бір жасықтың обалына қалмасын деген ниетпен: «Түнде Жақыптың үйіне қонып едім, бір тоқтысы арыз айтты», – дейді-дағы, өлеңдетіп жібереді:

Жаңа май жан денеме шашып едім,
Кек жеген сон, көзімді ашып едім.
Тамыз бенен шілдеде мені сойса,
Адам алса аузына, жасық едім.
Имиіп не бетіммен көрінем деп,
Мейманнан ұлғаннан қашып едім.

Жақып мырза бір қиял бастап алды,
Бес жүз қойдың ішінен қастап алды.
Талдан талға қорғалап қашсам-дағы,
Жұлдыз тұа қуалап ұстап алды.

Енемді жаздай, күздей сауып алды,
 Көздің жасы жаңбырдай жауып алды.
 Бозторғайдай жорғалап қашсам-дағы,
 Стражникке іздетіп тауып алды.

Ақанның қайын атасы Шоманға жауабы

Шоман Қүйеу баласының ажар-көркіне, аксұнқардай сипатына, тәрбиелі сөз, инабат иіріміне көңілі әлей толып, бек қатты шаттанады. Ақанға арнай сөз бастап:

—Балам, сенің келуіңмен елім қызық думанға бөленіп, бір жасап қалды. Ризамын! Алдыңдан ай, артыңдан күн тусын! — деп, отырған жұрттың қолпаштай көтермелеуін туғызуға бата береді де: — Ал енді өзінді осы ел һәм мына отырған халайық, иғі жақсылар ақын-ақын деп хан көтеріп, дәрежелейді ғой, кәнекей, өлең айтып жіберші! — дегенде, Ақан іркілмейді, Ыңғайлана отырып, тамағын кенеп алады да, нақ бір, бұрыннан дайындал келгендей-ақ төгілте жөнеледі:

Атаңыз Ажы қожа келген кенттен,
 Үш жүздің баласына қолы жеткен.
 Азырак дәреженіз көтерейін,
 Нәсілің келе жатыр Хожақметтен.

Қыз алған бізден бұрын Шампи төре,
 Азыхан күйеу болып ол-дағы өткен.
 Бірі бай, бірі— көпес граждандар,
 Не керек байдың малы арам тектен.

Олардай бай граждан болмасақ та,
 Келеміз артта қалмай қалың көптен.
 Бізді де қара қазақ осал демес,
 Сіздердей асыл текке қолы жеткен!

Сарандың әйелдің еріне

Куарыңқы тартыпты сақал-мұртың,
 Женгейдің ұнатпадым ниет-құлқын.
 Тұрмысың тұрпатыңың бәрі жақсы,
 Кім еді, түсіндірші, қайын жұрттың?
 Бұл женгейді жақсылап бағу керек,
 Шырағын жұрттан асыра жағу керек.
 Мейманға сарандығын қоймас болса,
 Азуын алты қарыс қағу керек.

Ақанның Жұсіпке айтқаны

Тыңдасан Ақан сері әнге салар,
 Байқасаң берімізден дүние қалар.
 Тірлікте шамаң келсе, ойна да күл,
 Дүниеден өлмей тірі қай жан қалар?
 Білесің өситетін ата-бабаң,
 Қарандар кем-кетікке келсе шамаң.
 Тірлікте мен болдым деп өте кетпе,
 Бәрінен адамзатқа осы жаман.
 Төрелер шиырады есіп мұртың,
 Алмайды еш теңдікке елі-жұрттың.
 Әдейі тойға келіп қарамайсың,
 Томпиған неге керек сенің сыртың?

Ақан серінің өлеңмен қыз шешесін айналдырғаны

Шөбектің Мәмбетәлісі Ақанды шақырып алғып: «Еркенің үйіне ертең аң қағып барып қонамыз, Загұн қызға женгесі қастау, шешесі тоқал жастау, соған барып қонғанда, өлеңмен айналдыра беретін өлеңді ойлан?» деп, аң қағып барып, ымыртта жер қар, бұрқасын.

Ақанның өлеңі:

Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа,
Мінген ат қыраулатып танауласа.
Адамы, өзі қызыл арлан тұлкі,
Күлпүртып ақ сабаумен сабауласа.

Болғанда биен бедеу, атың қату,
Жігітке лайық па қарап жату.
Жүрген жер ойын-сауық, сән-салтанат,
Жан бойда тұрган кезде дуылдату.

Қара көк, салыңқы төс, қамыс құлақ,
Қимастай бір құрбыңнан алсаң сұрап.
Нағыз дос, жанқиярдан майын мініп,
Кежімдеп, керуатта жатсаң сұлап.

Бұркітің сонда тұрса саңқ-сұңқ етіп,
Күтілген саятшымен бабы жетіп.
Қанды көз, қайқы тұмсық қарауытып,
Көзіне көрінгенге шап-шап етіп.

Қарғылы арлан тазың сылдыр қағып,
Керіліп, бір сілкінсе дүр-дүр қағып.
Таңертең аңға шығар мезгілінді,
Еркелеп келсе жетіп, бұраң қағып.

Сол кезде ізделеп келсе аң құмарың,
Осындай бір іс болып ынтызырың.
Бүгілтіп жылқыдағы қату атты,
Азанмен алыш келсе малшыларың.

Құсты алыш, аңға шықса құсты біреу,
Еріңе күміс балдақ етіп тіреу.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
Пау, шіркін, шалқытып өт, бұл – бір тілеу!

Тауынан қашса түлкі бұлдыр қағып,
Соңынан куса тазың сылдыр қағып.
Ойдағы қағушының айқайымен,
Шайқалып ұшса қыран бұлтты жарып.

Алғанда бірі бастан, бірі таңнан,
Құтылмас қашқан түлкі құс қыраннан.
Жігіттің бес күн жарым өмірінде,
Пау, шіркін, шалқытып өт, бұл жалғаннан!

Күн бұрқақ, түлкі қақсан тауды айналып,
Күн батып, қарауытып, көз байланып.
Түлкіні қанжығаға байлап алыш,
Қонуға қызды ауылға ынғайланып.

Сол мезгіл соқса көнілің қайтуға елге,
Мінген ат қыраулатып, батса терге.
Өлеңшің, домбырашың қасында боп,
Кез болсан қоналқыға бұраң белге.

Самаурын, ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Құлпырған бір мамыр гүлі көзі жайнап.
Сол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,
Отырсан әзілдесіп, қуліп-ойнап.

Шешесі желөкпелеу жастау келсе,
Ол қыздың бір женгесі қастау келсе.
Бір жігіт жарықпенен тұлкі сойып,
Өлеңмен әзіл сөзін бастай берсе.

Ол жігіт бастай берсе әзіл сөзін,
Төрт қылып мырза отырса екі көзін.
Тиуге қыстырып жол таба алмай,
Ұнатып қыз да отырса істің тезін.

Зағипаның Ақанға жазған хаты

Жастықта ойнап-кулген, қарағым-ай,
Артық еді досындан талабың-ай.
Көнілім әлі сенен бөтен емес,
Қайтейін Хақ бүйрығы, барамын-ай.
Қош енді – кезі келіп көре алмасақ,
Жеткізсін ой-тілегің мұратыңа-ай.
Қызықты бақыт шамы өшпей тұрып,

Өтініш бір басыңдан сұрадым-ай.
 Бірге өскен кішкентайдан, асыл құрбым,
 Арада жүріп тұрдың сыр алдырмай.
 Балбырап гүл бақшаның өскен гүлі,
 Жер нұры төгілуге қозғалдым-ай.
 Қайыр қош, енді маған разы бол,
 Жүре гөр енді артыма сөз қалдырмай.

Ағаеке, болдым жолдас мен жасымнан,
 Жаманат таба алмадым бір басыңдан.
 Шіркін-ай, қандай қызық сол бір құндер,
 Дүние теріс айналды болмашыдан.
 Жол асып, кеттім енді ерік болмай,
 Айырылған мен ақбөкен ордасынан.
 Бар болса көнілінде бұйымтайың,
 Назар бер ишаратпен бір басымнан.
 Дариға-ай, көнілде арман қалмас еді,
 Жай алып мекен етсем өз қасыңнан.
 Ақылын сабырменен жендірмесем,
 Адам жоқ солай-ау деп жан ашыған.

Қош айттым сыртыңыздан жүзің көрмей,
 Дүние өткениң бе соққан желдей?..
 Басыңдан бағым ауып тайғаннан соң,
 Қалды ғой жақсы, жаман болып бірдей.
 Қызығы өткеннен соң аз заманның.

Тоң тартты шіркін көніл қара жердей.
 Таппады көніл арман шырын бұзып,
 Мын күнің болмаған соң бір күнгідей.

Айналып заман оңға уақыт келсе,
 Жарқырап бұлт астынан шыққан күндей.
 Арманым, уа, дариға, қалмас еді,
 Күн батып, таң атқанын қалсам білмей.

Сәлем айт, сүйген жардың қолын ал да,
 Айналды, дүние шіркін бір жалғанға.
 Ойда жоқ бүйтіп сенен кетем деген,
 Қайтейін өтер іске амал бар ма?
 Мың күнің бір күнгідей болмайды екен,
 Етпесе тағдыр нәсіп ғашық жарға.
 Зарығып құштарлықпен ұмтылсақ та,
 Жазбапты тағдыр шіркін қосыларға.
 Гашық боп Ләйлі менен Мәжнүн өткен,
 Таппаған мақсұт-мұрат осылар да.
 Дүниеден неше ғашық кетті арманда,
 Тапсырдым мен басымды осыларға.

Ақанның Загипаға қайырған жауабы

Сені ойлап, жібек едім, болдым жұндей,
 Бұлт басты көнілімді шыққан күндей.
 Қайғыдан көніл шіркін шат болмайды,
 Жарымен көнілі сүйген ойнап-күлмей.
 Ізденіп екі жақсы қосылады,
 Жарасып ай мен күндей, тұрар бірдей.
 Біреуге ақыл айтар дана емес пе ең,
 Кеттің бе мені қиып соққан желдей?!
 Ақылың артық еді бала жастан,

Ешкімге тең көрмеуші ем бұл алаштан.
 Өзіңе өзің сеніп қапаландың,
 Қайтем деп жерін бар ма ақылдасқан?
 Қаралас шаруа ойы барлығындың,
 Бұл күнде еш адам жоқ топтан асқан.
 Қайтейін бұған-дағы шүкір еттім,
 Тағдыр да осылай шығар әуел бастан.
 Откен күн арман екен жалғандағы,
 Көрінген бір мұнара таңындағы.
 Откен күн ойлағанмен қайтып келмес,
 Эр іске уақытында қамдан-дағы.
 Көнілден қайғы табар замандас жоқ,
 Өзіндей мен де болдым шармандағы.
 Жақсы жоқ ебін тауып сөндіретін,
 Махабbat ғашық отын жанғандағы.
 Ақ қағаз, ұста қолым қаламынды,
 Ойлаған кім тоқтатар талабынды.
 Загипа, саған арнап хат жазайын,
 Көп айтып арман тілек сәлемімді.
 Қатынасып сәлемнама екі араға,
 Астыртын біліп тұрам хабарынды.
 Дұшпан көп сырттан тындал қарап түрған.
 Қай жерден табамын деп амалынды.
 Лайық екінші хат сізден болсын,
 Күтемін сағынышпен хабарынды.



Сәлім Жауарға көніл айтуы (3)

Уақ Сәлім Жауардың жалғыз баласы дүниеден қайтып, бас көтермей жатқанда, Ақанның келіп отырып, айтқан көнілі:

Дейсіз бе, бұл дүниеде өлмеген бар,
Құданың қудіретіне көнбекен бар?
Аталы жақсылардың бәрі сонда,
Ата-ана, ағайынды көрмеген бар.

Қазақта Шорманұлы аты Мұса,
Бақ-дәүлет, сондай-ақ қып дүние жиса?
Омск қаласында опат бопты,
Жігіттер ғажап емес Тәңірім қылса!

Шыңғыстың сүйер ұлы Шоқан еді,
Империя патша жұртын түгел көрді.
Өнері жұрттан асқан жігіт еді,
Құдайым сапар жолда қаза берді.

Қанжығалы Мендеке Шаңқы болған,
Орта жүздің елінде даңқы болған.
Қызылжар қаласында Төкіш қайтып,
Бұ-дағы жақсылардың арты болған.

Менің айтқан сөзімнің жалғаны жоқ,
Пәниден өлмей тірі қалғаны жоқ.
Басына жастық, аузына сусын берген,
Артында қалған жанның арманы жоқ.

Тұлпар бар ма тұяғы майырылмаған,
 Сұңқар бар ма қанаты қайырылмаған?
 Тағдыр, ажал, мерзімі жеткен күнде,
 Кімдерден кімдер жылай айырылмаған?
 Өлімнен үлкен жау бар ма?

Бауыры бүтін сау бар ма?
 Пұлсыз берді, құнсыз алды,
 Бұған айттар дау бар ма?
 Көтер басынды! –

депті. Сонда Сәлім Жауар басын көтеріп, тынышталған еken дейді.

Ақан сері мен молдалар

Тіршілік дүниеде өнерімен танылған белгілі Ақан сері бір жиында қожа-молдалармен дастархандас, мәжілістес болып қалады. Шалқыған көңіл мен қалықтаған әнді, өмір туралы сөзді жақтырмаған молдалардың бірі «Дүние сөзін қойындар, ақырет сөзін айтындар» деп, аларған көзін Ақанға қадапты. Сонда ардагер ақын:

Қожалар құр кеудесін көтереді,
 Маңғазсып маңғаздана жөтеледі.
 О дүние бұз дүниеден артық болса,

Алдымен қожа-молда кетер еді.
 Өте алмай, қыл көпірден қалталақтап,
 Бәрі де отқа жанып кетер еді, –
 деп миығынан кулген еken.

Қайтар алдында айтқаны

Отырмын жалғыз жүре алмай,
 Тірлікке көніл бұра алмай.
 Ақыретті ойлаймын,
 Кісіге қарап күле алмай.
 Хаққа көніл бергенмін,
 Жақсыларға ергенмін.
 Талай ғалым бас қосса,
 Жақсылап жауап бергенмін.
 Тірлікте бақыт беріп ең,
 Жақсыларға еріп ең,
 Үш жүзге мәлім бас болған,
 Құлагерді мініп ем.
 Бұл күнде тағдыр сол болды,
 Мінекей, солай болып ем.
 Бұл күнде мені кім білді,
 Жақсы-жаман көріп ең.
 Жүйрік жорға мінген бас,
 Агады көзден енді жас.
 Тағдырға солай көніп ем,
 Бұл күнде тағдыр бұл болды,
 Мінекей, солай болып ем.
 Менен ғибрат алдындар,
 Ағайын-туған, келіндер,
 Жалғыздық түсті басыма,
 Жолдасым жоқ қасымда.
 Дүние бақыт ермейді
 Қалайша болдың демейді?!
 Алладан тағдыр келгенде,

Тұысқаның, туғаның,
Бәрі де соныңнан ермейді...

Ақан ауырып, хал үстінде жатқанда айтқаны

Ақан ауырып, өлім халінде жатқанда, көңілін сұрауга
Науан хазірет келіпті. Науан: «Ақан, қалайсың? Сырқатыңды білейін деп келдім», – дейді. Осы аурудан
кейін көп кешікпей Ақан өліпті. Сонда хал үстінде
жатып, Ақанның айтқаны:

Құдая, исламның дінінде қыл,
Идия тұғрылықтың жолынан қыл.
Ажалым, дәмім бітіп жетер кезді,
Мұхамбет ұлы жұма күнінен қыл.

Тіріліп, қабырдан бас көтергенде,
Бір Алла жауабымды көңілден қыл.
Жақындал періштелер келген шакта,
Саяалын мүшкілдетпей, женілден қыл.

Мақшарда жақсы, жаман айырылғанда,
Үмметі Мұхамбеттің елінде қыл.
Сусардай саясы жоқ заман болса,
Сусынды каусар шарап көлінен қыл.

Хор қызы нұрдан болған бақша, сарай,
Тұрағым сегіз жұмақ бірінен қыл.
Мінгенде құрган таққа ізгу жандар,
Мұбәрак, ізгүлердің бірінен қыл.

Тілеймін даргаһынан қолым жайып,
 Сұрауым бір өзіңнен болмайды айып.
 Рахымат қазынаңнан шашсаң гауһар,
 Farыптар барлығы да қалар байып.
 Кез болып ғазазілдің асуасына
 Кетпейік теріс жаққа аяқ тайып.
 Тазарриға қабыл ет айтқан сөзім,
 Тасаһил ши даргаһында болған кезім.
 Пәнденді әрбір жерге көшіресің,
 Пенденді не қылсаң да ерікті өзің.

Осыны айтып, Хазірет аттанған соң, Ақан көп кешікпей дүниеден озды. Бұл сөз Ақанның ең ақырғы сөзі, бұдан соң өлең айтқан жоқ дейді ел іші.

Біржан сал

Бұл өлеңді С. Сейфуллин өзі құрастырған жинақта «Біржан мен Ақан сері туралы табылған бір өлең» деген тақырыппен берген

Қазақта даңқы шыққан Біржан ақын,
 Келтірген сұлу өлең сөздің нарқын.
 Сан топта, сан жүйрікпен жарысқанда,
 Келмеген қапталына ешкім жақын.

Өлеңмен эн шырқаса дерсің бұлбұл,
 Жандыға шалдырмаған бейне дүлдүл.
 Жарыста ұлы дүбір мұдірмеген,
 Құлашын үдей сілтеп жайнап гүл-гүл.

Эн салса арыстандай ақыратын,
Ауаны қалтыратып жапыратын.
Саңқылдаң даусы жетіп алты белге,
Көркем ән маңайда елді шакыратын.


Көтеріп көкіректі ырғағанда,
Дауысын шарықтатып шырқағанда.
Асқақ ән алты белден естілетін,
Құлаштап домбыраны бұлғағанда.

Жарыста наркескенмен жауды үрғандай,
Отты тіл жас жапырақ, қауды үрғандай.
Қақтаған нәзік күміс дағараға,
Аспаннан гауһар бұршақ жаудырғандай.

Қазақта кім білмейді Біржан салды,
Ағызған қызыл тілден шекер-балды.
Сан ақын жарысқанда талай топта,
Үздік боп бәйгені ақын Біржан алды.
Қазаққа даңқы шыққан ақын Сара,
Бәйгеден келген талай жеке дара.
Біржан мен шаршы топта айтысқанда,
Ол дағы қыла алмаған ешбір шара.

Біржандай болмады ақын тау ұлында,
Сол кезде еш қазақтың ауылында.
Ақынның моласы тас жол аузында,
Тауының туып өскен бауырында.





МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	14
Мағжан Жұмабаев. Ақанның өмірі	18
Өлеңдер	38
Айтыстары мен бір айтқандары	179



УДК 902/904

ББК 63.4

Ж 86

АҚАН СЕРІ

1-ші кітап

ISBN 978-601-7059-94-1

УДК 902/904

ББК 63.4

Ж 86 **Жабал Ерғалиев «Ақан сері»: 1-ші кітап**

272 б. Алматы 2018 – қазақ тілінде.

Жалпы оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7059-94-1

УДК 902/904

ББК 63.4

Бас редакторы: В. Титенев

Шығарушы редакторы: Т. Барабанова

Компьютерік дизайнер және беттеуші: М. Зандыбай, Р. Новиков

Корректорлар: К. Жарылқапова, Р. Омарова

Пішімі: 60x90 1/16

Көлемі: 17 шартты баспа табақ

Таралымы: 1000 дана

ISBN 978-601-7059-94-1

© Жабал Ерғалиев, 2018